политическую и духовно-культурную деятельность общества. Ее реализация связана не только с конституционным оформлением политической воли, но и с затратой огромных творческих усилий всех народов, максимального проявления его созидательной активности, признания за другими прав и свобод, равных собственным, уважение верховенства закона.

Политическая консолидация народов в период политической модернизации вместе с демократией, правами и свободами человека составляет ядро в системе базовых ценностей нового общественного устройства, к которому стремится Казахстан. По своим параметрам оно относится к ценностям в полной мере гуманистическим, поскольку ориентирует людей, независимо от их этнической принадлежности, на совместное существование, достижение общей цели не за счет друг друга, а совместными усилиями, на основе взаимопонимания и конструктивного сотрудничества.

Политическая консолидация народов выражает определенную систему ценностных отношений, объектом которых являются внешние по отношению к этническому субъекту явления – совокупность элементов экономического и политического содержания. Очевидно, что система отношений этнических субъектов, сохраняющая и развивающая целостность и единство общества, выступает тем критерием ценностных отношений, которые отвечают интересам этого социального целого. В этом заключается категориальная сущность и ценностное содержание политической консолидации народов.

Политическая консолидация народов раскрывает себя через человеческие отношения в различных сферах общественной жизни. Экономическое содержание политической консолидации народов выражается: во-первых, в общей заботе граждан различных национальностей в приумножении общественного богатства; во-вторых, в развитии материально-технической и производственной базы государства; в-третьих в установлении таких отношений, которые исключали бы дискриминацию, деление людей по этническому признаку в сфере управления производством.

Политическое содержание политической консолидации народов является той основой, которая обеспечивает функционирование и развитие демократического общества, равенство всех перед законом, проявляет себя через социально-экономическую и политическую стабильность, гражданский мир, взаимопонимание и сотрудничество различных национальных образований.

В политической консолидации народов Казахстана закрепляются общечеловеческие, интернациональные черты, соответствующие природе демократического строя. Политическая консолидация народов, обогащаясь общечеловеческими ценностями, гуманизируется. Быстрый рост политической консолидации – закономерный процесс. Это особенно характерно для народов ранее отсталых окраин, которые стремятся цивилизованному обществу и прогрессу.

В период политической модернизации многонационального казахстанского общества выявляются, прежде всего, причины роста политической консолидации народов Казахстана. Это можно объяснить следующими факторами: в условиях обновления и политической модернизации общества в ценностном измерении имеет место мощная тенденция к возрождению и социальному прогрессу, объединению народов многонациональной республики. Формируется качественно новая основа для обновления и развития политической жизни народов. Повышение социально-политической активности казахстанцев, политизация национального самосознания в современных условиях, обновление многих знаний и представлений людей об историческом прошлом, настоящем и будущем своего народа и других народов, осознание и признание роли и знания политических интересов заставляет искать пути и способы их реализации, возможности сохранения и развития своей национальной самобытности и общенациональных, общечеловеческих черт.

Процессы внутренней интеграции, усиление внутринационального единства, характерные как для титульной, так и для национальных групп нашей страны, также способствуют их политической консолидации. По мере формирования общекзахстанского сознания в период политической модернизации будет продолжаться и рост политической консолидации всех национальностей республики.

Кроме того, противоречия и негативные явления, столкновение национальных интересов отдельных экстремистов не могут не подогревать интерес людей к своей национальности, к проблемам, связанным с межнациональными отношениями. Здесь возникает вопрос, какие социальные последствия будет иметь непрерывный рост политической консолидации народов? Может ли она привести к космополитизму и манкуртизму, проявлениям отчуждения и напряженности между народами? Или же развитие политической консолидации народов можно направить в русло укрепления дружбы народов, его единства?

Учитывая социально-психологические явления, логично допустить, что рост политической консолидации народов наряду с позитивными моментами может иметь и негативные. Например, дефицит самокритичности и научности зачастую приводит к преувеличению национальных или «интернациональных» моментов, или к русификации, космополитизации в ущерб национальным, общечеловеческим духовным ценностям, к переоценке собственных возможностей, к гипертрофированному самомнению. Так, безудержное восхваление своих собственных достижений было характерно для советских времен.

Деформация политической консолидации народов возможна при нарушении научных принципов национальной политики, при упущениях в интернациональном и патриотическом воспитании. Это происходило потому, что не уделялось внимания правильному развитию, диалектическому сочетанию национального и общенационального, национального и общечеловеческого в политической консолидации народов.

Каждый народ Казахстана, независимо от того, многочислен он или малочислен, имеет присущие ему общеказахстанские и общечеловеческие ценности, свою историческую память. Следовательно, каждый человек гордится историей, духовными ценностями и традициями своего народа. Поэтому следует признать, что стремление быстрее «интернационализировать» политическую консолидацию казахстанцев было ошибочным, по сути, это была попытка забегать вперед, опередить время и естественные процессы в национальных отношениях, причем «интернационализация» политической консолидации понималась как унификация, игнорирование национальных различий, подход ко всему с одномерных позиций.

В свою очередь, политическая модернизация в ее ценностном измерении подтверждает, что политическая консолидация и национальные чувства народов их национальное самосознание весьма уязвимы, легкоранимы.

В политическом плане национальное самосознание может играть двоякую роль. Во-первых, это может быть прогрессивный процесс. Такое положительное развитие возможно лишь при условии того, что национальное самосознание не пойдет по пути собственной абсолютизации и не станет особого рода «сверхценностью», не закроет для представителей этой и других общности иных возможностей и перспектив развития сознания, не ограничит его только осознанием своей национально-этнической идентичности. В противном случае, развитие национального самосознания может обернуться своей противоположностью – сведением ценностно-смысловых структур сознания к низшим уровням, отрицанием ценностей, принадлежащих общностям более высокого порядка – например, общечеловеческих, сведением сознания до узких рамок клановых, феодально-племенных, религиозно-националистических, шовинистических или расистских идейно-политических взглядов.

На нынешнем этапе, когда политическая консолидация народов стала предметом обсуждения СМИ, на форумах, в личных разговорах, особенно необходимы уравновешенность и спокойствие. При анализе этого вопроса необходимо избегать односторонности, всплесков политических страстей, подогревания эмоций. Нужно всемерно оберегать дружбу народов. Только на этой основе возможно конструктивно, в интересах всех народов Казахстана регулировать и улучшать политическую консолидацию, поднять на новую, более высокую ступень сотрудничество разных народов.

Сегодня главная задача всех народов Республики Казахстан – построение многонационально-цивилизованного государства. Но для его утверждения одного провозглашения недостаточно. Сколько бы мы ни говорили о развитии в нашей республике демократического цивилизованного государства, оно не возникает само по себе. Путь к нему полон сложностей, главной из которых является нежелание властвующих структур понять истину, что обществом должен править народ.

Сегодня, в процессе политической модернизации казахстанского общества в ее ценностном измерении, главной задачей всех народов Республики Казахстан – построение многонационально-цивилизованного государства. Но для его утверждения одного провозглашения недостаточно. Сколько бы мы ни говорили о развитии в нашей республике демократического цивилизованного государства, оно не возникает само по себе. Путь к нему полон сложностей, главной из которых является нежелание властвующих структур понять истину, что обществом должен править народ.

Сегодня задача государства должна состоять не в отстаивании прав одной нации или «единой казахстанской», а в сохранении и творческом развитии национальностей на благо сотрудничества и благополучия всего государства. Трудности определения сущности и содержания понятия политической консолидации народов Казахстана объясняются тем, что сегодня он живет одновременно в современном мире и в мире доиндустриальных менталитетов, в разных временных

измерениях, когда традиционные семейные и этнические связи сосуществуют с современным миром договорных отношений и индивидуализма.

Сегодня многие граждане республики переживают процесс идентификации Казахстана и как Родины, как Отечества. Идет процесс осознания общности казахстанцев как единого народа – этнополитической общности. Но вышеуказанные противоречия в 1992-1994 гг. служили психологическим препятствием данному процессу, мешали становлению и развитию казахстанского патриотизма. Поэтому, в целях сохранения политической консолидации народов и межнациональной стабильности, Конституция РК 1995 г. исходит только из логики и принципа «Мы народ Казахстана...». Тем самым Конституция РК подчеркивает политическую консолидацию народов как то общее, что объединяет людей различной национальной принадлежности.

Следует сказать, что на деле формирование и политическая консолидация многонационального казахстанского народа (народа Казахстан), как верно отмечает Р.Б.Абсаттаров, «не означает нивелирования наций, игнорирования национальных особенностей, языков, культур, не упраздняют существующие нации и не возводят какую-то наднациональную настройку, а напротив – создают образец этнического объединения при сохранении самобытности, языка и культуры народов. Более того, казахстанский народ как этнополитическая общность органично и эффективно развивает материальные и духовные силы каждого народа республики. В то же время казахстанский народ вбирает в себя то общечеловеческое, устойчивое, главное, что имеется в национальной жизни каждого из народов Казахстана» [5].

Следовательно, народный суверенитет неотчуждаем и неделим, он всегда связан с государством и волей людей, консолидирующих в него. Укрепление политической консолидации народов, под которым в данном случае понимается не формирование единой нации в пределах государственно-политических границ, а воспитание чувства принадлежности к единому государству – процесс длительный. А для того, чтобы его ускорить, необходимо вести решительную борьбу со всякими проявлениями национальной узости и ограниченности, против националистических и шовинистических тенденций. Достижение политической стабильности народов в обществе возможно, если оно не будет делить граждан по объему прав и обязанностей.

Политическая консолидация народов Казахстана должна основываться на следующих принципах: преемственность с учетом исторических и национальных традиции, конституционализм, уважение прав и свобод всех национальностей, пути совершенствования диалога общества и власти.

1 Назарбаев Н.А. За мир и согласие в нашем доме // Казахстанская правда. 25 марта.1995.

2 Аргументы и факты. - №40. – 2004. – С.7.

3 Назарбаев Н.А. Казахстан -2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента страны народу Казахстан. – Алматы: «Білім», 1998. – С.240.(115).

4 Абсаттаров Р.Б. Национальные процессы: особенности и проблемы. – Алматы: «Ғылым», 1995. – С.248.

5 Абсаттаров Р.Б. О политической консолидации народов Казахстана // Простор. – №6. – 2003. - С.103.

## ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СОЦИОЛОГИИ

УДК 316-053 (574)

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ: ҚОҒАМДЫҚ САНА МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК, САЯСИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҮЙЛЕСІМДЕ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ

*Т.Ж.Қалдыбаева – әлеуметтану ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры.*

Профессор Т.Қалдыбаеваның мақаласында Ахмет Байтұрсынұвтың әлеуметтік-саяси ілімдерінің әлі де әлеуметтік ғылымда жеткілікті қарастырылмаған қырлары ашылып жазылған .

**Түйін сөздер:** қоғам, сана, мәдениет, әлеуметтік үйлесім, қоғамдық қайраткер, ағартушылық, болмыс, тіл, түркітану.

В статье профессора Т.Калдыбаевой рассматриваются аспекты социально-политических учений Ахмета Байтұрсынұва, которые еще социальной науке недостаточно изучены.

**Ключевые слова:** общество, сознание, культура, общественный деятель, просвещение, язык, тюркология

In article of professor T.Kaldybayeva aspects of socio-political doctrines of Ahmet Baytursynov which else to a social science are insufficiently studied are considered.

**Keywords:** society, consciousness, culture, social activist, education, language, turkology.

Қазақ халқының түпкілікті қоғамдық мүддесін өзінің өміртіршілігінің басты мәні еткен күрескер және жасампаз ұлының бірі Байтұрсынұв Ахмет 1872 жылы қаңтар айында Торғайдың Ақкөл жағасындағы (қазір Қостанай облысы Жангелдин ауданы) Сарытүбек жерінде туған. Оның қоғамдық көзқарасының ертебастан калыптасып өрістеуіне оның әкесінің сол кездегі Ресейлік патша үкіметінің отарындағы қазақ халқына жасаған жан-жақты қыспақтарына төзімсіздігі мен бірбеткей күрескерлік көңіл-күйінің ықпалы болды деуге негіз бар. Дәл осындай зорлық – зомбылыққа төздірмеген әлеуметтік-саяси көңіл күй Байтұрсын мен оның інісінің уезд бастығы Яковлевті соққыға жығуына себеп болды. 1885 жылы 12 қазан айында болған бұл уақиғадан соң, сөзсіз, Ахмет өмір сүрген отбасы кұғын-сүргін жағдайына ұшырады, дүние-мүлікті тартып алынды, әкесі мен немере ағасы түрмеге жабылды, 15 жылға Сібірге жер аударылды. Есейіп қалған әрі табиғи ортасынан есті, байқағыш бала Ахметтің саяси сипаттағы күрес алаңына бағыт алуы, осы уақиғалардан басталды деуге болар. Кейін келе оның түрмеде отырып анасына жазған хатында он үш жасында жүрегіне тиген «оқтың» салдарын ұмыта алмайтыны туралы айтқаны дәл осы жасындағы санасына, жан-жүрегіне қатты әсер еткен саяси сипаттағы жайлар туралы екені күмән тудырмайды.

Он жасқа толған Ахметті әкесі айдалып кеткен соң жақын туысы Ерғазы өз қамқорлығына алды. Өзінің ізденімпаздылығымен айналадағы сауатты бар ересектерден хат тануды үйреніп алған баланы Ерғазы 1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныптық орысша-қазақша училищеге оқуға берді. Оны бітірген соң Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып білім алды. Мұғалімдік оқуын аяқтаған болашақ саясаткер және ағартушы өз ізденісімен білімін арттыру жұмысын жалғастырды. Мұғалімдік қызметін бастады. 1895 жылдың 1 маусымынан бастап Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы өңірлерінде бала оқытты. Сөйтіп, жасынан санасына енген әлеуметтік әділеттік үшін күрескерлік бағдары оның ұстаздық қызметі кезінде көңіліне түйген өмірлік мәселелерге араласуымен ұштасты. Қазақ баласының оқып білім алуы және өзінің ана тілінде білім алуы қажеттілігі қоғамдық –саяси тұрғыдағы ерекше өзекті мәселе болып алдынан шықты. Неғұрлым халық арасындағы білімдік, мәдени, саяси, экономикалық жағдайларды терең танып білген сайын оның ресми билікке деген реніші арта түсті. Патша үкіметінің ұлт саясатына қарсы күрескерлік іс-әрекеті мен күш-қуаты ерекшеленіп көзге түсті. Сол себепті ол 1909 жылы Семей қаласындағы абақтыға (түрмеге) жабылды. 2010 жылдың басында түрмеден босатылғанымен оны қазақ даласынан аулақтатылуы мақсатында Орынбор қаласына аударылады. Қазақ даласына келуге арнайы жолы жабылып, тыйым салынды. Сол себепті 1917 жылға дейін оның қазақ әлеуметі арасында болу мүмкіндігі болмады.

Орынбор (Оренбург) қаласындағы тіршілігі барысында Ахмет саяси-қоғамдық қайраткер ретінде қалыптасып, өзінің саяси идеясын, ойын, мақсатын іске асырудың жолдарын іздей түсті. Оның айғағының бірі 1913-1917 жылдардағы «Қазақ» газетінің ұйымдастырылуы және оның редакторы қызметін Ахмет Байтұрсыновтың атқарғандығы. Қазақ тілін, оның ғылымын дамыту, оқу-ағарту жұмыстарымен қатар ол қазақтың ұлттық мүддесі біріктірген Алаш қозғалысы көшбасшыларының қатарынан табылды. Саяси партия деңгейіне көтерілген бұл қоғамдық-саяси ұйымның бой көтеруі Ресей елінде болып жатқан революциялық сипаттағы қозғалыстардың өзіндік аймақтық көрінісі және жалғасуы десек те болар. Оның ерекшелігі сонда, Алаш қайраткерлері қазақ даласының мүддесін дербес мүдде, мемлекеттілік сипатындағы мүдде ретінде қойылып көтергенінде. Егер Ресейлік держава көлемінде революцияшыл күштердің мақсат еткені патшалық үкіметті, одан соң үстем тап билігі ретінде буржуазиялық үкіметті құлату, оның орнына еңбекші бұқараның үкіметтік билігін орнату болса, Алаш партиясының мақсат еткені – тәуелсіз Қазақстанды, тіпті болмағанда Қазақ автономиясын орнату, саяси автономиялық жағдайға қол жеткізу болатын. 1917 жылдың желтоқсанында Орынборда Алаш партиясының Торғай облыстық комитеті ашылды. Ахмет партия жетекшісі Ә.Бөкейхановтың орынбасары болып сайланды әрі партияның Оқу-ағарту комиссиясының жетекшілігі қызметін атқарды. Партияның саяси мақсаты мен оны іске асыру жолында халық арасындағы ұйымдастырушылық қызметі елдегі өте күрделі тарихи-әлеуметтік кезеңде өтіп жатқаны белгілі. Осындай жағдайда сеніп тапсырылған қызмет жауаптылығына қарай отырып та Ахметтің аталған қоғамдық-саяси қозғалыста алған орны мен атқарған қызметі туралы ой-пікір түюге болады.

Байтұрсынов еңбекші халықтың үкіметтік билігі ретінде өмірге келген Кеңес үкіметіне үмітпен қарады, онымен өзінің қазақтарға білім беру, ағарту саласын дамыту мақсатының іске асыру мүмкіндігін үйлестірді. Оның осындай ой-пікірімен саяси әріптестері келісе де бермеді. Соған қарамастан Ахмет 1920-1925 жылдары жаңа үкімет тарапынан құрылған Қазақстан Халық Ағарту Комиссариаты қызметін және оның жаныдғы Ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы қызметін атқарды. «Еңбек туы» газетінің алқа мүшесі болды. "Қазақстан" мемлекеттік баспасының сарапшылар алқасына енді. 1921-1922 жылдары Қазақ халыққа білім беру институтында ұстаздық етіп, 1922-1925 жылдары Халық ағарту комиссариатының Ғылым комиссиясын басқарды. 1926-1929 жылдары Ташкенттегі Қазақ педагогика институтында, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтында қызмет атқарады. Ол ғалым ретінде Қазақстан ғылымның бастамасын жасап негіздеді. Өз еңбектері арқылы оның дамуына зор үлес қосты.

Қандай қызметте болмасын, қандай қиындықты басынан өткізбесін, А.Байтұрсынов әдеби қызметінен ешуақытта ажырамады. Керісінше оның саяси көзқарасы мен ұстанымдары тіл, әдебиет, білімді дамыту саласындағы ізденісті іс-әрекетіне терең әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-мәдени мән бере түсті. Ол «Қазақ» газетінде 1913 жылдың өзінде-ақ «Біз әуелі елде бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі... Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқу ісімен түзеледі», - деп жазды [1]. «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» деген тұжырым жасай отырып, осы бағытта көптеген қоғамдық мәнді істер атқарды. Соның бірі «Оқу құралы» кітабының жазылып, қазақ тілінде бастауыш мектепте оқытудың жан-жақты қамтылған мазмұнының жасалуы. Бұл бағытта ол Ыбрай Алтынсариннің ағартушылық дәстүрін жалғастырды, білім мазмұнын жасау ісі мен ғылымын дамытты.

Ахметтің өткір қаламынан туған және жарияланған еңбектері оның әлеуметтік-саяси ойын алып барушы шығармалар. Әсіресе «Қырық мысал» (1909), «Маса» (1911) еңбектері әлеуметтік-саяси ойға толы. Қазақ халқына ой салып, оятып, жаңа өмірге бағдарлау идеясы мен ойы осы аталған шығармаларда бейнеленді. Ғалым-ағартушы ретінде «Оқу құрал» (1912), «Тіл құрал» (1914), «Әліпби» (1924), «Әдебиет танытқыш» (1926), «Баяншы» (1926) еңбектері ерекшеленіп тұр. Ахметтің шығармашылығын зерттеуші ғалымдардың тұжырымдауынша, аталған еңбектер ұлттық филологияның негізін қалаған. Ғалымның шығармашылық қызметінің келесі елеулі саласы-түркітанушылық. Ол 1926 жылы Бакуде өткен II Түріктану съезіне қатынасып, ғылыми танымдық жұмыстың бұл саласы туралы ой-пікірлерін ортаға салды.

Жаңа кеңестік үкіметтің де ұлттардың дамуы мен мемлекеттілігі туралы шешімі мен атқарылып жатқан ісі Ахмет Байтұрсыновтың, оның саяси әріптестерінің көңілінен шыға қоймады және ол туралы ғалым-саясаткер ашық айтпай, жазбай тұра алмады. Сол себептермен ол 1929 жылы тұтқындалып, жер аударылды. Босап шыққанымен тағыда 30-жылдардағы «қызыл террор» қаһарына



шалдықты. 1937 жылы тағы да ұсталып, 1938 басқада ірі зиялы қауым өкілдері қатарында қазаға ұшырады, атылды. Өмірі нақақ үзілгенімен Ахмет Байтұрсынов ССРО құрамындағы Қазақстан Республикасының жарияланып заңдандырылуына өзінің зор үлесін қосты. Бірақ ол әлі Алаш азаматтары, саяси ойшылдары жоспарлаған тәуелсіз Қазақстан мемлекеті емес еді.

Біз енді Ахмет Байтұрсыновтың еңбектерінің өзегіне алынған әлеуметтік-саяси ойлар мен бағдарлауларға назар аударалық. Бұл тұрғыда ерекшеленіп тұрған еңбегі «Маса» атты шығармалар жинағы. Ызыңдаған «маса» әлі әлеуметтік-саяси, білімдік-мәдени терең ұйқыда жатқан қазақ қауымын оятуға себепкер болар, құлағының тұсында ызыңдап тұрып алса адамдар, мүмкін, оянар, жан-жағына көз тастап, ойланар, бағдарланар, өзінің жағдайын түзету, қазақ қауымы жағдайын өзгерту керектігі туралы ойға келер, әрекет ете бастар. Осындай терең мағналы оймен жазылған поэмалық әңгімелер. Әңгімелері арқылы берілген халықтық сабақтар, сананы ояту сабақтары және әлеуметтік тәрбие сабақтары. Автордың көтеріп отырғаны - қоғамдық сана мәселесі. **«Сана түзелмей, ел түзелмейді»** деген ойдан туындаған шығармалар. Шынында, дәл осы тұжырым, саяси және әлеуметтік ой қазіргі Тәуелсіз Қазақстан үшін де бәрінен де маңызды болып отырған мәселе.

Біз енді «Маса» (1911 жылы жазылған) атты еңбектің бетін ашып, ішіндегі, негізінен, мысалдар арқылы берілген авторлық ойлар мен тұжырымдарға көңіл қоялық.

Ызыңдап ұшқан мынау біздің маса....  
Үстінен ұйықтағанның айнала ұшып, қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша,  
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен, қоймастан құлағына ызыңдаса?!

#### «Қаздар»:

Бір ұзын алып қолға мықты шыбық, қаздарын қалаға айдап шықты мұжық,\*  
Қуалап байғұстарды келеді ұрып, асығып базар күнге жаны шығып.-деп,

(\*«Мұжық»: қазақ даласына Ресейлік патша үкіметі көшіріп орналастырған орыс қоныстанушыларын қазақтар осылай атаған).

қазша айдап, таяқтап, өз пайдасын көрушілер мен таптық, отарлық езіп-қанаушылар не істесе де соған көніп, не дауыс, не бас көтеруге мұршасы да келмей, сансы да жетпей, сол қаздардың көрген күнін көріп келе жатқан қазақ даласы қауымына автордың айтқан арнау сөзі мынау:

Таяқ жеп жай қаздарша жүргеніміз, наданға душар болып бір келіміз....  
Көздегі көмек болмас бабаларың, кем болса өздеріңнің бағаларың,  
Көніңдер ұрса, соқса, сойса дағы, болған соң қуырдақтай шамаларың»[2].

#### «Есек пен Үкі»:

Бір Есек ұзақ сапар шықты жолға, ...есепте қосылмайды ол есі молға,  
Және бұл Есектің өзі соқыр, басшысыз соқыр қалай жүрсін оңға.  
Үкі айтты: «Мінгіз, Есек, мені, мініп ап мен бастайын сені,-деді,  
Жолды айтып, жөнді сілтеп мен отырсам, көзіңнің еш нәрсе емес кемі.  
Есекті Үкі билеп алды қолға, салыпты нақ эзезіл\* түскен жолға,  
Болады ақылсыздың мысалы Есек, ғылымсыз надан адам соқырға есеп....  
Білгішсіп кей білімсіз жол айтып жүр, байқасақ не оңды жол ол айтып жүр?!  
Халыққа надан адам басшы болып, халықтың надандығын молайтып жүр.  
Жазған сөз жаным ашып Алашыма, Алаштың адасқаны аз баласына....  
Іші лас, сырты таза залымдардың, алданып құр сыртының тазасына.  
Мәз болып байғазы алған балаларша, сатылып жылтыраған танасына[3].  
(\* «Эзезіл» деп адамды алдап, дұрыс жолдан тайдырушылар айтылған)

Саясаткер, қоғам қайраткері ағартушы ақынның теңеуінде – білімсіз, ғылымсыз қазақ ортасы соқыр есекпен тең. Надан халық кімнің де болмасын алдауына түсіп, соған сеніп, өзінің мүддесін сезініп, түсінуге де шамасы жоқ. Оған тиесілісі – әлеуметтік, мәдени, экономикалық артта қалушылықтың шырмауында қала беру. Ей, қазақтың азбаған баласы, біреудің айтқанына еріп, соқыр есекке ұқсап, сырты ғана жылтыраған, бірақ ішкі дүниесі лас, жылы-жылы сөйлегенімен ойы арам, көздегені басқа, қолынан келері-халықты надандығын арттыра түсу, сені алдап сатып алуға даяр адамдардың айтқанына иланып, адасқаныңды қой, есіңді жый! Басқаны қойып өз жайын сезіне білмеген адамнан қандай есті азамат, ел, халық мүддесі үшін күрескер шықпақ?

#### «Қазақ салты»:

Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ, теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ,  
Жел соқса, құйын қуса жылжи беру, болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ.

Бұл күйге бүгін емес, көптен кірдік, алды-артын аңдамаған бетпен кірдік,  
«Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз, алалық алты бақан дертпен кірдік. –

дей келе Ахмет қазақ ортасындағы «Күдіретті құдай сақтар» деп барлық жағын «Жаратқанға» күзеттіріп, өзі еш нәрсе тындырмай, екі қолын қусырып отырған, жақынымен ырылдасып, бір-бірімен ерегесіп, құн сұрасып, саңлаусыз салтының ырқында тіршілік етуші алашына жаны ашиды, шындығын бетіне айтады, ашып түсіндіреді. Қазақ ортасының санасына әбден сіңіп, оның күнделікті тыныс-тіршілігінің негізін жасап отырған салт-сана мен дәстүрдің көптеген қырларының тек сананы тежеп, байлап-матап, алға қарай жылжуға, басқаша әрекет етуге жол бермей тұрған қалпын айыптайды. «Ұлы той көппен көрген, жалғыз мен бе?» - деп өзін өзі жұбатуымен келе жатқан, сөйте отырып өздерін өздері қанауға, езіп-жаншуға көндіріп беріп отырған әлеуметтік ортаны көрді, оның санасына ықпал еткісі келді. «Кіреді тентек есі түстен кейін, мүшкілін халіміздің жаңа білдік» -деп, дәл осы әлеуметтік-тарихи кезеңдегі халықтың қай жағынан болмасын мүшкіл болып отырған халін өзгерту үшін күресте халық арасынан шыққан көзі ашық адамдардың да қоғамдық белсенділігінің жеткіліксіздігін өкінішпен атап айтады[4].

**«Досыма хат»:**

Қырағы қия баспас сұңқарым-ай, қажымас қашық жолға тұлпарым-ай!,  
Үйілген өлексені өрге сүйреп, шығармақ қыр басына іңкәрің-ай!  
Жарқырап жақсылықтың таңы артпай тұр, түнерген төбемізден бұлт арылмай,  
Көк етті, көн терілі, көніп қалған, сықса да шыдай беру, жұрт жарылмай.  
Сасық ми, салқын жүрек санасыздар, алаңсыз ақ малтасын езіп жатыр.  
Жанасқан шын көңілмен жанастық аз, көбінің іші салқын, сырты жылы.  
Ақшаға абыройын, арын сатып, азған жұрт, адамшылық қалмай сыны.  
Жаны ашып, жақын үшін қайғырама, жаны мал, жақыны мал, малдың құлы[5].

Аты бізге белгісіз, алайда Ахметтің өзі үшін барынша қадірлі, халық мүддесі үшін қажымай еңбек етіп, күрес жолында жүрген досына хатында автор өзінің жан-дүниесін ауыртқан жайларды жайып салды. Олар не? Ұлттық және таптық қанауға қарсы бой көтерудің орнына оған көндігіп алған, шыдап келген, шыдап отырған қазақ әлеуметі... Әлеуметтік-саяси ойдың оның санасына кіретін де түрі жоқ, күнделікті күйбең тіршіліктен аса алмай, мал соңында күн көріс қамымен жүріп жатқан орта. Бүкіл өміртіршілігінің көзі тек мал болған соң бүкіл әлеуметтік, адами арабайланыстар да сол малмен ғана өлшенеді. Бұл қауымның жаны да, жақыны да мал! Бір-бірінен даулайтыны да мал. Басқа тіршілікті ойлап жатқан ешкім жоқ. Ал қалың қауымды аузына қаратып жүрген пысықтар болса, оларды сыртын қарап ішкі пиғылын танып білу қиын. Қауым үшін олардың ықпалы жүріп тұр. Осындай қара түнек қоғамдық өмір дала халқының иығын басып, еңсесін көтертер емес. Жақсылық таңы қазақ қауымы үшін атпай-ақ тұр. Осындай әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың, қазақ даласының оянбаған қоғамдық санасының жанына батқаны сондай, ол «үйілген өлексені өрге сүйреген іңкәрім-ай» деген теңеу сөздерді айтуға да мәжбүр болды. Сана оянбаған, қоғамдық сана қозғалысқа келмеген, өз мүддесін көріп біліп, түсінуге де жарамай отырған ортада тұлпар аттай шырығып, әлеуметін алға сүйреуге бар күш-жігерін салып жүрген ел азаматының жайын басқаша түсіндіру де қиын екен. Ахметтің айтып отырған «іңкәр-азаматы» Әлихан Бөкейханов болатын.

**«Жиған-терген»:**

Қарқылдар қарға, шикылдар арба. Бой сүйсінер сазы жоқ.  
Шешенсіп жұртқа, мылжындар қыртпа. Бой иісінер сөзі жоқ.  
Жолдар бар өзге, жоба бар сөзге. Жүрекке дөп, ойға жөн.  
Әр жолды ойлап, ойыма бойлап, ұқтым таяз, теренді.  
Сайраған тілмен, зарлаған үнмен, құлағы жоқ керенді,  
Ұқтыра алмай сөз әуре.  
Қараймын кейін: орысқа шейін хан бағыпты қазақты.  
Баға алмай жөндеп, басқаға көн деп, артқан жұртқа азапты.  
Бас адамдар халықты, сатып сыйлық алыпты.  
Келген соң бері, кейінгілері, болды құмар шекпенге,  
...Күнде айдап жеккенге.  
Бір күн тойса есектер, ми жоқ алдын есептер,  
Салынып дауға, сатылып жауға, болыстықты алысты.  
Қызық боп жұртқа, қорған боп сыртқа, кім ойлады намысты?!  
...Білді жалғыз алымды, кейбірі шен алмаққа, дінін шәншіп қармаққа,

Басында сәлде, аузында Алла, молдаларда не ғамал?  
Көздерін сүзіп, жүздерін бұзып, алдап жұртты, жимақ мал.  
Жұмақ молда қолында, сауда-саттық жолында.  
Бергенге –жұмақ, бермесе –тозақ, деп үйретер халыққа,  
Жұмақтың кілтін, Алланың мүлкін, арендаға алып па?  
...Балалық қалып, ес біліп анық, ер жеткелі жиырма жыл,  
Баяғы қалпы, баяғы салты, бұл неткен жұрт ұйқышыл?  
Бала ұйқтайды жастықпен, бай ұйқтайды мастықпен,  
Шалап ішкен кедей мас, мына жұрттың түрі оңбас!  
\*\*\*  
Қазағым елім, қайқайып белің, сынуға тұр таянып,  
Талауда малың, қамауда жаның, аш көзіңді, оянып,  
Қанған жоқ па әлі ұйқын, ұйқтайтын бар не сиқың?! [6].

Тағы да өзінің әлеуметінің (алашының) өмір-тіршілігінің ащы шындығы. Сана, тағыда ӘЛЕУМЕТТІК, САЯСИ САНА мәселесі! Сана оянбай Дала оянбас! «Неге мына әлеумет сөз ұқпайды, неге осылай?» деген сұрақ еріксіз кеңірдектеп тұрды және оған жауап іздетті Ахметтің әлеуметтік тұлғасына. Қазақ даласының өткені мен өзі қатынасып отырған қазіргісіне ой әлеуметтік-тарихи ой жүгіртті. Оның тұжырымдауына сана мәдениетінің осыншама тежелісінің негізінде ғасырлар бойы қалыптасып, орнығып алған керітартпа қоғамдық қатынастар жатыр: ұланғайыр территориялық кеңістікте көшіп-қонып тіршілік еткен, сыртқы жаумен арпалысып келген қазақ қауымдастықтарының өз ішіндегі талас-тартыстардың да аз болмағаны; билік үшін, жер мен мал үшін әлеумет ортасында тоқталмаған керес пен бәсекелестіктер; табиғаттың тосын мінездерінен де қорқақтай жүріп, билік етушілердің еркіне иланып дағдыланған қауымдардың өзіндік ой-өріске ұмтылысы шектеліп, жайбарақаттық көңіл-күй қалыптасып, дәстүрге айналып алуы; дәл осындай жағдайлардың қазақ даласын Патшалық Ресей мемлекетінің отарлығына енуіне алып келген басты алғышарт болғандығы. Бөтен мемлекеттің қойнауына ену дегеніміз қазақ әлеуметіне «осыған көнесің, көн!» дегендік емес пе еді; бодандыққа енгеннен кейін шен-шекпен, билік үшін өзара күрес өрши түспесе азаймады, осы мақсатта мал-мүлік қана жұмсалып қоймай, қауымдастықтар да осы жолға салынды. Би-болыстар ақ патшаға қызмет қылды, солардың жергілікті жерлердегі қорғанына айналды. Халық намысы аяққа басылды; ал молдалар болса, олар ел арасындағы басты идеологияны алыпбарушыларға айналдырылды. Оның көкейіндегісі - адамдарды алдап мал жинау, «құдай сөзі» мен «жұмақты» саудалады, сөйте отырып қауым назарын бұл дүниенің емес, басқа дүниенің қамына бағдарлады. Осындай ортадан көкірегі ояу, бойы сергек жас қайдан өсіп шықсын. Олардың да балалық пен жастықтың ұйқысынан оянар түрі жоқ. Байлар байлығымен мас, басқада оның жұмысы жоқ, ал шалап ішіп, шелектің түбін жалап жүрсе де кедейдің де санасының оянар түрі жоқ... **«Қазағым, елім, малың, жерің, елдігің талануда, ұйқтай берер не сиқың бар, аш көзіңді, оянып!».**

Халқының әлеуметтік-экономикалық, рухани, саяси бейшаралық күйін көріп, сөзін де ұқтыра алмай, санасына да жете алмай, жаны қиналып ширық атқан Ел азаматының жан айқайы, әлеуметтік-психологиялық қиналысы, шексіз жанашырлығы мен ұлтжандылығы. Ұлтжандылық пен әлеуметтік сана, сана мәдениеті мәселесіне ерекше мән берілуінің ғылыми-практикалық тәжірибесі деп осыны айт! Бұл әлеуметтік, саяси және мәдени мәнді ойлар мен тұжырымдар ағартушы, ғалым, саясаткер-ақынның «Маса» атты поэзиялық жинағына енген бір ғана өлеңінің мазмұны мен мағнасы.

Осындай көзқарас пен әлеуметтік үннің ресми билік түгілі айналасындағы үстем тап пен әлеуметтік эгоистік топтар өкілдеріне де ұнай қоймайтыны анық. Ол абақтыға жабылды. Айналасы қоршау, биік қорған ішінде оны не күтіп тұрғанын да кім білсін. Алайда ол қайраттана түсті, бала, жасөспірім кезінен жүрегіне тиіп санасына ой түсірген күрескерлік көңіл-күй енді оны тоқтатар емес, қорқыныштан өтірік айту, алған бетінен қайту, халқы үшін күрескерлік жолдан таю оның ісі емес. «Анама хат» деп аталған түрмеде отырғанда жазылған өлеңі осыны айтады, онда Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік мінезінің бір көрінісі бейнеленеді:

Бара алмай өтірікші болып әбден, Семейдің түрмесінде отыр балаң,  
Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ, өкімет, өр зорлыққа барма шараң!  
Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп, бітпеген жүрегімде бар бір жарам,  
Алданып тамағыма оны ұмытсам, болғандай жегенімнің бәрі харам.  
Адамнан туып, адам ісін етпей, ұялмай, не бетіммен көрге барам?!  
Отырмын абақтының бөлмесінде, бұйрықсыз көз жетеді өлмесіме,  
Есіктің құлпы мықты, күзетші көп, ажалдан басқа ешкім келмесіне.

Тайпалған талай жорға, талай тұлпар, тағдырдың кез болып тұр кермесіне,  
Солардан жаным, тәнім артық емес, орынсыз күйзелейін мен несіне![7],-

деп ол өзінің қайтпас жолда екенін айта келіп, қандай қиындық басына түспесін елі үшін ұстаған бағытының өзгермейтіндігін, әлеуметтік-саяси қайсарлығын білдіреді.

Тек, әттең, бостандығы үшін, жақсы өмірі мен теңдігі, жарқын тіршілігі үшін күресіп жүрген әлеуметі әлі қағанғы, Ахметтің жақсылыққа шақырған дауысы олардың құлағына жетіп, санасына енер түрі жоқ. Олардың жағдайына, мәдени тұрмыстық, арабайланыстық, қоғамдық кескін-келбетіне қарасаң, кейде адами бейне емес, ойында ештеңе жоқ, тек иесінің қамшылауымен ғана қозғалысқа келетін жануарға ұқсап кетеді.... Адамдық деген қайда? Бірақ осы жаймен бетпе-бет келген ағартушы әрі саясаткер мойыған жоқ, керісінше қауымының қоғамдық санасын оятып тәрбиелеуге деген құлшынысы артты.

#### «Адамдықтың диханшысы»:

Адамдық диханшысы қырға шықтым, көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым,  
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім, көңілін көтеруге құл халықтың.  
Қор болған босқа кетіп еңбек, бейнет, құлдарға құлдықтан жоқ артық зейнет.  
Оттай бер, жануарым екі аяқты, адамдық хайуанға қанша қажет?!  
Жаратқан малды құдай не керекке-мінуге, сою, соғу, жүндемекке,  
Жорта бер қамыт киіп, қамшыңды жеп, бұйрық жоқ ұрасың деп үндемекке[8].

Осылайша халық ағартушысы, әлеуметтік зор бейнелі азамат қазақ халқының ғасырлар бойғы екі жақты таптық езгіден есі кетіп, аяусыз теңсіздік пен тепкінің астында өзінің адам екенін де ойынан шығарып алғанын, қазақ даласында «қоғамдық сана» дегеннің өз мәнін жоғалтқанын, әлеуметтің қазіргі жағдайының оның тамырланып алған ауыр салдары екендігін айтады. Өзі сияқты көзі мен көкірегі ояу адамдардың әлеуметтік, мәдени қозғалысқа келтіруге деген талпынысының нәтиже бере қоймағанына ашынды, ренжіді, уайымдады. Ағартушылықтың, білім мен мәдени тәрбиенің мәнін бұрынғыдан да терең түйсіне түсті.

Байтұрсынұлының әлеуметтік-саяси-ағартушылық іс-әрекеті іштей үйлесіп жатты. Осы үш бағытты бірдей және іштей тығыз бірлікте алып жүру Ахметтің ойы мен ісінің өрістілігін, бұлардың ішкі бірлігінің әлдеқайда тиімділігін терең түсінгендігін, оның тұлғалық қасиеттерінің жан-жақтылығын дәлелдейді. Ғалым-түріктанушы, ақын, қазақ тілін дамытуға, оқыту ісіне зор үлес қосқан тілтанушы-лингвист, бірнеше қазақ тіліндегі оқулықтардың авторы, көрнекті қоғам қайраткерінің басты әлеуметтік-саяси құндылығы қазақ даласының дербес ел болып іргесін бекітіп, шаңырағын көтеруі болып қала берді. Алайда ол бұл әлеуметтік-тарихи істі ең алдымен қазақ қауымының өзінің санасымен, ой-өрісімен, қоғамдық қатынастарға бет бұрып, өздерінің қозғалысқа келуімен байланыстырды. Ондай түбірлі өзгерістердің білім және ғылым, насихаттық ағартушылық жұмыстармен де байланыстылығын жете түсінді. Қоршаған әлеуметтік ортасындағы кезінде Абай көріп, сезініп, «манау маған қалай ел болады, бұл ортада қалай тұра аламын!» дегізіп, оның жандүниесін қинаған жайлар Ахметтің де алдынан шығып тұрды. Іштей бірліксіз, бірі- өз пайдасын қуып, енді бірі айдап салғанның соңынан еріп, ізденудің орнына «құдай салды, біз көндік» деп өздеріне өздері басу айтып, ақ пен қараны айырып болмаған қауымдық орта. Қолдағанның орнына ит болып қабатындары қаншама. Көн болып қатып жатқан сананы қозғалыстағы әлеуметтік санаға келтіру ең ауыр міндет болып тұрды. Бұл жағдай оны қатты қиналдырды, өз әлеуметіне деген терең жанашырлығын тудырды, тіпті назаландырды. Өзінің жан қиналысын ол өлеңімен білдірді. Тағы бір сәт соған назар салайық:

#### «Көк есектерге» :

Не жазып ем, құдай-ау, мен қазаққа, душар етіп салғандай бұл азапқа,  
Адамшылық есебіне кірісіп, қолы жетсін дегендік пе азатқа?  
Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа, жол сілтедім жақын емес, алысқа.  
«Өзге жұрттар өрге қадам басқанда,-дедім,-сенде қатарыңнан қалыспа!»  
Бар ма қазақ, мұнан басқа қылғаным, неңді шаштым, неңді бұздым...  
Аштан өлген аталарың бар ма еді, тамақ үшін сатқан иттер иманын.  
Көң тасыған көк есектер, бәріне, қалдырмастан жағалай жас-кәріне,  
Үрім-бұтақ нәсіліне қалғандай, нық басылар кетпейтін мөр тәніне.  
Қинамайды абақтыға жапқаны, қиын емес дарға асқаны, атқаны,  
Маған ауыр осылардың бәрінен, өз аулымның иттері үріп, қапқаны[9].

Елім, халқым деп, оның қоғамдық мүддесін арқалап, өрге сүйреп, өмір-тіршілігін осы жолға салған қазақтың Ұлы ұлдарының басынан кешкен жан азабының бір көрінісі ғана бұл! Осындай Ұлдар әрқашанда керек-ақ. Бұрынғы қараңғы түнектен шығып болса да, сауатты, білімі жеткілікті қазіргі ұлттың да осындай әлеуметтік тұлғаларға, осындай әлеуметтік мінездер мен іс-әрекеттерге сұранысы жоғары болып қала беруде.

Бірлік қып іс істеуге шорқақ жұртым, табылса оңай олжа, ортақ жұртым,  
Сияқты кара қарға шуылдаған, үрейсіз қоян жүрек қоқак жұртым.  
Білмейсің жөнің менен терісінді, ел болып іс етпейсің келісімді,  
Үміт қып бәйге атындай талай қосып, байқадық шабыс түгіл, желісінді.  
...Келгенде өзді-өзіне мықты-ақсындар, қайтейін өзге десе көнгішінді,  
Сықылды сынық бұтақ төмендесең, кім жұлмас оңайдағы жемісінді [10].

Ахмет Байтұрсыновтың қоғамдық ойы мен халқанының әлеуметтік санасын тәрбиелеуге бағытталған шығармашылығының келесі бір саласы- орыс жазушылары мен ақындарының сыни көзқараста жазылған еңбектерін аударып, оны танымдық-тәрбиелік құралға айналдыруы. «Қырық мысал» [11] жинағы сол мысалдар арқылы өзінің де көңіліндегісін халық санасына жеткізу, мысалдардың мысқылымен ой-өріс, әлеуметтік сезіну жолдары мен түйсіктерді оятып, әлеуметтік-саяси мәдениетін тәрбиелеу мақсаты қойылды.

«Орыстың тәржіме еттім мысалдарын, әзірге қолдан келген осы барым,  
Қанағат азға деген, жоққа сабыр, қомсынып, қоңырайма, құрбыларым, -

деп жазды халықтың әлеуметтік тәрбиешісі. Келтірілген еңбектер қатарында әйгілі әлеуметтік сыншы Крылов, әлемдік тұлға және ақын Пушкин шығармалары бар.

Жүк салынған арбаны үш жаққа жұлқып, тартып, ешқандай іс бітіре алмай бастары қатқан Аққу, Шортан мен Шаян:

Жігіттер мұнан гибрат алмай болмас, әуелі бірлік керек, болсаң жолдас,  
Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей, істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

Торға түсіп соры қайнап отырған Шымшыққа көмектескеннің орнына, «ақылсызсың» деп күліп, пысықсып отырған Көгершіннің өзі де тұзаққа түсіп қалыпты.

Біреуді білмес адам табалайды, бақ көшсе, ақылыңа қарамайды,  
Ісіңнен бір істеген жазым тайсаң, болды деп білмегеннен шамалайды.

Жер жыртып, ертеден қара кешке дейін егін ісімен айналысып, тер төгіп, отбасын асыраған жарлы адамға басқалар ризашылықпен қарап, мақтау айтады. Оған қызғанышпен қараған маймылдың да мақтау алғысы келіп кетті. Бірақ ол сондай еңбек етудің жөнін де білмей, үлкен томарды ары-бері домалатып, терге батты, шаршады, бірақ оны ешкім мақтамады...

Не бітірді орынсыз жеккенменен, шығар ма тасқа егін еккенменен,  
Ойлама алғыс аброй аламын деп, пайдасыз құр михнат еткенменен,  
Пайдалы істен алған абыройың, кетпейді кейін қарай тепкенменен.  
Күншілдік деген де бір ауыр әлеуметтік-психологиялық ауру ғой....

Көл жағасына келіп су ішкен Өгізді көріп Бақаның да сондай үлкен болғысы келіп кетті. Суды іше-іше, ақыры оның терісі шектен тыс керілуге шыдамай жарылып кетті. Сол арада өлді.

Күнәсі күндегеннің жаман қатты, күндеме біреуге Алла берген бақты,  
Өгізді күндеп, сондай боламы деп, көлбақа онан қанша пайда тапты?!  
«Әлін білмеген әлек» деген, осындай әуре болған жаннан қапты.

Қарны ашып келе жатқан Қасқыр жемтікті көріп, жүгіріп келіп, ашқарақтанып, шетте жатқан сүйекті кемірмей-ақ жұтып қалды, сүйек болса, тамағына тұрып қалды, демі құрып өлуге де аз-ақ қалды. Жанынан күдер үзген шақта көзіне Тырна түсті, оны ишратпен шақырып, бар күшін салып мақтап «құтқаршы мені» деп жалынды. Мақтауға масаттанған тырна, қорықпастан Қасқырдың тамағына басын тығып, сүйекті алып тастайды. Есін зорға жиған қасқыр енді Тырнаның алғыс алуға ниеттенгенін көріп, ашуға басады, өзін жеп қоямын деп қоқытады. Жағдайды байқаған Тырнекең жанын сауғалап тұра қашты.

Киссасы «Қасқыр, Тырна» болды тамам, мінездес Қасқырменен кейбір адам,  
Басына бәле түсіп қысылғанда, жалынып-жалбарынар келіп саған.

Құтқарып ол бәледен жіберген соң, болмайды оған кісі сене жаман.  
Кісіге опа бермес ондай адам, қашыңыз ондай жаннан, келсе шамаң,  
Қасқырға қайыр істеп Тырна байғұс, қуанды кеткеніне өзі аман...  
Қасқырдай қара жүрек залымдардың, жүрмеңдер түсіп кетіп тамағына.

Өртүрлі аңдар мекен еткен зеңгір тау. Жем іздеп келе жатқан Арыстан Киікті көріп, бар күшімен қуа жөнелді. Сасқалақтап, жаны қиналған киік алдынан терең сай кездесе кетті. Сайды көрген киік қуанып, атқан оқтай секіріп одан өте шығады. Киіктен қалып қойып, іші күйіп тұрған Арыстанға қу Түлкі жақындап келіп: «достық» көңілмен айтамын саған, жүрексіздік көрсетіп қалып қойғаның дұрыс болмады ғой, ор қанша терең болғанымен, сен қаласаң, осы жардан бар күшіңді жинап алып секіріп, арғы бетке түсер едің, киік қолыңда болар еді», - деп еліртеді. Мақтауға желіккен Арыстан қарғыш кетті, түбіне жардың құлап өлді. Ал Түлкі болса, досының жанына келіп, етін жеп, сүйегін мұжуға кірісті....

Досың көп тірлік пен амандықта, түкідей сөз беретін жарға жықпа –  
Әр іске амандықта қайратсалып, мүжитін сүйегінді жамандықта.  
Кісіге таза жолдас табу қиын, көбін «ақ» дос етеді мал мен бұйым,  
Досыңнан, дұшпаныңнан бірдей сақтан, басыңда, сірә, Ахмет, болса миың.  
Ойлама шын достарың мол екен деп, сөзіне ере берме жол екен деп,  
Досыңды қиын іске қайрап тұрған,  
білгейсің шын дұшпаның сол екен деп [12].

Қаламдас әріптестерінің мысалдарын аударып, оны тәрбиеге үлгі ету қаншалықты маңызды болғанымен, Ахметтің өзі де осындай жанрларға қалам тартты. Жағымпаздық пен қулықтың, жемқорлық пен алдаудың үйлесімін өзінің әлеуметі арасынан да көріп-біліп жүрген ағартушы-тәрбиеші ақын өз ойындағысын сыни мысал арқылы өте оңтайлы жеткізу мүмкін екендігін ұғына түсті. Осылайша ішіндегі ащы ойын сыртына шығарудың, қауымдар арасына жеткізудің сәтті әдісін мысалдар арқылы әрі оңтайлы поэзиялық тілден тапты. Осы тұрғыда «Аңдарға келген індет» өлеңінің орны ерекше деуге болар. Ой өзегіне алынғаны өзекті қоғамдық мәселе, адамаралық қатынастардың, әлеуметтік қатынастар мен арабайланыстар мәселесі.

Рахыметі мол болғанымен қаһары да қатты Алла хауанаттарды қарғап, дерт жіберіпті. Аңдар у жегендей қырылып, төбе-төбе болып үйіліп жатты. Шошынған хауанаттар не қыларын білмей есі кетті. Олар қайда барса, індет сонда. Бір-біріне бұрынғыша қастық жасаудан да қорқа бастады. Ойын-сауықты да қойып, қасқыр қойға, түлкі тауыққа тимейтін болды. Ал аң патшасы Арыстан, көп ойланып, кінә неден, немесе, кімнен екенін анықтағысы келді. Жар салып, барлық аңдарды жинап, сөз бастады:

«Е, жұртым! Нәпсімізді тия алмадық, не түрлі жаман істен ұялмадық,  
Мен тұрмын жаңа тәртіп шығармасқа, одан ешкім қалмайды басын тартып.  
Жұрт үшін құрбандыққа жанын қисын, кінәсі кімде кімнің болса артық.  
...Кім айтар «тазамын» деп Хақ қасында, күнәлі үлкен-кіші, қарт-жасында,  
Жасырмай, аз ба, көп бе, айтып шықсын, қылмысын болған әркім өз басында.  
...Сол шақта түлкі тұрып сөз айтады, патшаға жарамсақсып, тез айтады:  
«...мен айтайын, тақсыр ханым, адамның бұзықтығы жұртқа мәлім,  
Қалайша айла тауып жоямын деп, дұшпандық ойлайды һаман бізге залым.  
Адамды жеу - ол сауап, кімде-кім оны жесе сауап тапсын».

Сөйтіп қу Түлкі басталған әңгімені басқа жаққа бұрып, адамды кінәлап шықты. Қалай ақталарын білмей отырған басқа хауандар, Түлкінің тапқан айласына қуанып, бәрі оның сөзін жапырласып, қайталап жатты. Бәрі періштемен бірдей тап-таза болып шыға келді. Тек Өгіз ғана мөңіреп, көз жасын ағыл-тегіл төгіп, ашаршылық жылдары азық болмай қалған уқытта бір адамның жиған шөбінен рұхсатсыз бір үзіп жегенін ойына алып, оны үлкен кінәға санап, «мен ол адамға қиянат жасаған екенмін» деп зар жылады. Солақ екен:

«Апырай, бұл не деген күнә, тақсыр!-шуылдап қоя берді Аю, Қасқыр –  
Былғады бір өзі емес, бәрімізді, біреудің шөбін ұрлап, қара басқыр!  
Соншама не көрінді, құдай ұрған, обал жоқ бұл көрімге жұртты қырған.  
Өзгелер мұны ғибрат қылмас үшін, жоялық жылдам көзін, етіп құрбан».  
Бұл сөзді жиылған жұрт қабыл алды, өгізді алып ұрып, құрбан шалды,  
Күнәдән жаны-тәні тазарсын деп, апарып жанып жақан отқа салды.  
Адамның шөбі түглі өзін жеген, тісті мен тырнақтылар аман қалды.

\*\*\*

Үлгі айтып, жұрт түзейтін қайда билік? Әншейін ермек етем, сөйлеп, күліп,  
Аңдардың осы ісінен бөтен емес, түзілген кейбір жұртқа әкімшілік[13], -

деп қорытады ойын Ұлт ұстазы.

Ақын және қоғам қайраткерінің ойына тереңірек бойлаған сайын оның елеулі **қоғамтанушы** екеніне, назарында ерекше ұстағаны қазақ даласындағы әлеуметтік қатынастар болғанына көзіміз жете түсуде. Шоқан Уалиханов, Абай Құнанбаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров сияқты Ахмет Байтұрсынұлының да әлеуметтік-саяси ойдық алдыңғы қатарында болғанын бұрынғыдан де терең сезіне түсеміз. Тіпті Ахметтің **әлеуметтану** ғылымының негізгі зерттейтін құбылыстары – әлеуметтік мінез-қылық, әлеуметтік іс-әрекет, әлеуметтік өзарбайланыс, әлеуметтік ой-сана, әлеуметтік мәдениет, әлеуметтік құндылықтар, әлеуметтендіру мәселесін қарастырып, қазақ даласы шындығында терең талдаулар жасағанына куә боламыз. Оның өлеңдерінде баяндалған уақиғалар мен әлеуметтік құбылыстар өмір шындығының бейнесі. Жазылған, айтылған ойлары қоғамдық шындықтан туындаған, сондықтан дәлелді, негізді.

Қай уақыт болмасын «итше ырылдасып», бірлікке, берекелі, ынтымақты, нәтижелі іске апарар жолды тарылтып тұратын мінездер мен істер сыни көзқарастан өтіп, сыни талданған. Әлеуметі (алашы) арасында кездесіп тұратын мінез-қылықтардың бір қыры «Иттің достығы» өлеңінде бейнеленіп берілген.

Бір байдың Төрткөз және Мойнақ деген, өз қызметін орнымен орындайтын әдепті төбеттері ас үйдің алдында күншуақта жатып, әңгіме құрады. Жақсылықты, жамандықты, жомарттық пен мырзалықты, сараңдықты, достықты, дұшпандықты, татулық пен араздықты сөз етеді.

«Дүниеде онан артық не нәрсе бар, тұрғаннан татулықпен күліп ойнап»...  
Достың дос жұлдырмаса жауға түгін, еш нәрсе айырмаса ара-жігін,  
Бірінің қабағына бірі қарап, білмесе күннің қалай өткендігін...  
Расын рас демей танамыз ба, бір тәулік татулық жоқ арамызда,  
Тұрмайтын ренішке сол нәрседен, екеуіміз таласамыз, барамыз да...  
«Төрткөзім!», «Мойнекем!» - деп, дос болып, серт айтысып, құшақтасты.  
Екеуі бірін – бірі сүйді, құшты, қызығы басылмаған достық күшті.  
Ас үйден лақтырылған бір омыртқа, солардың нақ жанына келіп түсті.  
Көрген соң майлы сүйек, ит тұрар ма, құшағын жазып алып жүгірісті.  
Достықты, айтқан сертті былай қойып, екеуі бір-біріне салды тісті.  
Досты дос мұнан артық қалай сыйлар, жүндері бұрқыраған аспанға ұшты,  
Су құйып үстеріне, жиналған жұрт, екеуін зордан ғана айырысты.

\*\*\*

Иттерге талассада жарасады, әйтпесе ит әдетінен адасады,  
Дос болған адамдарға қарап тұрсақ, биік пен тең деп болмас аласаны,  
Сүйектей арасына нәрсе түссе, иттерден олар артық таласады[14].

Ақын әрі қоғам қоғам қайраткері Ахметтің осыншама терең әлеуметтік арабайланыстар мәселесін поэзиялық жанрында, зор сыни көзқарапен, дәл басқан теңеулермен көрсетуін, көрсетіп қана қоймай, талдап беруінен біз оның ғылыми-танымдық жұмысының тағы бір ерекше қырын байқаймыз. Ол - ғылымдар арасындағы байланыс пен сабақтастық. Айтылған, талданған құбылыстар – әлеуметтік-саяси-мәдени-психологиялық, жазылуы - поэзиялық. Қазіргі, ХХІ ғасыр жағдайында да осыншама үйлесімді ылғида таба бермейсіз. Ой-өрісі әлеуметтік бағдарланған ақындар тарапынан бірен-саран тұлғаны табуға болар, ал қоғамтанушылар тарапынан мұндай жанрлар мен ғылымдардың ішкі үйлесімдігін табу қиынға соғары анық.

Алаштың ардақты азаматы қолы өткен «Қырық мысалда» және «Маса» еңбегінде көтерілген, жазып, талданып, түсініктеліп берілген мәселелерге қарап, бұл еңбектерді сол уақыттағы **қазақ даласының әлеуметтануы** деуге болады. Қоғамды жасайтын оның әлеуметі десек, оның қандай қоғам екенін білгіңіз келсе, оның адамын таны, адамаралық қатынастарын танып біл. Әлеуметтік қатынастардың кеселді жақтарын ашып көрсетіп, қатаң сынға ала отырып, Ахмет қазақ қоғамын осындай әлеуметтік-мәдени аурулардан сауықтырғысы келді. Себебі дәл осы аталған, жазылған әлеуметтік-мәдени аурулар халқының еңсесін көтертпей, бір-бірімен жауластырып, алға басқанның қадамын кері кетіртіп, ымыраға, бірлік пен ынтымаққа жол бермей, ақыры басқалардың қолындағы құлына айландырып, бар байлығын талаттырып, дұшпан алдында тізе бүктіріп отырды.

Әсіресе, жоғарыда айтылып кеткен жағымпаздық пен жемқорлық, жетекшіге дұрыс таңдау жасатпай, алдап-сулап, мадақтап ұстанған бағытын басқа жаққа бұрып бағдарлау, сенімге кіріп аяқтан шалып құлату, пайда үшін кімді де болса жолынан тайдыруға күшін салу, ұяттан безішілік,

арсыздық тұрған жерде әділдікке орынның болмайтыны сияқты тұжырымдары тек 20-ғасырдың басындағы әлеумет үшін ғана емес, ХХІ ғасырда да өзінің өткір өміршеңдігін сақтап отыр. Тіпті бір ұлт, бір халық, бір мемлекет үшін ғана емес, әлем елдері үшін. Бір қолымен космосты меңгерткізіп, екінші қолымен әлемдік қоғамдастықтарды іштей де, сырттай да қақтығыстырушы қазіргі саяси бейнелер, қай қауымдастықтағы болмасын дүниеқоңыздар, адами әлеуметтік мәннен алыс жүргендер үшін барынша маңызды.

Автордың қыркыншы мысалы «Малшы мен маса» деп аталып, «Маса» және «Қырық мысал» жинақтарының қорытынды ойын беруге бағдарланғанға ұқсайды:

Бір Малшы көлеңкеге келіп жатып, қасқырдан иттеріне сеніп жатып,  
Үстінде көк шалғынның, самал жерде, тырайып қалды сарбаз ұйқтап қатып.  
Келеді қара жылан шағайын деп, қапысын ұйқтағанда табайын деп,  
Малшыны сол уақытта Маса шақты, оятып бұл пәледен қағайын деп.  
Ұйқысын малшы оңды ашпай тұрып, өлтірді шағып тұрған Масаны ұрып.  
Көтеріп жерден басын біраздан соң, қарады жан-жағына мойнын бұрып.  
Жыланды көрген шақта малшы өкінді, достығын Сарымасаның сонда ұғып.

\*\*\*

Мысалы Қазақ – малшы ұйқтап жатқан, жыланды бәле делік аңдып баққан,  
Бәленің түрін көрген мен –Сарымаса, халықты оянсын деп сөзбен шаққан.  
Ойлаймын осы сөз де жетеді деп, қатты айтсам, сөзім батып кетеді деп,  
Ұйқысы ашылмаған жұрт өзімді, қорқамын, Сарымасадай етеді деп.

Расында солай болды да. «Халқым», «Елім, «Алашым» деп, осыларды өз өміртіршілігінің мәні мен басты ұстанымы еткен Елінің Ұлы азаматы, ғалым, саясаткер, халқының әлеуметтік тәрбиешісі, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы өзінің осы ұлан-асыр ізгілікті ісі үшін жазаланды. Ресми биліктің тарөрісті содырлары тарапынан, солардың айтқанына иланған, ақ пен қараны айырып білмеген жағымпаздар тарапынан жазаланды.

Ұлтына қарамай ғылымның, білімнің, әділдік саясаты үшін күрестің бетіне шыққан зиялыларының бәрін қырып салу, жойып жіберу ХХ мыңжылдықтың отызыншы жылдарындағы сталиндік «қызыл террордың» тәжірибесі - ешбір елде, еш мемлекет тарихында бұрын болмаған құбылысболар. Бұл дегеніміз елдің елдігін жойып жіберумен тең. Мемлекеттің бастапқыда ұстаған әлеуметтік әділдік идеясы мен саясатының өз мәнінде іске аспауының, саяси-әлеуметтік адасулардың, Орталықтан тараған біржақты саяси өктемдіктің, оның республикалар кеңістігінде жалғаса беруінің негізгі бір себебі де осында болар. Жаһандану заманы, әлемдік алпауыттардың жанталасты бәсекелестігі Тәуелсіздікке қолы жеткен жас Қазақстан мемлекетін тағы да тарихи әлеуметтік-саяси сын жағдайында. Қазақ қоғамы үшін жаңа жағдайда да қоғамдық сана мәселесінің өзектілігі артып отыр. Қазіргі жағдайда көздің ашықтығы, қолда бар білім дипломы, қарынның тоқтығы аз. Бірлік пен ынтымақтың, ашкөзділік пен сатқындықтан сақтанудың, ел мүддесінде әлеуметтік-саяси сергектіктің маңызы ерекшелене түсуде. Тек жоғары деңгейдегі қоғамдық сана мен әлеумет мәдениеттің ұлтжандылықпен үйлесімі ғана жаһандық дамуға бейімделген, әлеуметтік –экономикалық жоғары дамығын, саяси дербестігін берік ұстанған Қазақстанды жасап бекіте алады. Сол себепті Ахмет Байтұрсынов ілімі мен әлеуметтік сыны сол қалпында маңызын сақтап отыр. Ол бүгінде халқының Ұлы тәрбиешісі болып қала беруде.

1 Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы.-2-том. - Алматы: «Алаш», -2004, б. 5.

2 Байтұрсынұлы А.Маса: Өлеңдер мен көсемсөздер. - Алматы: Раритет, 2005. - «Алтын қор» кітапханасы, 17-18 бб.

3 Бұл сонда, 18-21 бб.

4. Бұл да сонда, 23 бб.

5 Бұл да сонда, 24 бб.

6 Бұл да сонда, 24-28 бб.

7 Бұл да сонда, 28-29 бб.

8 Бұл да сонда, 33 б.

9 Бұл да сонда, 34 б.

10 Бұл да сонда, 35 б.

11 Байтұрсынұлы А.Маса: Өлеңдер мен көсемсөздер.\*Алматы: Раритет, 2005. - «Алтын қор» кітапханасы, 61-137 бб.

12 Бұл сонда, 63-81 бб.

13. Бұл да сонда, 110-113 бб.

14. Бұл да сонда, 117 бб.



## ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ОРНЫ

*М.Ө. Насимов - саяси ғылымдарының кандидаты, «Болашақ» университетінің тәрбие жұмысы және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры;*

*Б.Ж. Паридинова - философия магистрі, «Болашақ» университетінің аға оқытушысы*

Мақалада әлеуметтік желілердің қазіргі әлемдегі коммуникациялық басымдықтары мен рөлі қарастырылады. Өмір сүріп отырған әлем Интернет пайда болғаннан кейін ақпараттық кезеңге өтті. Ғаламтордың кеңінен таралуы шарттарындағы әлеуметтік желілердің өсімі жаһандық құбылыс саналады. Сондықтан әлеуметтік желілер ХХІ ғасыр азаматтарының санасын жаулады. Бүгінде Интернет ақпараттың мінсіз қайнар көзі болуымен қатар, коммуникацияның жеңіл тәсіліне айналды. Зерттеу жұмысы көрсеткендей, бүгінгі күнде Интернет жаһандық өрмегі адамзаттың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірінде ерекше орын алады.

**Кілт сөздер:** Интернет, әлеуметтік желілер, ақпарат ғасыры, сайт, киберәлеуметтендіру.

В статье рассмотрены коммуникационные перспективы и роль социальных сетей в современном мире. Наш мир с появлением Интернета перешел в информационную эру. С распространением всемирной паутины, рост социальных сетей стало глобальным явлением. Поэтому социальные сети захватили сознание людей ХХІ века. Сегодня Интернет является не только идеальным источником информации, но и нетрудным способом коммуникации. Анализ данной статьи показал, что на сегодняшний день социальные сети занимают значительное место в жизни современного человека.

**Ключевые слова:** Интернет, социальные сети, информационный век, сайт, киберсоциализация.

In article considered communication prospects and a role of social networks in the modern world. Our world with the advent of the Internet passed to information era. With distribution of a world wide web, growth of social networking service became the global phenomenon. Therefore social networking service captured consciousness of people in ХХІ Century. Today the Internet is not only an ideal source of information, but also easy way of communication. The analysis of this article showed that today social networking service take an important place in life of the modern person.

**Keywords:** Internet, social networks, information century, site, cybersocialization.

Бүгінде қоғам мүшелерінің көпшілігі өз өмірлерін әлеуметтік желілерсіз елестете алмайтыны анық. Әлеуметтік желілер толықтай бүкіл әлемді қамтып, танымалдылығы жоғарылап жатыр және оның нақты жас ерекшелік немесе кәсіби шектеулері жоқ. Сонымен бірге, әлеуметтік желілер қазіргі заман азаматтарының тұлғалық әлеуметтенуіне ерекше ықпал жасайды. Әлеуметтендіру үдерісі барысында білім берудің технологиялары, әдіс-тәсілдері қолданылатындығын ескерсек, өзекті мәселелер берілген тақырыппен ұштасады.

Адамзат өмір сүріп жатқан жоғары технологиялар ғасыры қоғам дамуындағы жаңа әрі өзгеше деңгейге әкелді. Ақпаратпен алмасу, адамдар арасындағы тілдесу, қарым-қатынас орнату әдістері, жұмыс беру ұсыныстары мен іздеу жолдары, демалыс түрлері шын өмірден виртуалды әлемге өтті. Миллиондаған адамдар күнделікті түрде әлеуметтік желілер қызметтерін пайдаланады, жаңа достар мен клиенттер, қызметкерлер іздейді, кейбіреулері уақыттарын бос өткізуге арнайды. Білім деңгейін жоғарылату мақсатында ғаламтор ресурстарын пайдаланғанымен, көбінесе әлеуметтік желілерді виртуалды тілдесу үшін ғана пайдаланушылар жеткілікті екендігі жасырын емес. Сонымен қатар, ХХІ ғасырдағы азаматтарды тәрбиелеу теледидардан Интернетке көшті. Сондықтан оның қоғамдағы рөлінің жағымды және жағымсыз жақтарын ажырату ақпараттандыру ғасырында қиынға соғары анық.

Жалпы әлеуметтік желілерде жазылған заңдылықтар жоқ. Десек те, әлеуметтік желілер отбасы, мектеп, дос-жарандар секілді әлеуметтендірудің классикалық институттарын қарқынды түрде ығыстыру қаупін туындатып отыр. Виртуалды қауым қалыптастыру шын мәнісінде әлеуметтендірудің дәстүрлі уәкілдерін ауыстыруға ықпалы мол. Бірақ, пайдаланушылардың виртуалды әлемде игеретін жағымсыз қасиеттері шын өмірге келгенде әлеуметтендірудің нақты процесін күрделендіріп, қалыптасқан қоғамдық ережелерді күйретуі мүмкіндігін ұмытпауымыз қажет. Өйткені, әлеуметтік желілерде ішкі тәртіптерге негізделген нормалар мен ережелер қоғамдық стандарттармен сәйкес келе бермейді және оны бұзғаны үшін шын жауапкершілікке тартылатындығын кеш түсініп жатамыз.

Бүгінде әлеуметтік желілердің даму тенденцияларына байланысты түрлі көзқарастар бар. Әрине,

оның даму басымдықтары әлеуметтік желі бағыт алып отырған мақсатты аудиториямен тікелей байланысты. Негізінен әлеуметтік желілерді белсенді әлеуметтік күш саналатын жастар кеңінен пайдаланады. Қазіргі заманғы қоғамның күнделікті өзгерістері жағдайында жастарға әлеуметтік желі сайттары жол сілтегіш құралы саналады. Сондықтан әлеуметтік желілерде берілетін кез келген ақпарат сөздері мен көздеріне мұқият қарағанымыз жөн.

Психология ғылымы әлеуметтік желілерді пайдаланудың жоғарғы өсімі әрбір пайдаланушылардың маңызды өмірлік қажеттіліктеріне әсер ететіндігі жөнінде айтады. Әсіресе, шын өмірдегі барлық кемшіліктерді виртуалды кеңістік көмегімен орнын толтыруда көмегін береді. Бірақ, виртуалды байланысты шамадан тыс пайдалану нақты кеңістіктегі қарым-қатынастарға қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Десек те, социомедиалық революция оның жағымсыз жақтарына қарамайтыны анық.

Әлемнің әр аймағында түрлі әлеуметтік желілердің танымалдылығы әртүрлі. Мәселен, Солтүстік Америкада MySpace, Facebook, Twitter, Nexora және LinkedIn кеңінен таралса; Еуропада Facebook, Bebo, dol2day, Tagged.com, XING, Skyrock; Оңтүстік және Орталық Америкада Public Broadcasting Service, Orkut, Facebook; Азияның Филиппины, Малайзия, Индонезия, Сингапур секілді елдерінде Friendstar, Multiply, Orkut, Renren және Cyworld әлеуметтік желілері танымал.

Посткеңестік елдердегі әлеуметтік желілер тобы мынадай: Арменияда – Meet Friends, Hayland.am, Naysite.am, Kuku.am, EsHayem.am; Белоруссияда – ВСети.by, Takepin.com; Қырғызстанда - laytlux.tm.kg; Молдовада - Onspace.net, People.md; Украинада - Connect.ua; Өзбекстанда - muloqot.uz, youface.uz, sinfdosh.uz. Википедияның орыс тілді материалдарында Қазақстанның әлеуметтік желілері төмендегідей: on.kz, vseti.kz, my.nur.kz, [www.newkaz.kz](http://www.newkaz.kz), pautina.kz, nsc.kz, liveinternet.kz, pamba.kz, [www.birge.kz](http://www.birge.kz) [1]. Уикипедияның қазақ тілді нұсқасында тек Zhelide.kz және [www.kazlife.com](http://www.kazlife.com) көрсетілген. Сонымен қатар, Ресейлік әлеуметтік желілер қатарына В Контакте, Мой Круг, Мой Мир@mail.ru, Одноклассники.ru, Живой Журнал жөнінде атап көрсеткен [1, 2].

Сонымен бірге, WEB 2.0 форматында белгілі бір бағытты ұстанған арнайы ресурстар да бар. Мәселен, ғылыми мақалалардан құралған сілтемелер базасының әлеуметтік каталогтары, кітаптар топтамасын ұсынатын әлеуметтік кітапханалар, ойындар тізімін ұсынатын желілік ойындар әлемі, алысты жақындастыратын геоәлеуметтік желілер, кәсіби тәжірибемен бөлісетін кәсіптік әлеуметтік желілер, жас және гендерлік ерекшеліктерге тән әлеуметтік желілер, қайырымдылық көмек беруге бағытталған әлеуметтік-қаржылық желілерін ғаламтордан табуға болады [1, 2].

«Internet World Stats» агенттігінің кезекті зерттеу нәтижесіне мән берсек. Ондағы мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда 5,6 миллион адам әлеуметтік желілерді күнделікті пайдаланады. Ең танымал әлеуметтік желілердің қатарында күніне 1 млн 125 мың рет қаралатын «Мой мир», 558 мың рет қаралатын «Одноклассники», 525 мың рет қаралатын «В контакте», 410 мың рет қаралатын «Facebook»-ті жатқызуға болады.

Күніне 350 мың қазақстандық ұялы телефонмен «mail.ru agent»-ке кіреді. Өйткені, бұл ақпарат алмасудың тиімді әрі арзан жолы. Агенттік ұсынған тағы бір қызықты дерек, әлеуметтік желілердегі әрбір екінші адам өзі жайында өтірік мәлімет жазады. Тарқатып айтсақ, олардың 29 пайызы есімі мен жасын, 23 пайызы отбасылық жағдайын, 22 пайызы түр-әлпеті және қызығушылықтары туралы, 17 пайызы білімі мен жұмысына қатысты өтірік айтатын болып шыққан [3]. Әрине, бұл нәтижелер көпшілікті ойландыруы қажет деген пікірдеміз.

Бүгінгі таңда еліміздегі қызмет атқаратын кез келген мекемелер ғаламторға өз сайттарын орналастырумен қатар, кері байланысты қалыптастыруда әлеуметтік желілер көмегіне сүйенеді. Әрине, әлеуметтік желілер арқылы өз қызметтерін насихаттау немесе сілтемелер беру арқылы жағымды жақтарын көрсетуде оның беретін көмегі орасан зор. Сонымен бірге, кез келген азаматтың электронды жәшігі болғандықтан оның ішкі сезімі өзгелер секілді виртуалды әлемге енуді қалайды. Әлеуметтік желілердің электронды шақыру хаттары да қызығушылық туындатады.

Қоғамдық дамудың қазіргі заманғы ерекшеліктеріне байланысты, бүгінде ғылымда адамды киберәлеуметтендіру [4] мәселесін тереңірек қарастырған жөн. Бұл ұғымға мынадай түсініктеме беріледі: «Өмірлік іс-әрекет контекстінде қазіргі заманғы ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдаланудан орын алатын ықпал ету нәтижелеріндегі тұлғаның өзіндік сана құрылымындағы өзгеріс процесі, тұлғаның киберкеңістікте әлеуметтенуі». Бұл процесте жаңа мүдделер, себеп-салдар мен мақсаттар қоғам мүшелерінің психологиялық және әлеуметтік белсенділігіне ықпал жасайды

Бұл ғылымның түрлі салаларындағы желілік, әсіресе, әлеуметтік желі ықпалына назар аудартып жатқандығын көрсетеді. Себебі, аталмыш ұғым кейбір қауымдастық мүшелері арасындағы кешенді

өзара қатынастарды реттеуде қолданылады. Бүгінгі ғылымда әлеуметтік желілер әдістемесінің адам мінез-құлқына ықпалын зерттеумен қатар, ғылым салаларындағы инновациялық және мәдени ықпалдастығы қарастырылған жөн.

Қазіргі әлемдегі саяси және қоғамдық өмірдегі әлеуметтік желілердің рөлін анықтау мақсатында *SWOT-талдау* жасалды және оның нәтижелері төмендегідей:

Әлеуметтік желілердің *жағымды жақтары*: компьютерлік сауаттылықтың жоғарылығына байланысты ақпарат алу, алмасу жылдамдығы артады; халықтың билік органдары блогтарына хабарласуы арқылы кері және өзара байланыс орнатуға жол ашылады; іздестіру жүйелері арқылы кез келген тақырыпта ақпарат алу және пайдалану; тиімді пайдаланған жағдайда білімін толықтыру; сыныптастар мен курстастарын, ескі достарын табу және хабарласу; тек компьютер арқылы ғана емес, ұялы телефондар арқылы да желіге ену; өз мүддеңе сай келетін азаматпен виртуалды тілдесу.

Әлеуметтік желілердің *жағымсыз жақтары*: бос уақыттың жұмсалуды; оппоненттің манипуляциялық тәсілдеріне мән бермей, алдауына түсу; ақпараттың ақиқаты мен жалғандығын айыра алмау, кез келген ақпараттың ұсынылуы; қоғам құндылықтарына жатпайтын лас сөздерді пайдалану, теріс пиғылды азаматтардың өз мүддесін жүзеге асыру үшін мүмкіндігінің болуы; ақпаратты кез келген тұлғаның өз мүддесі үшін пайдалануы; толықтай электронды бағыныштылық.

Әлеуметтік желілердің *мүмкіндіктері*: ақпарат алмасуда сурет, бейне, блогтар мен микроблогтар, қауымдастық, чат және т.б. көздер арқылы қажетті мәліметтерді кеңінен пайдалану; өз профиліңді құру және автор туралы мәлімет ұсыну; мүдделері бойынша ортақ виртуалды достармен қатар, өмірдегі достар, туысқандар, әріптестер, сыныптастар мен курстастар бірлестігін құру; халық пен мемлекеттік органдар арасындағы өзара байланысты блогтар арқылы күшейтеді; кез келген жерде қажетті ақпаратты өз уақытында алу және пайдалану.

Әлеуметтік желілердің *қатерлері*: орналастырылған ақпаратты кез келген азамат оңай тауып және өз қажетіне пайдалана алады; ұсынылған ақпаратты жұмыс берушілер, ата-ана, балалары, қылмыскерлер, құқық қорғау органдары кез келген шараларға қолдана алады; әлеуметтік желілерге тәуелділік; ауызша, жазылмаған заңдар басшылыққа алынады; заңнамалық базаның әлсіздігі; виртуалды тілдесуге байланысты сөйлеу, ақпараттың жылдам алынуы және жеке ізденістің жоқтығына байланысты ойлау қабілеті кемиді, дүниетанымы төмендейді; компьютерлік тролльдер қақпанына түсу.

Әлеуметтік желілердің кеңес берушілік қасиеттерін ғылыми зерттеуде төмендегідей мәселелер қарастырылуы тиіс деп ойлаймыз: қоғам мүшелері бос уақыттарын қалай өткізетіндігін анықтау; жаһандық Интернет желісін қолданушылардың жас ерекшеліктеріне қарай өзгешеліктерін анықтау; пайдаланушылардың әлеуметтік желі ұғымы бойынша түсініктерін зерттеу; азаматтар қандай мақсаттармен әлеуметтік желілерді пайдаланатындығын сараптау; пайдаланушылардың демалыс уақытын ұйымдастырудағы әлеуметтік желілердің беретін көмегін айқындау; желідегі қарым-қатынас шын тілдесуге лайықты өзгерістері мүмкіндіктерін анықтау; әлеуметтік желілерде кеңінен таралатын әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды зерттеу; әлеуметтік желілерде таратылып жатқан нормалар мен құндылықтардың ықпалын айқындау.

Зерттеу жұмысы көрсеткендей, бүгінгі күнде Интернет жаһандық өрмегі адамзаттың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірінде ерекше орын алады. Алдағы уақытта зерттелуі қажет мәселелері де жетерлік. Әсіресе, жасанды қоғам құру заманының жағымды жақтары мен жағымсыз жақтары, мүмкіндіктері мен туғызатын қатерлері пысықталып, зерделенуі керек. Қашып құтыла алмайтын ақпараттандыру ғасырындағы әлемдік білімді қалыптастыру барысында әлеуметтік желілерді пайдаланудағы білім қоғамын құру мақсатының тиімді тұстарын айқындау қажет.

1 Социальная сеть // [Электрондық ресурс]. – Көру режимі: [http://ru.wikipedia.org/wiki/Социальная\\_сеть](http://ru.wikipedia.org/wiki/Социальная_сеть)

2 Әлеуметтік желілер // [Электрондық ресурс]. – Көру режимі: [http://kk.wikipedia.org/wiki/Әлеуметтік\\_желілер](http://kk.wikipedia.org/wiki/Әлеуметтік_желілер)

3 Әлеуметтік желілерді күніне 5,6 миллион қазақстандық пайдаланады // [Электрондық ресурс]. – Көру режимі: <http://www.baq.kz/news/18917>

4 Плешаков В.А. Виртуальная социализация как современный аспект квазисоциализации личности // Проблемы педагогического образования. Сборник научных статей. Вып. 21. – М., 2005. – С. 48-49.

## «ҮШІНШІ ЖАС КЕЗЕҢІНДЕГІ» АЗАМАТТАРҒА ҚАТЫСТЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

*Г.Ә. Базарбаева - саяси ғылым. докторы, профессор м.а. АТУ, Алматы*

Әлеуметтік саясаттың қалыптасуы мен жүзеге асуында басты рольді мемлекет, оның атқарушы және өкілеттік мүшелері атқаратын болғандықтан, әлеуметтік саясаттың негізгі орталық субъектісі мемлекет болып табылады. Бюджеттің құрылуы, бағытталуы, құрылымы және орындалуы – бұл мемлекеттік өкілетті органдардың шартсыз құзыреттіліктері болып табылады. Бюджеттің құрылымы бойынша экономиканың бағыты мен мемлекеттің басым бағдарлары жайлы жалпы қорытындыларды шығаруға болады.

Жеке тұлғалар мен топтардың әлеуметтік жағдайларынан белгілі тіршілік әрекет түрлеріндегі әлеуметтік қызығушылықтар туындайды. Олар өзара мақсаттары мен оларға жету мүмкіндіктері бойынша, жүзеге асыру жолдары мен әдістері бойынша ажыратылады және әлеуметтік әрекеттесудің негізгі себептері бола алады; сонымен қатар, белгілі игіліктерге қол жеткізу немесе өз қажеттіліктерін өтеу мүмкіндіктеріне жеке азаматтар мен топтардың бағыттары бойынша ажыратылады. Әртүрлі әлеуметтік топтардың қажеттіліктерін білу және қанағаттандыру бүгінгі таңда қоғамды басқарудың факторларының бірі болып табылады. Әлеуметтік топтардың іс-әрекеті барлық қоғам институттарының қызмет ету сапасын, қоғам дамуының бағытын анықтайды. Сондықтан, әлеуметтік-экономикалық дамудың әртүрлі кезеңдерінде әлеуметтік саясатты құрастыру және таратумен байланысты барлық сұрақтардың спектрі әлеуметтік мемлекеттің қызмет ету аумағында маңызды болып табылады.

Ең жалпылама алғанда әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары кірістерді реттеумен, жұмыспен қамтамасыз етумен, азаматтарды әлеуметтік қорғаумен, білім беру, тұрғын саясаттарымен, денсаулық сақтау жүйесіндегі саясатпен, тағы басқалармен байланысты болады. Қазақстанның мемлекеттік органдарының әлеуметтік саясатында республиканың жергілікті жағдайларымен байланысты әлемдік тәжірибе өндіріледі, мақсаттар мен бағыттардың басымдылығы анықталады.

**Кілт сөздер:** әлеуметтік саясат, мемлекет, әлеуметтік қорғау, әлеуметтік бағдарламалар, қарт адамдар.

В реализации и развитии социальной политики главная роль принадлежит государству его исполнительным и законодательным органам власти, основным субъектом социальной политики является государство. По основным направлениям экономического развития формируются государственные программы и утверждается бюджет страны. Формирование, направление, исполнение бюджета является прерогативой государственных органов власти. От социального положения индивида и групп выявляются различные потребности и социальные интересы. Они достигают взаимных целей согласно своим возможностям, различными способами и путями при этом они вступают в социальные взаимодействия, в то же время чтобы достичь благополучия или удовлетворить свои потребности индивид и социальные группы достигают разными способами. Удовлетворение различных потребностей социальных групп на данном этапе развития является одним из основных факторов управления обществом. Поведение социальных групп влияет на качество работы всех общественных институтов.

Таким образом, различные этапы социально-экономического развития страны связаны со становлением разнообразных спектров социального государства и является основным в развитии регионов. Главными направлениями социальной политики является распределение бюджета, обеспечение рабочими местами, социальная защита населения, образование, политика здравоохранения и т.д. Социальная политика государственных органов РК связана с местными органами власти для улучшения и развития регионов, где используется мировой опыт развитых стран, основные направления и цели в социальной сфере.

**Ключевые слова:** социальная политика, государство, социальная защита, социальные программы, пожилые люди.

In the development and implementation of social policy the main role belongs to the State by the executive and legislative authorities, the main subject of social policy is the state. The main areas of economic development formed government programs and approved budget. Formation, direction, budget execution is prerogative public authorities. The social status of the individual and groups identified different needs and social interests. They achieve mutual goals according to his ability, and ways in various ways while they engage in social interaction, at the same time to achieve the well-being or to satisfy their needs of individuals and social groups reach different ways. Meet the different needs of social groups at this stage of development is a major factor in the management of society. Behavior of social groups affect the performance of all public institutions.

Thus, the various stages of socio-economic development of the country associated with the development of various social state inspectors and is a major development in the regions. The main directions of social policy is budget allocation, providing jobs, social protection, education, health policy, etc. Social policy by state bodies of Kazakhstan connected with local authorities to improve and develop the regions, where used world experience of developed countries, the main directions and goals in the social sphere.

**Key words:** social policy, state, social security, social programs, the elderly.

Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың басымдылықтарына бағдар Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1997 жылдан бастап Қазақстан халқына жыл сайын жолдайтын Жолдауларында ғана орын алмай, сонымен қатар республикалық, аумақтық және салалық деңгейлерде орындалатын мемлекеттік бағдарламалардың жиынында да көрсетіледі [1]. Өткен ғасырдың соңынан бастап бірқатар мемлекеттік құжаттарды дайындау және қабылдаудың нәтижесінде Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың мазмұны анықталды, оның мақсаттары жайлы жалпылама түсінік алынды және оның даму тенденциялары мен тәжірибелік нәтижелілігін зерттеуге мүмкіндік пайда болды. Президент Н.Ә.Назарбаев ұсынған Қазақстан әлемнің 30 бәсекелестік мемлекеттерінің қатарына кіруі жайлы стратегиялық мақсаты мемлекеттің әлеуметтік саясатын әрі қарай дамыту қажеттілігін тудырады. Жүйелі көп жоспарлы құбылыс ретінде әлеуметтік саясат жаңа заман қоғамының даму белгілерін анықтайды. Оның жүзеге асу механизімі өте ауыр. Ол экономика, құқық, мәдениетпен тығыз байланысты, сондықтан Қазақстанның әлеуметтік саясатының басты парадигмасы ретінде әлеуметтік мемлекетте саяси-құқықтық, демографиялық, экономикалық, әлеуметтік-мәдени факторлар мен алғышарттар болады.

Әлеуметтік саясаттың қалыптасуы мен жүзеге асуында басты рольді мемлекет, оның атқарушы және өкілеттік мүшелері атқаратын болғандықтан, әлеуметтік саясаттың негізгі орталық субъектісі мемлекет болып табылады. Бюджеттің құрылуы, бағытталуы, құрылымы және орындалуы – бұл мемлекеттік өкілетті органдардың шартсыз құзыреттіліктері болып табылады. Бюджеттің құрылымы бойынша экономиканың бағыты мен мемлекеттің басым бағдарлары жайлы жалпы қорытындыларды шығаруға болады.

Жеке тұлғалар мен топтардың әлеуметтік жағдайларынан белгілі тіршілік әрекет түрлеріндегі әлеуметтік қызығушылықтар туындайды. Олар өзара мақсаттары мен оларға жету мүмкіндіктері бойынша, жүзеге асыру жолдары мен әдістері бойынша ажыратылады және әлеуметтік әрекеттесудің негізгі себептері бола алады; сонымен қатар, белгілі игіліктерге қол жеткізу немесе өз қажеттіліктерін өтеу мүмкіндіктеріне жеке азаматтар мен топтардың бағыттары бойынша ажыратылады. Әртүрлі әлеуметтік топтардың қажеттіліктерін білу және қанағаттандыру бүгінгі таңда қоғамды басқарудың факторларының бірі болып табылады. Әлеуметтік топтардың іс-әрекеті барлық қоғам институттарының қызмет ету сапасын, қоғам дамуының бағытын анықтайды [2]. Сондықтан, әлеуметтік-экономикалық дамудың әртүрлі кезеңдерінде әлеуметтік саясатты құрастыру және таратумен байланыстыбарлық сұрақтардың спектрі әлеуметтік мемлекеттің қызмет ету аумағында маңызды болып табылады.

Ең жалпылама алғанда әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары кірістерді реттеумен, жұмыспен қамтамасыз етумен, азаматтарды әлеуметтік қорғаумен, білім беру, тұрғын саясаттарымен, денсаулық сақтау жүйесіндегі саясатпен, тағы басқалармен байланысты болады. Қазақстанның мемлекеттік органдарының әлеуметтік саясатында республиканың жергілікті жағдайларымен байланысты әлемдік тәжірибе өндіріледі, мақсаттар мен бағыттардың басымдылығы анықталады. Әлеуметтік саясат арқылы халықтың әртүрлі топтарының қызығушылықтары реттеледі, ал бұл қатынастарда мемлекет өзіндік төреші болып табылады деп болжауға болады. Біздің елімізде заманауи әлеуметтік мемлекеттің назарында адам ресурстарын дамыту, халық капиталын көбейту және дамыту мәселелерін қарастыратын экономикалық, құқықтық, саяси тұрғыдағы мәселелік сұрақтарды кешенді түрде шешу мәселесі жатыр. Мұндағы әлеуметтіліктің негізгі мазмұны адамның өмір сүру параметрлерін, яғни өмір сүру жағдайларын, деңгейін және сапасын; мұқтаждықтарды және оларды қанағаттандыру әдістерін (механизмдерін); әлеуметтік деңгейлерге жету механизмдерін; өмір сүру мәнімен қанағаттануды; өз азаматтық тұрғысын ойлауға дайындығын қамтиды.

Әлеуметтік бағдарламалар кешенін тарататын дамыған елдер тәжірибесі көрсеткендей, экономикалық жүйенің қызмет етуінде әлеуметтік саясаттың ролі біркелкі емес. Бір жағынан ол әлеуметтік әркелкіліктердің түзелуіне әсер етеді, әлеуметтік және саяси тәуекелдерді төмендетеді, қоғамның полярлық әлеуметтік топтары арасында қарым-қатынастарды нығайтады, ал екінші жағынан – біреудің есебінен күн көруді тудырады, қоғамның белгілі бөлігінде кәсіби дамуға ынтаны жояды, апатия мен әлеуметтік енжарлыққа әкеледі. Сондықтан ел ішінде әлеуметтік саясатты тарату кезінде басқа мемлекеттердің тәжірибесін ескерген жөн және де экономикалық даму деңгейіне сай келетін халықтың әлеуметтік белсенділігі мен мемлекет қармағынан қамқорлықты ынталандыратын ыңғайлы механизмдерді тапқан дұрыс.

Әртүрлі жастағы тұрғындарды және мақсаттық топтарды (егде жастағы адамдарды, қоғамдық ұйымдардың өкілдерін, әлеуметтік қызметкерлерді, студенттерді) әлеуметтік пайдалы жұмысқа

кірістіру керек. Әлеуметтік пайдалы жұмыс тәжірибелік білімге үйретумен, пайдалы дағдыларды игерумен, кәсіптік дағдыларды жетілдірумен және қазақстандық қоғамды жаңа әлеуметтік бастамаларды таратумен байланысты болуы тиіс. Мысалы, қарт адамдарға арналған әлеуметтік-ағарту орталығы ретінде «үшінші жас кезеңінің» мектептерін ашу әлеуметтік қызметкерлер үшін оқу-әдістемелік семинарлар өткізу мүмкіндігін береді. «Әлеуметтік жұмыс», «Психология», «Әлеуметтану», «Мемлекеттік басқару», «Саясаттану», «Мәдениеттану» мамандықтарының студенттеріне кәсіби тәжірибені өту мүмкіндігі берілуі мүмкін. қамтитын

«Үшінші жас кезеңінің» мектебі әлеуметтік-ағарту жұмысын ұйымдастыру арқылы қарт адамдардың толыққұнды өмір сүруіне қол жеткізуге жағдайлар жасайды және Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік мемлекеттің даму мақсаттарымен бірдей болып табылады, сонымен қатар, жас ерекшеліктерімен және әлеуметтік өзгерістермен байланысты туындайтын қиындықтарды жеңілдетуге көмектесетін, әлеуметтік өмір жағдайларына біртіндеп бейімдейтін қатынас түрлеріне араласу үшін кешенді амалдарды орындайды. Бағдарламаның әлеуметтік тиімділігі келесіде: «үшінші жас кезеңінің» мектебі қарттарға арнайы әлеуметтік бейімделудің жаңа түрін қарастырады, сонымен қатар, зейнеткерлік жастағы адамдардың белсенді қызмет етуін қалыптастырудың негізін қалайды. Ол зейнеткерлерге қатысты мемлекеттік әлеуметтік саясатының жүзеге асуының тәжірибелік жолдарының бірі болады. Бағдарламаға қатысушылардың өзінің белсенді азамат болу құқығын әлеуметтанудың мемлекеттік, қоғамдық және жеке меншік институттарының әсерлесуінің жаңа түрлері арқылы жүзеге асыру мүмкіндігі пайда болады [3]. Қарт адамдарға қамқорлықпен және ықыласпен қарайтын, олардың қызығушылықтарын, қарқынды өмір жағдайындағы қажеттіліктерін ескеретін азаматтық мәдениеттің жаңа түрі дами бастайды. Қазақстандық одақтастық «Әлеуметтік қатынас» моделін қолданып көре алады, тиімді әлеуметтік саясатты жүзеге асырудағы мемлекеттік және мемлекеттік емес институттар серіктестігінің мәнін бағалай алады.

Зейнеткерлік жастағы адамдардың ресурстары мен қызығушылықтарын біріктіретін ағартушылық курстар түрінде (әлеуметтік, құқықтық, жалпы мәдени, экологиялық бағыттардағы) бағдарламаны жүзеге асыру зейнеткерлердің жалпы және әлеуметтік ой-өрістерін кеңейтеді, олардың құқықтық сауаттылығын жетілдіре түседі, әлеуметтік құқықтарын қолдануға үйретеді. Бірлескен сабақтарда, кездесулерде (диалог, дискуссия, тәжірибелік сабақтар, тренингтер түрінде) тілдесуге деген қажеттіліктері жүзеге асады, қарт адамдардың тұлғалық және топ ішіндегі белсенділігінің артуы және өз-өзін көрсетуге ішкі мүмкіндіктері ашылады. Психологиялық тұрғыдан өз-өзін жақсы бағалау негіздеріне үйрету қарттық жаста өмірдің мәнін табуға, өмірлік тонусты жоғарлатуға мүмкіндік береді. Бұл модель әлеуметтік қызметкерлерді орта және жоғарғы оқу орындарында оқытуға мемлекеттік тапсырыстың, биліктің атқарушы органдарында халықты әлеуметтік қорғау қызметтері әкімшіліктерінің, волонтерлардың, қолдаушылардың, қоғамдық ұйымдардың және әлеуметтік қорғаныс субъектілерінің (біздің жағдайда – қарт адамдар) арасында біріктіруші бөлік бола алады. «Үшінші жас кезеңінің» мектептері ұйымшылдықтың дамуына, азаматтық диалогтың құрылуына және осылардың негізінде қоғамда тұрақты атмосфераның қалыптасуына әкелетін қарт адамдардың жастарме және орта жас өкілдерімен, балалармен бірлескен жобаларды жүзеге асыру арқылы қызмет етеді.

Осындай әлеуметтік жобалардан күтілетін нәтижелер олардың егде жастағы адамдардың әлеуметтік бейімделу бағдарламасын ұсынуынан көрінеді. Мұндай бағдарламаларда тек зейнеткерлер ғана ұтыста болмай, «үшінші жас кезеңінің» адамдарын әлеуметтік қорғаусаласында қызмет ететін адамдар, ұйымдар және мекемелер өздерінің байланыстарын кеңейтеді, өз білімдерін, ой-өрістерін жоғарлатуға, өз денсаулықтарын сақтаудың тиімді әдістеріне үйренуге мүмкіндік алады; тұлға мен қоғамның тұрақты дамуына әсер ететін қазіргі заманға сай инициативті жобаларына қосылады. Біздің қоғам әлеуметтік саясаттың әртүрлі субъектілерінің арасындағы қарым-қатынасты дамыту тәжірибесіне үйреніп, әлеуметтік мемлекет ретінде Қазақстанның имиджін нығайтуда. Бірлестік (жобалық қызметке қатысушылар) тұрақты және жанжалсыз дамуды қамтамасыз ету үшін бірлесіп қызмет ету тәжірибесін үйреніп, оны Қазақстан Республикасының аудандарында таратуға ұсынады. Мемлекет әлеуметтік қатысу моделін қолданып көріп, әлеуметтік саясаттың тиімді жүзеге асу мақсаттарын шешуде.

Ұсынылған қайта бейімделу бағдарламасы азаматтық қоғамның даму талаптарына сай келеді, себебі ол атқарушы биліктің жергілікті органдарының жұмысына бастама болады, сонымен қатар, мемлекет, азаматтық қоғам және бизнестің өзара әрекеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ұсынылған бағдарламаның перспективті мақсаттарын жүзеге асыру арқылы әлеуметтік ортаның

дамуының жаңа моделі жасалып, қолданысқа енуде. Осы модельдің ішінде әсерлесудің әртүрлі деңгейлері (мемлекеттік, жергілікті, қоғамдық, жеке меншік) өзара қатынасады.

Әлеуметтік-экономикалық өмірдің тез өзгеретін жағдайларына егде жастағы адамдардың қайта бейімделуінің ең тиімді шешімдері келесілер болып табылады: саяси әрекеттердің әртүрлі субъектілерінің келісілген қызығушылықтарын (олардың ішінде – қарт адамдардың қызығушылықтары) ескеретін фокусталған әлеуметтік-саяси парадигманы құрастыру. Ең маңызды факторлардың арасында келесілер анықталды: егде жастағы адамдардың құқықтарын заңды түрде реттеу жүйесін, әлеуметтік кепілдік жүйесін, әлеуметтік инфрақұрылым жүйесін қамтамасыз етіп, бұл топтың әртүрлі қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін егде жастағы адамдардың өмір сүру ортасын оңтайлы ету.

Әлеуметтік қорғауға кететін шығындар адам капиталына маңызды кірістер ретінде қарастырылуы керек. Әдетте әлеуметтік көмектің сипаты мен көлемі қоғамның негізгі құндылықтарын ескереді және халықтың негізгі бөлігінің менталитетінің ерекшелігін көрсетеді. Қазақстандық менталитет қарт адамдарды сыйлауға, балаларға күтіммен қарауға негізделген және әлеуметтік жағдайы нашар адамдарды қолдайды. Әлеуметтік көмек функциялары мемлекет (негізгі донор ретінде) және бизнес арасында бөлінеді. Әлеуметтік саясатты жүзеге асыратын әртүрлі мемлекеттік емес ұйымдар делдал болып табылады. Әлеуметтік қорғау жүйелері – бұл олардың көмегімен кіріс қоғамның ауқатты топтарынан (әдетте экономикалық аса белсенді) әлеуметтік тұрақсыз немесе қажеттіліктері мол топтарға, яғни науқастар, қарттар, еңбекке қабілетсіздер, жұмыссыздарға және кедейлерге аударатын арнайы механизмдер. Бұл тұрғыдан Қазақстанда мемлекет үнемі өз күшін салуда, сонымен қатар, әлеуметтік қорғаныс Президент, Парламент, Үкімет және басқа да мемлекеттік ұйымдардың немесе «үшінші сектордың» жұмысында басты аспектілердің бірі болып табылады. Кейінгі кезде Қазақстанда әлеуметтік жауапкершілігі бар бизнестің дамуы, оның қоғамның әлеуметтік бағдарламаларына белсенді қосылу мәселелері туындады.

Жоғарыда айтылғанды қорытындылай келе, нарықтық экономикаға көшкен сәттен бастап Қазақстанда әлеуметтік мемлекетке бағдар алынды деп айтуға болады. Осыған байланысты кешенді және реттелген әлеуметтік саясат құрылып, қолданысқа енуде. Оның бағыттары азаматтардың субъективті әлеуметтік қызығушылықтары мен объективті жағдайларына сай келеді, мемлекет мүмкіндіктерін ескереді, өмір сапасын анықтайтын әлеуметтік-экономикалық индикаторлар жүйесімен теңестіріледі. Әлеуметтік мемлекет тәуелсіздік алған кезден бері әлеуметтік саясат жүйесінде орын алған конституциялық қағида ретінде жарияланды. Қазақстан Республикасында жалпы халықтың және ерекше түрде – әлеуметтік тұрақсыз адамдардың өмір сүру сапасын тұрақты жақсартуға бағытталған кешенді әлеуметтік саясат жүзеге асырылады. Белгілі бір мақсаттарға жеткеннен кейін әлеуметтік мемлекеттің идеологиясы мен саясатының әрі қарай дамуымен байланысты жаңа мақсаттар қойылады. Бұл үдеріс әлеуметтік дамудың барлық салаларын қамтиды: зейнетақымен қамту жүйесін, жұмыссыз халықпен қызмет ету тәжірибесін, мүгедектер мен тұрмыстық жағдайы төмен азаматтарды әлеуметтік қорғау, әйелдер мен балалар және т.б.

Қазақстандағы нарықтық реформалар әлеуметтік бағытталған сипатқа ие болды және елімізде әлеуметтік саясат саласын кеңінен қарағанда адам капиталының дамуымен байланысты әртүрлі сұрақтары кіреді. Әлеуметтік дамуды басқарудың аспектісінде жүзеге асатын мемлекеттің әлеуметтік саясаты транзиттік жағдайда қалып отыр, ол өте ауыр үдеріс болып табылады. Ол әлеуметтік-экономикалық қоғамдық қатынастардың жаңа түрінің қалыптасуынан болып отыр. Қазақстандық мемлекеттің басты әлеуметтік мақсаттарының ішінде мемлекеттің тұрақты дамуына әсер ететін экономиканың құрылымдық өзгеруі, экономикалық дамудың бәсекелесуге қабілетті бағыттарын анықтау бағдарлары орын алуда.

1 Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы» жолдауы. – Алматы, 1997.

2 Шалтықов Ә.Е. Саяси қатынастар және орта тап. – Алматы: Абай атындағы КазҰПУ. Хабаршы. № 1(37). 2012. - С.44- 47.

3 Есетова Г. К. Некоторые особенности социальной политики в РК. – Алматы: КазНПУ им. Абая. Вестник. № 1(37). 2012. - С.94-96.

## СЕМЬЯ КАК СВЕТСКИЙ И РЕЛИГИОЗНЫЙ ИНСТИТУТ: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ

*А.И. Артемьев - доктор философских наук, профессор*

Профессор А.И.Артемьевтің «Семья как светский и религиозный институт: реалии и перспективы» мақаласында отбасы мен қауымның өзара әрекет етуі, жалпы діни өмір салты негізінде кезкелген өркениетті қоғамды біріктіруші ретіндегі отбасының позитивті әсері қарастырылады.

**Тірек сөдер:** отбасы, дін, зайырлы қоғам, әлеуметтік институт, азаматтық неке, патронаж, патронаж, полигамия, отбасылық діншілдік, тәрбие.

В статье профессора А.И.Артемьева «Семья как светский и религиозный институт: реалии и перспективы» анализируется позитивное влияние семьи как цементирующей основы любого цивилизованного общества на примере взаимодействия семьи – общины – религиозного образа жизни в целом.

**Ключевые слова:** семья, религия, светское общество, социальный институт, гражданский брак, патронаж, полигамия, семейная религиозность, воспитание.

In the article “Family as a secular and religious institution: realities and prospects” an author on the example of the interaction of family, community and religious lifestyle analyzes the positive impact of family carrying out the role of a basis for any civilized society.

**Keywords:** family, religion, secular society, social institute, civil marriage, patronage, polygamy, family religiousness, education.

Недавно в нашей стране завершился первый национальный конкурс «Мерейлі отбасы», в котором приняли участие 1298 семей из всех регионов. 16 семей стали финалистами. Все они получили ключи от автомобилей, которые лично вручил Президент страны.

Самой счастливой была признана семья Бимаханбетовых из Южно-Казахстанской области, в которой 8 детей, 33 внука и 15 правнуков[1].

Когда читаешь такую информацию, невольно вспоминаешь слова известного американского философа Джорджа Сантаяны (1863-1952), о том, что семья является *одним из «шедевров природы»*.

И это, действительно, так!

Но в полной ли мере сохранила история этот «шедевр» для нынешних и грядущих поколений? И кто сегодня является его хранителем?

Ведь не секрет, что представления большей части общества о содержании понятия «семья» весьма существенно отличаются от модального типа этого института.

Да, примерно за три тысячи лет своего существования семья прошла сложный путь: от расширенной семьи – к корневой или стержневой, в том числе к патриархальной, и далее – к нуклеарной, а сегодня, по мнению многих социологов, она превратилась в приватизированную нуклеарную семью... Но этим процесс, к сожалению, не заканчивается.

Вспомним, ещё в 1927 г. американский психолог Джон Уатсон предсказывал, что через 50 лет, т.е. к 1977 г., семья вообще перестанет существовать, а его соотечественник русского происхождения Питирим Сорокин утверждал, что развод и сепарация (т.е. отделение, разделение на части) станут настолько распространёнными явлениями, что разница между санкционированным законным браком и незарегистрированными сексуальными отношениями исчезнет.

И если, к счастью, прогноз Джона Уатсона не подтвердился, то Питирим Сорокин оказался более прозорливым, нарисовав, в общем-то, ту картину, свидетелями которой мы, к сожалению, являемся.

В этом отношении весьма показательны итоги всероссийского опроса общественного мнения, проведённого Левада-центром. «Добрачный секс сейчас считают морально не допустимым 23% россиян, то есть менее ¼ (против 29% в 2007-м и 42% в 1992 году). Процесс «легитимации» секса проявлялся и на ценностном уровне, сексуальность стала престижной»[2].

В Казахстане такие исследования, к сожалению, не проводились, но картина, думаю, была бы примерно идентичной.

Об этом свидетельствуют и следующие данные:

- всё большее распространение получают так называемые «гражданские браки». Так, по опросу, проведённому в этом году в Алматы накануне Дня семьи, почти все респонденты отметили, что преимущества гражданского брака заключаются в независимости партнёров друг от друга. По мнению мужчин, в таких отношениях самое главное – это беспрепятственное растование. Прекрасная половина человечества в качестве оправдания гражданского брака называет проверку чувств и подготовку к семейной жизни. Но все участники единодушны в том, что в наше время гражданский брак – вполне приемлемая форма семейных отношений;

- около 20% браков заканчиваются разводами в первые годы;



- из 5.199.995 детей в возрасте до 18 лет 33.682 – это дети-сироты и оставшиеся без попечения родителей, из них 21.865 – под опекой и попечительством, 1947 – на патронажном воспитании в семьях, а 9.879 – на полном государственном обеспечении (на их содержание государство ежегодно выделяет 8 млрд.тенге) [3].

И всё это в стране с глубокими национальными традициями, которым, казалось бы, должны быть чужды подобные явления.

Надо признать, что «испарение морали» (Э.Гидденсон) ведёт к дальнейшей нравственной деградации, ибо, как говорил французский писатель Л.Вовенарг, «нравы портятся легче, чем исправляются».

Сегодня в ряде стран уже официально узаконены гомосексуальные браки. Гей-парады стали обычным явлением.

По данным правоохранительных органов, гей-клубы появились и в Алматы.

Можно ли в этих реалиях восстановить в полной мере институт семьи, его социальную значимость, морально-нравственные принципы? И если можно, то, как это сделать?

К сожалению, те многочисленные проекты укрепления семейно-брачных отношений, которые разрабатываются различными государственными органами и научными институтами, малоэффективны, если не сказать, безрезультативны. А различные проводимые мероприятия носят больше развлекательный, нежели воспитательный характер.

Поэтому, на мой взгляд, *хотя я человек неверующий*, наибольший вклад в сохранение и укрепление традиционного брака, несмотря на отдельные отступления от канонических правил, сегодня вносят *религии* (и не какая-то одна, а практически все конфессии и деноминации). И очень важно глубоко изучить этот феномен.

По моему глубокому убеждению, и любое государство, и любое общество в целом в данном вопросе должны опираться на национально-религиозные традиции независимо от того, является государство светским или нет, ибо практически все религии (если, конечно, это религии, а не какие-то псевдорелигиозные формирования, в которых социальное и культурное поведение выходит за рамки общепринятых норм) делают упор на семью, видя в ней смысл жизни, идеал, регулятивное средство духовной культуры.

«Общество состоит из семейств и всегда будет таким, каким сделают его главы семейств. Из сердца исходит «источник жизни» (Прит. 4, 23); сердцем же общества, церкви и народа является семья. Благополучие общества, успех церкви и процветание народа зависят от влияния семьи», – провозглашают протестантские деноминации[4]. Но под этими словами, безусловно, «подпишутся» и все религии.

Конфессионально-общинная и семейная религиозность – определяющие структурные элементы религиозного комплекса. Взаимодействия религиозной семьи и общины, возникающие между ними силы притяжения и отталкивания носят сложный многоплановый характер.

Учитывая это, служители всех культов стараются опереться на Великие Писания и самые авторитетные источники, ибо понимают, что именно в семье складывается первичная способность к мировоззренческой самооценке, скрепляются, обосновываются и оправдываются формирующие личность моральные принципы и нормы, понимание смысла жизни, идеала, долга, справедливости и другие регулятивные средства духовной культуры.

«Каждый из вас, – давал наставления своим последователям Пророк Мухаммад, – является защитником и блюстителем тех непосредственных обязанностей, которые его положение (в семье и обществе) накладывает на него, и несёт ответственность за действия тех, кто находится в его подчинении или на его попечении. (Любой) правитель является также распорядителем (дел) и ответственным за тех, кто находится под его опекой. Мужчина в своём доме является учредителем порядка для всех проживающих в его доме. (В свою очередь) женщина является также распорядителем в отношениях со своим мужем и его детьми. Иными словами, каждый из вас является своего рода пастырем и ответственным за свою паству»[5].

Немало и других высказываний Пророка по этому поводу. Например:

- вступающему в брак Пророк сказал бы: «Аллах благословляет тебя и соединяет вас для добрых дел»;

- наказанный прелюбодей да не женится ни на ком, кроме на себе подобной;

- когда один из вас женится, пусть скажет он: «О Боже! Я молю Тебя за доброту её и за добро естества того, как создал Ты её, и отдаю себя в руки Твои от зол её и от зол естества того, как создал Ты её» и т.д. [6].

В дореволюционный период в Казахстане преобладали большие патриархальные семьи, но малые индивидуальные также имели место быть. К середине XIX века последние стали всё больше и больше оттеснять патриархальные семьи, оставляя за ними лишь реликтовые формы. Исследователь данной

проблемы А.Джумагулов, к примеру, пишет, что численность больших семей в прошлом достигала 30-40 человек, в семью нередко входили три-четыре поколения [7]. А малые семьи обычно состояли из родителей и их неженатых детей; кроме того, в семью могли входить ещё какие-то родственники. Но даже в этом случае число членов такой семьи вряд ли превышало 6-7 человек.

У казахов существовала *полигамия*. Но, как писал другой исследователь, А.Левшин, число жён, однако, редко соответствовало желанию мужей, так как казахи приобретали жён путём купли (*калым* – выкуп за невесту по мусульманскому обычаю), поэтому несколько жён могли иметь только очень состоятельные люди. Необеспеченные же имели по одной жене[8]. Строго соблюдались самые отдалённые линии родства (брак запрещался до седьмого колена включительно). Невесту всегда брали или из другого рода, или из другой волости.

Наряду с браком через *калым* существовали и другие формы брака: *колыбельный сговор*, *левират* (когда младшему брату умершего обязывалось жениться на его вдове), *сорорат* (брачный обычай, по которому один мужчина женился одновременно на двух или нескольких родных или двоюродных сёстрах; в дальнейшем сорорат превратился в обычай жениться на сестре умершей жены), *брак обменом*, *брак отработкой*.

Естественно, что все эти традиции и установки, в том числе и на прочность брака, передаются из поколения в поколение, а лица, их нарушившие, подвергаются осуждению.

На очень интересную деталь в системе передачи исламских традиций в казахских семьях обратил внимание в своё время профессор К.Ш.Шулембаев: «Наши многолетние наблюдения показывают, что дедушки и бабушки у казахов никогда не говорят своим детям, внукам напрямик: «Нужно верить в Аллаха»; они говорят... будто не имеющие религиозного смысла слова: «Так поступали наши предки», «Это полагается делать по нашему народному обычаю»... Это один путь. Другой путь: осуждая те или иные поступки в поведении своих детей, внуков, старшие вооружают их теми запретительными установками (*табу*), которые берут своё начало от религиозной идеологии и которые у детей со временем превращаются в стереотип мышления и действия»[9].

На наш взгляд, в этих словах очень точно и лаконично описано то, что называется «народным исламом», благодаря которому казахи не утратили связь с истоками своей религии даже в условиях жесточайшей антиисламской и в целом антирелигиозной пропаганды, сохранили приверженность её духовным ценностям.

Нельзя не отметить, что сегодня некоторые ярые последователи шариата, даже в самых высших эшелонах власти, пытаются возродить многожёнство (кстати, и в России эта идея витает в головах, к примеру, у руководителя ЛДПР В.В.Жириновского).

В Казахстане время от времени такие законодательные инициативы вносятся на рассмотрение Парламента, и некоторые аналитики уверены, что в ближайшее время такой Закон будет принят. Что можно сказать по этому поводу? Видимо, высокопоставленные чины так запутались в своих семейно-брачных отношениях, что не видят другого выхода, как прикрыть свою сексуальную невоздержанность специальным Законом. Думаю, что в этой ситуации надо *чинить мозг*, чтобы возобладало суперэго.

Если вернуться к христианству, то семья здесь – не просто первичная ячейка общества, а «институт, установленный самим Богом, без которого невозможно не только нормальное течение жизни социума в целом, но правильное формирование подрастающего поколения»[10].

Сегодня стала важной переориентация – от «единство=единообразие» до «единств разнообразия», проблема соотношения единства и разнообразия, целостности дифференциации молодежи. Исследователи предлагают два противоположных «сценария» изучения молодежи как социального ресурса [6]. Первый, несмотря на всю силу дифференцирующих факторов, направлена актуализацию интегрирующих характеристик, позволяющих рассматривать молодежь как целостность. Второй основана преобладающей роли дифференцирующих факторов. В этом случае целесообразнее говорить не о молодежи в целом как социальном ресурсе, а выделять ресурсные особенности различных социальных групп молодежи [6, С. 26].

Независимо от социально-экономической ситуации взросления и социализации возрастных когорт, универсальные ценности частной жизни – семья, здоровье, интересная, престижная работа, конкурируя между собой во времени, остаются неизменно устойчивыми. Ниже приводится лишь отдельная часть, посвященная исследованию ценностей студенческой молодежи. Так, крепкое здоровье, как наиболее значимое в жизни студента, занимает 47% от ответов респондентов. Интересная, престижная работа – 44%, уверенность в себе – 44%. Дружная семья – 42% от ответов респондентов. При этом в отношении студентов особенно проявляется разрыв между вербальной значимостью здоровья как ценности и реальным поведением большинства, весьма далеким от норм и требований валеологической культуры, здорового образа [6, С.173].

От того, сможет ли молодой человек выделить среди интересов и ориентиров приоритетный, выстроить своеобразную иерархию жизненных ценностей, будет зависеть успешность его дальнейшего жизненного пути [5, С.159-160].

Студенчество как наиболее активная и образованная группа молодежи обращает на себя внимание ученых, исследователей. Определение студенчества варьируется, и у авторов можно увидеть их интерпретацию данного понятия.

Изучение студенческой молодежи и ее роли в общественно-исторических изменениях рассматривались в XVIII веке в учениях Р. Оуэна и Ш. Фурье. В конце XIX века американские философы Л. Уорд и Дж. Дьюи продолжают развитие этой проблемы [7].

Мировой опыт показывает, что в процессах модернизации важную роль играет студенческая молодежь. Большой вклад в изучении студенчества и института высшего образования в обществах переходного периода внесли зарубежные ученые – Э. Дюркгейм, К. Мангейм, Э. Гидденс, Н. Смелзер.

Современная студенческая молодежь как важный объект и субъект социальных преобразований описывается в работах Г.С. Абдирайымовой, Г.К. Асан, Л.А. Бекмамбетовой, Ш.Е. Джаманбалаевой, М. Маульшариф, Г.Ж. Тельбаевой, М.Б. Таныбековой.

Студенчество, как особая социальная группа, отражено в исследованиях А.С. Власенко. Он отмечает, что «студенчество формируется из различных социальных образований общества и характеризуется особыми условиями жизни, труда и быта, особым общественным поведением и психологией, для которой приобретение знаний и подготовка себя для будущей работы, в науке, культуре является главным и в большинстве случаев единственным занятием» [8]. Студенчество, как социальную группу по своему общественному положению ближе всего стоящей к интеллигенции и являющейся социальным резервом общества, изучали С.Н. Иконникова и В.Т. Лисовский. Другой точки зрения придерживается казахстанский ученый М. Махмутова. Она рассматривает проблемы молодых людей, в том числе и студентов, как социально-уязвимых групп, а органам, ответственным за принятие решений в сфере молодежной политики, рекомендует уделять больше внимания проблемам молодежи [9].

Роль студенческого самоуправления была затронута в работах У.С. Кайырбековой, А.А. Аккузова и М.Н. Нареновой.

Студенчество как мобильная социальная группа, основной деятельностью которой является подготовка к выполнению социальных и профессиональных ролей. Б. Рубин и Ю. Колесников определяют студенчество как: «мобильную социальную группу, «основным условием которой является организованная по определенной программе подготовка к выполнению высокой профессиональной и социальной роли в материальном и духовном производстве» [10].

Социальный облик студенчества в условиях трансформирующегося общества описан в работах Ю.Р. Вишневого, В.Т. Шапка, Ю.Г. Волкова, В.И. Добренкова, В. Волова, В.А. Сибирева, Н.А. Головина, М.Р. Радовеля и других.

Роль молодого поколения в процессе общественного воспроизводства в условиях социальной неопределенности и возникновения нового типа риска всесторонне освещены в трудах В.И. Чупрова, Ю.А. Зубок.

На Западе молодежь рассматривалась как самостоятельная группа общества со своей системой взглядов на жизнь, общественные процессы, иерархией ценностей, мировоззрением и картиной мира. Выделение молодого поколения в автономную социальную группу связано, прежде всего, с увеличением уровня жизни населения, улучшением экономической ситуации, вследствие чего, крайне популярным стало получение высшего образования, что привело к «продлению» юности.

Итак, под студенчеством понимают собственно студентов как социально-демографическую

группу, характеризующуюся определенной численностью, возрастной структурой; определенным общественным положением, ролью и статусом; стадией социализации, которую проходит значительная часть молодежи и которая характеризуется определенными социально-психологическими особенностями [11].

Черты, проявляемые в общесоциальной сфере студенческой молодежью, привнесены в ее жизнедеятельность, главным образом, в предшествующем периоде жизни, воспитаны в детском и подростковом возрасте семьей, дошкольными учреждениями, школой, общественными организациями. В студенческий период они продолжают активно закрепляться, развиваться и проявляться. Отношение студента к учебе, общественной работе есть также во многом следствие его общесоциальной зрелости [11].

Несмотря на различия социального происхождения, студенчество связано общим видом деятельности и образует в этом смысле определенную социально-профессиональную группу. Особые неформальные взаимоотношения, формы коллективистской деятельности студентов, поведенческие нормы, сленг, стиль жизни, традиции обычаи, наличие социально-группового самосознания – все эти характеристики в сочетании с территориальным сосредоточением порождают у студенчества специфическую субкультуру.

Таким образом, изучению студенчества посвящены различные виды исследований, тогда как обращение непосредственно к студенческой субкультуре является фрагментарным и представлено в работах отдельных авторов – Л.Г. Вахитовой, Л.В. Мосиенко, И.В. Сотникова, М. Шульги и др.

В статье И.В. Сотникова и М. Шульги [12, С.49-51], откуда взяты приведенные ниже утверждения, описывается возникновение студенческой субкультуры. Она начинает формироваться в рамках культуры вуза уже на этапе социализации первокурсников через ритуальный обряд «посвящения в студенты», целью которого является адаптация и интеграция первокурсников в образовательное пространство университета. В дальнейшем формами функционирования студенческой субкультуры становятся творческие студенческие коллективы, форумы, студенческие спортивные секции и т.п. Таким образом, появляется студенческая субкультура – специфическая социокультурная группа, объединенная общим видом деятельности - получением высшего образования, также представляет собой разновидность корпоративной культуры, которая включает в себя ценностно-нормативную систему, определяющую стили жизни студентов, и влияющую на формирование установок, на определенные жизненные стратегии [12, С.49].

Уже с появлением первых университетов, в Средние века в Европе зарождается студенческая культура со своими традициями, обрядами, нормами поведения, внешними атрибутами одежды и собственным фольклором. Позднее, американские ученые утверждали, что в двадцатом веке подлинно независимая массовая молодежная культура появилась среди студентов колледжа, которые «создавали» новые ритуалы и обычаи [13]. В целом, эти события дают основания полагать, что происходит отход от родительской культуры, процесс отделения ребенка от семьи, подготовка к занятию своей статусной позиции в социальной системе. Здесь уместно обратиться к американскому социологу Т. Парсонсу, согласно которому «молодежные субкультуры, с одной стороны, ниспровергают традиционные ценности, отрывая молодежь от семьи и взрослых. С другой, являются средством трансформации старых ценностных систем, утверждения новых ценностей, оказывающих индивиду социальную поддержку в его взаимодействии со сверстниками в течении длительного времени - от момента «выпадения» из семьи родителей и до создания собственной» [14]. Молодые предлагают свое, альтернативное мировоззрение, отвергая «родительское». Те, со своей стороны, объявляют новое мировоззрение деструктивным, идеалы – извращенными и упадническими, манеру поведения – неприличной. Тем самым обостряется конфликт поколений.

В общем виде в научной литературе под «субкультурой» понимают противопоставление господствующей культуре, то, что находится за ее пределами. Ярким примером такой конфронтации служит субкультура «хиппи», стиль жизни и поведение которых показывали протест против существующего общества, бегство от главенствующей культуры. Общий смысл некоторых теоретических подходов изучения молодежных субкультур можно свести к следующему: субкультура выступает как фактор, который провоцирует девиантное поведение, расовую нетерпимость, наркотизацию, преступность и т.д. [15].

В этой связи закладывается предвзятое, неоднозначное, негативное отношение к ней, т.е. установка на осмысление феномена культуры как имеющей некое здоровое ядро (культура как нормативно-ценностная система, господствующая в данном обществе) и дефектную периферию



(субкультуры как девиантные формы, то есть как различные формы отклонения от единой для всего общества нормативно-ценностной системы).

Особенностью же студенческой субкультуры является то, что она ближе всех находится к культуре общества. Она не противопоставляет себя господствующей культуре, а стремится к интеграции с ней.

Вцеломпроцессы, происходящие в молодежной среде вызывают споры, а тем более касающиеся сущностимолодежной культуры и механизм возникновения субкультур. Бесконечная борьба о границах субкультуры: где она начинается, где ее конец, и остается ли она по-прежнему субкультурой. Субкультура, как временное средство, с помощью которого молодежь находит свою идентичность, обретая свою индивидуальность, однако в целом лишь для того, чтобы «в дальнейшем вернуться в качестве взрослых к своим предопределенным ролям в доминантной культуре» [16]. Спецификой субкультуры образовательной деятельности студентов, как и в целом молодежной субкультуры, является то, что она носит подвижный и временный характер. Это подтверждается тем, что студенчество занимает промежуточный статус в социально-профессиональной структуре. Студенты объединяются на определенный отрезок времени, а после переходят на другой этап своей жизни.

1 Нарбекова Г.А. Актуальные проблемы развития образования казахстанской молодежи // Адам Әлемі. – № 2 – 2013 – С.32

2 Конституция Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями от 7 октября 1998 года, 21 мая 2007 года, 2 февраля 2011 года), статья 30.

3 Агентство Республики Казахстан по статистике / <file:///D:/%D0%97%D0%B0%D0%B3%D1%80%D1%83%D0%B7%D0%BA%D0%B8%20%D1%81%20Google%20Chrome/MOLODEJ.pdf>

4 Статистическая база данных ЮНЕСКО <http://stats.uis.unesco.org/>

5 Студент-2012: Материалы Шестого этапа социологического мониторинга (декабрь 2011-январь 2012) / отв.ред. Ю.Р. Вишневский. – Екатеринбург: УрФУ, 2012. – 332 с.

6 Студенчество стран ШОС: социокультурное измерение: коллективная монография / Под общ.ред. д-ра филос.наук, проф. Ю.Р. Вишневского. Екатеринбург: УГТУ. – УПИ, 2009. – С.171

7 История буржуазной социологии XIX – начала XX века. – М.: Наука, 1979. – 344 с.

8 Власенко А.С. Некоторые вопросы воспитания студенчества на современном этапе. – М., 1987. – С.54

9 М. Махмутова. Внутренняя миграция молодежи в Казахстане: на примере г. Алматы / [http://ru.soros.kz/uploads/user\\_67/2013\\_05\\_04\\_09\\_56\\_10\\_457.pdf](http://ru.soros.kz/uploads/user_67/2013_05_04_09_56_10_457.pdf)

10 Рубин Б., Колесников Ю. Студент глазами социолога. – Ростов на Дону, 1968. – С.38

11 <http://cyberleninka.ru/article/n/molodezh-i-studenchestvo-kak-sotsialnye-gruppy-i-obekt-sotsiologicheskogo-analiza#ixzz35UDfJNgz>

12 И.В. Сотников, М. Шульга. Образовательные траектории как фактор формирования студенческих субкультур // Власть. – № 7. – 2009. – С.49-51

13 Fass, Paula S. *The Damned and the Beautiful: American Youth in the 1920s*. – New York: Oxford University Press, 1977

14 Parsons T. *Youth in the Context of American Society//Social Structure and Personality*. — Glencoe, 111.: The Free Press, 1964

15 <http://cyberleninka.ru/article/n/nekotorye-itogi-issledovaniya-subkulturnyh-ustanovok-v-molodyozhnoy-srede-na-primere-g-vologdy#ixzz3917UY6F4>

16 D. Muggleton, Weinzier, R. *The Post-Subcultures Reader*, Oxford: Berg. 2003. P. 227.

## **ОҚЫТУШЫЛАРҒА КӨМЕК В ПОМОЩЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЮ**

УДК 821.512.122.0

### **ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫ**

**Р.Б. Әбсаттаров** - Абай атындағы ҚазҰПУ-дың саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корресподент – мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор

Мақалада әл-Фарабидың әлеуметтік-саяси дүниетанымының жаратылыстанулық, ғылыми және философиялық алғышарттары қарастырылады. Сонымен қатар, мақалада оның трактаттарындағы қоғам тарихына байланысты әлеуметтік-саяси көзқарастарына және қоғамдық-саяси идеал мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген. Әл-Фарабидың феодалдық қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымын қарастырудағы сыни ұстанымдары да мақалада зерттелінген.

**Тірек сөздер:** дүниетаным, ғылым, математика, физика, астрономия, альхимия, философия, субстанция, таным, әлем, құбылыс, феодалдық қоғам, қайрымды қала, мемлекет, қоғамдық-саяси идеал, ислам.

В статье рассматриваются естественно-научные и философские предпосылки социально-политического мировоззрения аль-Фараби. Вместе с тем в статье уделено большое внимание его социально-политическим взглядам на историю общества, а также проблемам общественно-политического идеала в его трактатах. В статье исследованы критические принципы аль-Фараби изучения социально-политического строя феодального общества.

**Ключевые слова:** мировоззрение, наука, математика, физика, астрономия, альхимия, философия, субстанция, познание, мир, явление, феодальное общество, добродетельный город, государство, общественно-политический идеал, ислам.

In article natural-science and philosophical prerequisites of socio-political outlook of al-Farabi are considered. At the same time in article much attention is paid to his socio-political views of society history, and also problems of a political ideal in its treatises. In article al-Farabi's critical principles of studying of a socio-political system of feudal society are investigated.

**Keywords:** outlook, science, mathematics, physics, astronomy, alkhimiya, philosophy, substance, knowledge, world, phenomenon, feudal society, virtuous city, state, political ideal, Islam.

Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби – орта ғасырдағы танымал ойшылдарының бірі. Ол өзінің қолтаңбасын қалдырмаған, пайымды ойларын айтпаған, іргелі шешімдерін ұсынбаған білім салалары кемде-кем деуге де болады. Әл-Фараби кең көлемде ғылыми мұраларын қалдырған ойшыл, оның 200-дей трактаттары болған.

Оның ғылыми, философиялық және әлеуметтік-саяси ойлары мен идеялары өзінің өмір сүрген дәуірінің шеңберінен да кеңейе түсті. Оның ғылыми еңбектерінсіз орта ғасырлық шығыстағы ғана емес, тұтас батыс Еуропадағы философиялық және әлеуметтік-саяси ойдың даму тарихын елестетудің өзі қиын.

Әл-Фарабидің шығармашылығына отандық және шет елдік ғалымдардың көптеген еңбектері арналған. Бірақ, дегенмен, оның саяси-әлеуметтік көзқарастары толықтай жеткілікті деңгейде зерттелмеген деуге де болады. Бұл мақала оның ғылыми мұраларына арналған еңбектерді және оған арналған зерттеулерді негізге ала отырып, әйгілі ойшыл әл-Фарабиді қоғамдық ғылымдардың теоретигі ретінде қарастыра келе, әлеуметтік-саяси көзқарастарын зерделеуге арналады.

Әл-Фарабидің әлеуметтік-саяси дүниетанымын дұрыс түсіну үшін және ғылыми зерттеу үшін ең алдымен оның жаратылыстану-ғылыми және философиялық көзқарастарын қарастыру керек. Әл-Фараби жақсы білгір математик, астроном-астролог, жаратылыстанушы бола отырып, бұл ғылымдарға анықтама беріп, олардың шығу тегін көрсетуге ұмтылды. Бұл әл-Фарабидің саяси-әлеуметтік көзқарастарының қалыптасуының алғышарттары болатын.

Әл-Фараби арифметиканың пайда болуы туралы былайша түсіндіреді. Субстанция өзінің табиғаты жөнінен шексіз бөліне алады, сондықтан, бірліктерден құралған көптік болып есептелетін сандар – субстанцияның көптеген тәсілдер арқылы ажырай алатындығының және әр түрлі бөліктерді құрай

алатындығының арқасында пайда болады. Бұдан әл-Фараби арифметика туралы мынадай анықтама тудырады: Сандар туралы ғылым – субстанцияның бір бөліктеріне басқаларының көбейтілетіндігі, олардың бірінің басқасына бөлінетіндігі, бірінің басқасына қосылатындығы, бірінің басқасынан алынатындығы, түбірі бар барлық бөліктерінің түбірінің табылатындығы, олардың прапорциясын табуға болатындығы туралы т.б. ғылым[1].

Әл-Фарабидің тек қана математикалық трактаттарды ғана емес, мысалы, «Эвклидтің бесінші және бірінші кітаптарының кіріспелерін түсіндірудің қиыншылықтары» деп аталған геометрияны да негіздейтін еңбегі де бар. Әл-Фараби Евклидтің сыны мен Аристотельдің ұстанымын қорғай отырып, математикалық ұғымдардың шығуы туралы ғылыми негіздемелер келтіреді.

Геометрияның ғылым ретінде пайда болуы туралы әл-Фараби былайша түсіндіріп өтеді: көрініс бойынша субстанция өзінің табиғаты жөнінен көп бөліктерге бөлінеді, олар шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш, бесбұрыш сияқты белгілі бір пішіндерді қабылдайды; олар бөлінген субстанцияның бөліктерінде көрінетіндей, реттік сандар бойынша шексіздікке дейін өседі. Осылайша, біз бұл бөліктер сақтайтын фигураларды білетін ғылым қажет болды. Оның арқасында біз фигураларды салыстыра аламыз, олардың ортақ өлшемдерін табамыз; ол арқылы қандай фигура басқасына ұқсайтындығын, қандай фигура басқа қандай фигураға енетіндігін және қайсысы басқа қандай фигураны қамтитындығын, басқа фигураның қасиеттерін иеленетіндігін біле аламыз. Олай болса, өлшейтін ғылым – бұл, өлшемдерді біле алатын және аралығындағы сызықтарды, сырты мен денелерді салыстыратын ғылым геометрия деп аталады [2].

Шығыстағы математика тарихының білгірі профессор Б.А. Розенфельд: «Әл-Фарабидің философиялық-математикалық трактаттары ибн Сина мен Хаям қарастырған сауалдарда көңіл аударарлықтай мәнді роль ойнағандығы күмәнсіз. Хаямның Әл-Фараби трактаттарымен танысуы ... Хаямның Әл-Фараби трактаттарының кейбір шарттарын тікелей қайталағандығын кәуаландырады. Мысалы, Хаям Әл-Фараби ізімен былай дейді: Ғалым бойынша, күмәнсіз, түзу сызық сыртқы жағында болады, ал сырқты – денеде, түзу сызық тек қана денеде бола алады және одан бұрын бола алмайды». Бұл жерде Омар Хаямның бірінші ұстаз – Аристотелге ғана емес, философия үшін осындай дәйектеу тән болатын, өзінің жол көрсетуші-перепатетиктеріне, бірінші кезекте, «екінші ұстаз» - Әл-Фарабиге сүйеніп отырғандығын атап өтеміз»[3],-деп тұжырымдайды.

Бұл байланыстардан әл-Фарабидің геометриясы барлық ғылыми-жаратылыстанулық ойлаудың негізгі іргетасы ретінде қарастырылып отырғандай жағдайын ала аламыз. Бұл идеяларын ол өзінің «Философияның қажетті шарттары туралы» деп аталатын еңбегінде анық баяндаған болатын.

Әл-Фараби айтарлықтай деңгейде астроном және астролог ретінде де танымал болды. Ол Птолемейдің «Алмагестіне» түсіндірмелер жазды.

Әл-Фараби бойынша, сандар туралы ғылым (арифметика) мен өлшейтін ғылым (геометрия) астрономиямен тығыз байланысты. Сонымен субстанция өзінің табиғаты жөнінен қозғалғыш, оның қозғалысы үш түрге бөлінген, атап айтқанда: тез, жай және олардың аралығында болады. Осыдан, біз қозғалысты білетін және ол қозғалыстарды өзара салыстыратын өлшемдерді білу үшін ғылым қажет болды; бұл ғылым аспан денелері туралы ғылым, - дейді Әл-Фараби. Ол арқылы біз планеталардың жолдарын және қарсы келетіндерін, өздерінің жеке аспандарындағы қозғалыстарын, аялдамаларын және шегіністерін біле аламыз. Бірақ біз бұны тек қана екі ғылым арқылы, яғни, арифметика мен геометрия бойынша білеміз, бұндай таным осы ғылымдарсыз тек қана қиын болып табылмайды, мүмкін де емес.

Әл-Фараби астрономияны геометрия, арифметика, музыка сияқты жоғары педагогикалық ғылымдар топтамасына жатқызады.

Әл-Фараби астролог ретінде «Астрология заңдарында қайсысы дұрыс және қайсысы дұрыс емес» деп аталатын трактат жазды. Трактат Абу Исхак Ибрахим ибн Абдуллах аль-Бегдадидің алғы сөзімен басталады. Ол көп жылдар бойы астрологияны игерумен шұғылданып, оның жұмбағын ашатын кілтті таба алмағандығын айтады. Ақырында, ол мәселені түсіндіріп беру үшін әл-Фарабиге жүгінеді. Ол осы сауал бойынша жазылған көне қолжазбасын оған көрсетеді. Бегдади оны оқып шығып, былай деп жазады: «Енді ғана маған астрологиядағы мүмкін мен мүмкін емеске алып баратын жол айқын болды». Әл-Фарабидің қолжазбасы қайтадан жазылып, пайдалану үшін Бегдадимен рәсімделді.

Әл-Фараби өзінің туындыларында жердегі болып жатқан барлық оқиғалардың себебін аспан денелерінің қозғалысынан іздейтіндіктен астрологтарды сынайды. Ол бір жұлдыздардың бақыт алып келетіндігін, ал кейбірінің бақытсыздық алып келетіндігі туралы дәйектемелерді қателік деп санайды. Аспан табиғаты,-дейді әл-Фараби, - барлық жерде бірдей. Оның пікірі бойынша дәйекті білімдерді астрономия мен математика береді, өлімнен кейінгі өмір туралы әңгімелер – құр мысқылдар.

Әл-Фарабидің физика мен жалпы жаратылыстану бойынша да жазған еңбектері белгілі. Жаратылыстану, оның ойы бойынша, субстанцияның барлық өзгерістерін, олардың қандай екендіктерін, себептері мен салдарларын зерттейді. Субстанция қозғалыссыз қалыпта болмайды, ол мәңгі қозғалыста және өзгерісте, субстанция әл-Фарабидің айтуы бойынша, кейде қызарады, кейде сұрланады, кей уақытта ұзарады, ал кейде қысқарады, кей сәттерде туындайды, кей кезде өледі, кейде аурады, кейде емделеді. Жаратылыстану осының барлығын көрсетеді[4].

Оған қойылған сұрақтарға деген жауабынан ойшылдың төзімділігі туралы мысал келтіре кетуімізге болады. Ол замандағы ғалымдар тарапынан оған жаратылыстану негіздері мен физикаға қатысты 46 сұрақ қойылады. Көп жағдайда бұл сұрақтар мен жауаптар қазіргі заманғы ғылымның рухына толықтай сәйкес келеді.

Мысал келтірейік:

Сұрақ: «Түс дегеніміз не, ол денелерде қайдан пайда болады және ол қандай денеге тән?»

Жауап: «Түс өзінің өмір сүруі бойынша басталатын және аяқталатын дүниеге көзқарастағы барлық денелерге тән. Тек қана қарапайым шексіз үлкендер мен шексіз шағын көлемдегі денелер ғана түссіз болады» т.б.

Әл-Фараби жалпы физикалық пен жаратылыстанулық құбылыстарға тәжірибелер қоюдың қажеттілігін атап өтеді. Ол сондай-ақ тұрақты заңдылықтылық қағидасын мойындайды. Физикалық тәжірибеге қатысты алғанда, ол өзі оны бір құбылысқа қатысты алып, мұқияттап жүргізеді, атап айтқанда, дыбыстық ауытқудың ұзындығын және интерференциясын өлшеу бойынша өткізеді. Ол бұны теория музыкасын зерттеулер бойынша жасаған болатын.

Әл-Фараби тамаша дәрігер ретінде де белгілі. Дәрігерлік қызметті ол Бағдад қаласындағы сарай дәрігері Юханка ибн Хайаланнан үйренеді. Ол әмір Сай-эль-Дулаттың сарай дәрігері қызметін атқарған. Оның еңбектерінде медицинаның негізгі мәселелері жөнінде қызықты шарттар мен ережелер кездеседі. Әл-Фараби Гиппократ пен Гален сынды антикалық медицинаның классиктеріне жоғары баға береді. Ол медицинадағы жалған асторологиялық тәсілдерге қарсы күресті.

Дәрігерлік қызметке байланысты әл-Фараби сол дәуірдегі барлық медиктер сияқты алхимиямен, ботаникамен және минерологиямен шұғылданды. Бұл білім салаларының бәрі жаратылыстану ғылымдарына жатқызылды. Бұдан басқа жаратылыстану өзіне су жолы, шын мәнінде, барлық физикалық географияны да біріктірді. Әл-Фараби сонымен қатар, сол дәуірде мағынасы астрономиямен және космогониямен байланысты болып келетін географияға да үлкен мән берді.

Әл-Фараби жаратылыстану, жалпы барлық ғылымдардың дамуына үлкен үлес қосты, мысалы, ғалым Джордж Сартон өзінің «Ғылым тарихына кіріспе» деп аталатын жұмысында былай деп жазған болатын: «Әл-Фарабиді оқып білу біздің көзқарасымыз тұрғысынан аса қажетті, оның ғылымға, математика философиясына қосқан үлесін белгілі бір деңгейде азды-көпті анықтап бере алмаймын, маған оның еңбектері бойынша жазылған шикізаттар жетіспеді».

Әл-Фараби философиясы бір ғана емес[5], ондаған, жүздеген зерттеулерді талап ететін ауқымды мәселелерді қамтиды.

Біз оның философиясының жалпы негізгі қырларын ғана қысқаша сипаттап беруге тырысамыз. Бұл жерде, әл-Фараби философиясы оның саяси-әлеуметтік көзқарастарының негізі болып табылатындығын атап өткіміз келеді.

Әл-Фараби өзінің еңбектерінде маңызды проблемалық сауалдар тізбегіне жауап беру мақсатын қойды және олар туралы өзіндік пікірлерін жариялады. Ол өз заманының түйткілді философиялық сауалдарын теориялық тұрғыдан түсіндіріп берумен ғана шектеліп қалған жоқ. Әл-Фараби бұндай теориялық мәселелерді шынайылықпен қиыстырды, кейбір деңгейде бұл идеяларды іске асырудың да сәті түскендігін атап өту керек.

Ол философияны іздену мен пікірталастың күшті құралы ретінде қарастырды, философия жөнінде айта келе, ол гректің «филео» - құштарлық және «софия» - даналық деген сөздерінен құралатындығын, ал философ даналықты іздеуші екендігін айтады. Әл-Фараби философияның маңызды мақсаттарының бірі жаратушыны – қажетті – мәнді және оның ажырамас атрибуттарын тану деп есептеді.

Философияда әл-Фараби негізінен алғанда, орта ғасырдағы көптеген ойшылдар сияқты құдайды болмыстың алғашқы бастамасы ретінде таныды, бірақ, келесі кезекте, бәрібір сыртқы әлемнің объективті өмір сүретіндігін атап өтті.

Әл-Фарабидің философиялық көзқарастарын талдауда ғылымдарды жіктеуін қарастырудың кең мағынасы бар. Оқу мен оқытуда, өз ойларын жеткізуде, айтуда, сұрақ қоюда және жауап беруде

барлық ғылымдардың ішінде заттарға атау беретін, яғни, субстанция мен акциденция болатын тіл туралы ғылым бірінші орында болып табылатындығын көрсетті.

Екінші ғылым – грамматика, ол осы заттардың атауларын реттеуді нақыл сөздер мен сөйлеуді құрастыруды, субстанцияның орналасуын білдіруді, оның акциденциялары мен одан туындайтын салдарды анықтауды үйретеді.

Үшінші ғылым бұл – логика; ол логикалық фигуралар бойынша хабарлы сөйлемдерді қалай орналастыруды, оның арқасында ненің ақиқат, ненің жалған екендігін таразылайтын және танылмағандарды тануға алып келетін қорытынды шығаруды үйретеді.

Төртінші ғылым – поэтика. Әрі қарай әл-Фараби басқа да ғылымдарын тізбектейді: а) сандар (теориялық және практикалық) туралы ғылым; б) геометрия; в) байыптау туралы ғылым; г) астрология; д) барлығы туралы ғылым.

Бесінші ғылым – физика. Ол – физикалық денелер мен құбылыстар туралы ғылым (физикалық денелер – аспан, жер және олардың аралығындағы өсімдіктер мен жануарлар), оған жеті бөлік еніп зерттеледі, табиғи үйлесімділік, аспан мен жер, болмыс пен ыдырау, минералдар, өсімдіктер, жануарлар мен жан.

Алтыншы ғылым – метафизика, ол үш бөлімнен тұрады: а) шынайы әлем мен шынайы заттарда не болып жатқандығын зерттейді; б) жеке теориялық ғылымдар дәлелдеулеріндегі қағидаларды зерттейді; в) дене емес және денелерге бірікпеген шынайы өмір сүретін нәрселерді зерттейді.

Жетінші ғылым – азаматтық ғылым, ол әрекеттерді жүзеге асыратын және салттар қолданылатын аймақтарды анықтайтын мақсаттар мен адам тілектерінің мінезі мен әртүрлі әрекеттерін зерттейді; бұл ғылым екі бөліктен тұрады: а) бақытты анықтау; б) тұрмыс қалпы мен мінез-құлықты, мінездің қасиетін анықтайды.

Сегізінші ғылым – мұсылмандық құқық және тоғызыншысы – дін ілімі[6].

Әл-Фараби ұсынған ғылымдарды жіктеу Аристотель дайындаған жіктеумен ұқсас.

Әл-Фарабидің онтологиялық ойтолғамдарының тағы бір саласы «форма» мен «материя» туралы болғандықтан, ойшылдың бұл мәселеге қатысты идеяларынан былайша үзінділер келтіруімізге болады: «Мәселе осылай болса, бірінші материя формадан бөлек өмір сүре алмайды, сол сияқты табиғи форма да материядан жеке дара өмір сүрмейді. Керісінше, бірінші материя актуальді өмір сүрушіге айналуы үшін форманы қажет етеді. Бірінші материя мен форма бір-бірінің өмір сүруінің себебі бола алмайды, олардың екеуінің бірге өмір сүруін анықтайтын өзге бір себеп бар»[7].

Бұл мәтіннен (контекстен) көріп отырғанымыздай, материя мен форманың арақатынасының ашылуы олардың екіге қажет жарылуына (дихотомиясына) құрылады, әрі қайтадан біріккен түрде бір себепке бағынышты болып шығады.

Егер де әл-Фараби ұсынып отырған бірінші материя немесе жалпы материя формасыз актуальданбайтын болса, онда, «актуальданбаған материя дегеніміз не» деген логикалық сауал туындайды. Материяның актуальдануға міндеттелуі оның материя екендігін айғақтайтын бірден-бір ішкі мәні, онсыз материя болып табылмайды. Мәселен, болмыстың өмір сүруге міндеттелуі – оның басты талабы. Сондықтан актуальданбаған материя тек жоба ғана, ол тіптен материалдық емес деп те толығырақ ашып көрсетуімізге болады. Материалдық көрініске ену үшін ол актуальданады, актуальдану арқылы ғана ол өзінің материялық болмысына енеді. Актуальдандырушы форма – материядан бөлек бірдене емес, оның атрибуты ретінде танылады. Мәселен, дәстүрлі түсініктегі материяны кеңістік пен уақыттан және қозғалыстан тыс қарастырсақ, ол өзінің мәнінен ғана емес, өзінен-өзі айрылады, өзін-өзі жоғалтады. Осыған аналогиялық түрде алынған форма материяны материя ретінде тану үшін және болмысқа әйгілеу үшін қажетті бастапқы дәйектеуші. Бірақ материяның кеңістік-уақыт-қозғалыс атрибуттары мен форма бір ұғым емес екендігін де ескеруіміз қажет. Бұл тұстағы форма – әлдебір қызмет, материя үшін шақырылған трансцендентальдік құбылыс. Демек, бүткіл болмыс үшін ғана арналған форма оның трансценденциясы болып табылады. Ол анықталмайтындық қатынасқа құрылған. Бірақ форма материяның өмір сүруінің себебі де болып табылмайды және материядан оқшау өмір сүрмейді. Бар болудың негізі, өмір сүріп тұрудың өзегі – форманың қатысуы және оның материяға кірігуі екендігі сөзсіз деген түйін жасай аламыз.

Әл-Фараби өзінің философиялық тұжырымдамасында әлем алуан түрлі материалдық элементтерден құралған – от, су, жер, ауа және осылармен бірінғай – бу, жалын, құрғақ пен ылғал.

Әрбір нақты зат болмыс пен мәннен тұрады, бірақ заттар болмысы оның мәнімен тура сәйкес емес. «Біз болжамдаймыз, барлық өмір сүріп тұрған заттарға,-дейді Әл-Фараби,-мән мен болмысы тән («махия» және «воджуд»). Біз ақылмен оларды бір-бірінен ажыратамыз.

Мәннің болмыс емес екендігі айқын және оның ұғымы болмысқа кірмейді, егер адам мәні, (мысалы) болмыспен парапар болса, (онда) оның мәні туралы түсінік оның болмысы туралы түсінікпен сәйкес болуы тиіс еді, адамның өмір сүретіндігін білу үшін адамның кім екендігін білу, бізге жеткілікті болар еді. Сонымен, барлық түсініктер бекітілумен сабақтасуы тиіс болар еді (қажеттілік бойынша)»[8].

Әл-Фараби барлық табиғаттың құбылыстарын жаратылыс заңдары бойынша түсіндіруге ұмтылады. «Барлық аспан денелері,-дей келе,-қозғалысқа келуінің арқасында ортақ табиғатты иемденеді»[9].

Сондықтан, Әл-Фараби философиясының бастапқы қағидалары табиғатты түсіндіруде құдайдың құдыреттілігі мен даналығына сүйенген догмалық сілтемелерден әрі аса алмайтын ислам схоластарына қарсы бағытталды.

Әл-Фараби бойынша қозғалыс дененің қасиеті. Заттық әлем өзіне қозғалыс мүмкіндігін жинақтаған. Әл-Фараби ілімі бойынша заттардың алты қағидасы бар:

- 1) Құдайлық немесе алғашқы себеп;
- 2) Екінші себептер немесе аспан аймағы;
- 3) Белсенді интеллект;
- 4) Жан;
- 5) Форма;
- 6) Абстрактілі материя

Сонымен, әл-Фараби сыртқы әлемнің өмір сүретіндігін айқын және нақты мойындаған.

Әл-Фараби пайымдауларында табиғаттың ғылыми сипатының пайдасына шешілетін және әрі қарай өз бетінше дамуы мен өзгерісіне алып келетін, ғалымды парасатты тұжырымдарға жетелейтін шынайы мәселелер алынады.

Әл-Фараби басты төрт элементтің: от, ауа, су, жер қатысуынсыз қандай-да болмасын нәрсенің пайда болуы мен рәсімделуі ақылға сиымсыз екендігін түйсінді. Бұндай сауалдың қойылуы түбірлі кейіпте табиғаттағы барлық оқиғаларды құдайдың құдыреттілік еркімен байланыстыратын мұсылмандық ортодоксальділікке қайшы болды. Ортодоксальді исламның үстемдік етіп тұрған шағында оның ғылыми пайымдаулары білім деңгейі мен жаратылыстану жетістіктерін бейнелеп қана қойған жоқ, әл-Фарабидің батылдығы мен ерлігінің куәсі болды. Осындай тұжырымдарымен ол орта ғасырлық шығыстағы ғылыми қауымдастықта жылдар бойы тамырланған діни-клерикальдік құрылымдармен келіспейтіндігін білдірді.

Әл-Фарабидің еңбектерінде таным теориясы деп атауға болатындай мәселелер қарастырылады. Оның философиялық жүйесінде таным теориясы маңызды орын алады, сонымен қатар бұл қызықты және маңызды бөлім болып есептеледі. Онда ойшыл ілімінің ғылыми-танымдық беталысы анық көрініс табады. Сөйтіп, ол әлемнің танылатындығы туралы пікірде қалды.

Әл-Фараби өзінің таным теориясын ұсынуда алдымен ғылымға жүгінеді, оның түсінігі бойынша ғылым таным үдересінде маңызды орын алады. Одан соң сезімдік танымның, интеллектінің, оймен танудың ролін қарастыруға бет түзейді.

Әл-Фарабидің анықтауы бойынша, ғылым үш негізгі элементті қамтиды: нақты тақырып, күмәнсіз айғақтар, дәлелдеу. Олар таным үдересінде белгілі бір роль ойнайтын оймен, интеллектімен, сезім мүшелерімен қабысады. Сезім мүшелерінің және интеллектінің көмегімен тікелей танымға қол жеткізіледі, ойлау тұжырымдары арқылы заттардың мәні танылады.

Әл-Фарабидің таным теориясы салыстырмалы түрде Аристотельдің пікірлерімен сәйкес келеді, мысалы, таным үдересіндегі сезім мүшелерінің ролі.

Әл-Фараби мен Аристотель адам танымы қозғалушыдан бұрын болатын сыртқы құбылыстар мен нәрселерді шақыратын сезімдік қабылдаулардан, түйсіктерден бастау алатындығын тұжырымдайды. Қабылданатын нәрсе алғашқы, ол қабылдаудан бұрын өмір сүреді. Қабылдау пайда болуы үшін, әл-Фарабидің пікірі бойынша, оның объективті көзі болуы қажет – сол нәрсе немесе сыртқы әлем құбылысы. Адам, әл-Фараби тұжырымы бойынша, сол немесе басқа да түйсіктерді ырықсыз түрде шақыра алмайды, не олар қашанда сыртқы әсерлердің нәтижесі болып шығады[10].

Таным субъектісі үш күшті иеленетін адам болып табылады: биологиялық, жануарлық және адамдық, олардың үшеуінің тұтастығы біртұтас сезімдік күшті құрайды[11].

Әл-Фараби түйсік пен қабылдаудан басқа, елестету мен ұғым сияқты таным формаларын талдайды[12].

Әл-Фараби сезімдік қабылдау тек қана бастапқы таным, бұл тұста адам тек жекелерді ғана

танитындығына, жеке нәрселер мен құбылыстарды біле алатындығына назар аударатырып, таным үдерісінде абстрактілі ойлаудың ролін мойындайды. Таным оларға ортақ болып келеді, шынайы ғылыми білім тек қана абстрактілі ойлаудың көмегімен ғана қол жеткізіледі. «Заттардың ақылға жетімділігі оның мәнінің танылатындығына байланысты. Жеке субстанциялардың ақылға жетімділігі оның әмбебаптылығы зердемен танылатындығына байланысты... Сонымен, жеке субстанциялар ақылға жетімді болуы үшін субстанция әмбебаптығына мұқтаж, ал субстанцияның әмбебаптығы өмір сүруі үшін жеке субстанциялаға зәру... Әмбебаптар жекелердің өмір сүретіндіктері арқылы бар болып тұрса, ал жекелер әмбебаптар арқылы ақылға жетімді»[13].

Аристотель ізімен әл-Фараби таным үдерісі кезіндегі сезімдік және ақыл-ой сәттері туралы сауалды дұрыс шешті. Бірақ Аристотель үшін жалпыны материалистік тұрғыдан негіздеу қолжетімді бола алмады. Аристотель идеализм мен метафизика жолымен нық жүрді, жекені танудан жалпыны тануды бөліп алды, абстрактілі ойлауды оның негізгі көзі – сезім мүшелері көрсеткіштерінен ажыратып тастады.

Сыртқы дүниеде өзіндік көзі бар сезімдік танымға ақыл ой танымын метафизикалық тұрғыдан қарсы қойды, ақыл танымының көзін тұтастай ақылды қандай-да бір абсолютті тәуелсіз, таза форманың формасы ретінде көрді.

Бұған қарама-қарсы абстрактілі ойлау мен оның шығу көздері туралы мәселені әрі қарай шешуге Әл-Фараби неғұрлым жүйелі және ғылыми тұрғыдан келді. Акциденцияны олардың арасында ешқандай дәнекер болмағанның өзінде де бес сезім мүшесі қабылдайды, ал субстанцияны ортасындағы аралық буын қызметін атқаратын акциденция арқылы тек ақыл ғана қабылдайды, ақыл түстің артында небір боялғандық бар, дауыстың артында естілетіндік бар екендігін таниды, Әл-Фараби танымның негізіне жалпыны да, жекені де, сыртқы әлемді де қойды. Сонымен қатар, жалпы мен жекені танудың көзі онда ойланушыға бейнеленетін және танитынға танылатын, ойланылатын сыртқы әлем болып шығады. Бұл жоспарда әл-Фарабидің таным теориясы «бірінші ұстазға» қарағанда неғұрлым ғылыми.

Тұтастай алғанда, Әл-Фараби сезімдік танылатын заттардың арақатынасы туралы сауалды ғылыми тұрғыдан дұрыс шешіп береді. Сонымен қатар, сезімдік қабылдауды жүзеге асыруға қолдау білдіретін ішкі сезімдерді түсіндіріп беруде сезімдік қабылдау үдерісі туралы білімнің шектелетіндігі айтылады.

Жоғарыда айтылғандардан туындап шығатындардан мынадай қортынды жасауымызға болады: әл-Фараби біздің біліміміз өзінің мазмұнын сыртқы әлемнен алатындығы, сезімдік қабылдау абстрактілі ойлау үшін шикізаттар дайындайтындығы туралы дұрыс тұжырымдайды. Бірақ, диалектиканы түсінуде жалпыдан жекеге қарай өтуде әл-Фарабиден бірізді еместік пен анықталмағандық көрінеді.

Біздің сезім мүшелерімізге әсер етудің тәсілі туралы албырт түсініктері жағдайында, сезімдік қабылдаудың барлық сөзсіз шындығы жағдайында әл-Фарабидің таным теориясы өзіне көптеген ғылыми көріністерді жинақтайды. Ол дүниенің танылатындығына, сезім арқылы алынған және оған негізделген толғаныстар арқылы қалыптасқан білімнің дәйектілігіне күдік келтірмейтіндігін сыртқы әлемді мойындаудан туындатады.

Сонымен, қортынды шығара отыра, әл-Фарабидің жаратылыстанулық-ғылыми және философиялық зерттеулері ғылыми теория көріністерін өзінде сақтады деп айта аламыз. Ол сонымен қатар, өзінің әлеуметтанулық-саясаттанулық көзқарастарында ғалымның интеллектісін тәртіпке келтірді, тарих пен саясаттың айғақтарын, әлеуметтік өмірді шынайы түсіндіруге мәжбүрледі.

Әл-Фарабидің әлеуметтанулық-саясаттанулық көзқарастарын сипаттау үшін оның «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», «Бақытқа жету жайында», «Азаматтық саясат» сияқты еңбектерін нысанаға алу неғұрлым маңызды болып табылады.

Дәл осы тұста, біз, оның түсіндірмелеріне кезігеміз, бастапқы жалпы әлеуметтанулық-саясаттанулық қағидаларын түсінеміз, оларды қоғамдық құбылыстарға, жалпы тарихи үдеріске арналған теориялық және әдістік тұрғылар деп те айтсақ болады.

Бұл жұмыста феодализмнің жеке қырларына өткір сын айтылады және адамзат қоғамы ұмтылуы тиіс қоғамдық-саяси мұраттарды суреттеуге ұмтылыс іске асырылады.

Алдымен, әл-Фарабидің бастапқы жалпыәлеуметтанулық-саяси ұстанымы феодализм мен үстемдік еткен ислам доғамаларына тікелей қарама-қарсы екендігін атап өтеміз. Өзінің заманына алым берген әл-Фараби құдайдың әлемнің бірінші себебі екендігін шартты түрде мойындауына мәжбүр болды. Бірақ, адам мен қоғамның пайда болуы мәселесін түсіндіру сәтінде әл-Фараби ғалым ретінде ислам доғмалары мен феодализмге қарсы бұлқыныс жасайды.

Адам оның түсінігі бойынша, құдайдан емес, табиғаттың табиғи дамуының өнімі дегенге қиысатын пікірлерді ұстанады. Адамның пайда болуы туралы әл-Фараби былай дейді: Табиғи материалдық денелер қалай пайда болады (туралы), қалай бірінші пайда болатындығы, қалай екінші болатындығы, қалай соңғы болатындығы, соңғы қалай болатындығы – бұл адам.

Әл-Фараби адамды ойлайтын тіршілік иесі деп білді. Бірінші баспалдақ,-деді ол – адам адам болатындығы, бұл әрекетте зерделі және қабілетті болуға дайын табиғи форма пайда болған жағдай. Дәл сол бәріне ортақ, зерде қызметінен екі сатыда ажырайды: тарығушы зердеден әрекет зердесі мен табылған зерденің құрылуына өту. Адамның, адамзаттың осы бірінші сатыға өтуі мен әрекетшіл зерденің аралығында тағы екі саты болады. Тарығушы зерде мен табиғи пішін тұтастықта болатындай бірлікте болған жағдайда, материя мен форманың ұштасуы жағдайында, сонымен қатар, бұл адам адам кейпіне түскен жағдайда, дәл осы сәтте, тарығушы зерде әрекет зердесі болып шығады – бұл жағдайда оны әрекет зердесінен бір ғана саты бөліп тұрады. Табиғи пішін тарығушы зерденің материясы болған сәтте, әрекет зердесі болса, тарығушы зерде табылған зерденің материясы болады, табылған зерде әрекетшіл зерденің материясы болады және олар бірігіп күрескен сәтте,-сол уақытта нақ сол адам әрекет зердесі болып тұратын адам болып шығады[14].

Табиғаты жөнінен әрбір адам былай құрылған,- дейді әл-Фараби,- өзінің жеке өмір сүруі мен жоғары кемелділікке жету үшін ол өзіне жалғыз өзі қол жеткізе алмайтын көптеген нәрселерге мұқтаж болады және оған жету үшін олардың әрқайсысына жеткізіп беретін, қажеттіліктің сұранысына байланысты қандай-да болмасын нәрселердің тұтастығын қатамасыз ететін адамдардың қандай-да бір қауымдастығына мәжбүр. Сондықтан, әрбір адам басқа адамдарға қатысты алғанда дәл осындай жағдайда болады. Міне, бір-біріне көмектесетін көптеген адамдардың бірлігі болғанда ғана оның өмір сүруі үшін қажеттіні әрбіреуі басқасына үлестерін жеткізіп бергенде адам өзінің табиғаты тағайындаған кемелділікті ала алады. Бұндай қауымдастықтың барлық мүшелерінің қызметі тұтаса келе, өмір сүруі мен кемелділікке жетуі үшін қажеттіні әрбіреуінен жеткізіп береді [15].

Бұдан әл-Фараби Аристотельдің адамның қоғамдық тіршілік иесі екендігі туралы құнды пікірін жандандырып қана қоймағандығын, одан әрі тереңдеткендігін көруімізге болады. Бірақ бұл жерде әл-Фараби мен Аристотель көзқарастарының арасында айырмашылықтар байқалады. Аристотельде адам табиғаты жөнінен – қоғамдық, саяси жануар. Әл-Фарабиде заттарға деген қажеттілік адамдардың бұл табиғатын шарттастырады. Екінші – хайуандардан айырмашылығы әл-Фараби де, Аристотель сияқты адамды зерделі тіршілік иесі ретінде қарастырғандығы.

Әрбір адамның қызметі жалғыздықта өмір сүруге қажетті барлық жағдайларды жасай алмайды, өздерінің байқай бермейтіндіктеріне қарамастан, адамдар ұжымда ұйымдасып, ұжымдық өмір салтын кешеді. «Міне адамзаттық жекеліктер қалай көбейді және қоныс аударуға тұраралық жерлерге қоныс тепті, нәтижесінде адамзат қоғамы пайда болды, олардың ішінен біреулері толық қоғам, ал кейбірі толық емес болып есептеледі»[16].

Бұл тұста әл-Фарабидің адамзат қоғамының пайда болуының негізі үшін тек ұжымдық қызметтің арқасында өзін-өзі сақтау мен неғұрлым жетілгендікті қамтасыз ететін материалдық қажеттіліктер қажет екендігін айтқандығын, ал осы уақытта көпшілік мұсылман ойшылдарының тек қана адам құдайлық жаратылыс екендіктерін тұжырымдағандықтарын атап өтуіміз керек. Демек, әл-Фараби қоғамның пайда болуының шынайы тарихи себептерін табуға ұмтылды.

Біз жоғарыда атап өткендей, әл-Фараби бойынша қоғам толық және толық емес болады. Толық қоғамның өзі үш түрге бөлінеді: 1) ұлы қоғам – бұл жер бетін мекен еткен барлық адамзат қоғамының тұтастығы; 2) орта –бұл белгілі бір халықтың қоғамы; 3) шағын – белгілі бір бөліктегі қандай-да болмасын бір қала қоғамы[17].

Ал толық емес қоғам «ауылдасқандар мен кварталда тұратындар, одан соң – бір көшеде тұратындардың тұтастығы, содан соң – бір үйде тұратындардың тұтастығынан тұрады»[18]. Әл-Фараби бойынша квартал мен шағын аумақтар екеуі қалаға жатқызылады, бірақ, ауылдықтар қаланы қызмет ететін болған жағдайдағы мағынада айтылады. Бұл сәтте олар да кварталдар сияқты қалаға жатқызылып, оның құрамдас бөлігін құрайды. Көше кварталдың бөлігі, үй – көшенің, қала – жаргілікті халықтың, халық тұтас жер бетінде тіршілік ететіндердің бөлігі болып табылады.

Қоғамдық ағзаны қарастыра келе, әл-Фараби онда әр түрлі әлеуметтік топтар мен қалалардың болатындығын, оның құрамының біріңғай еместігін ажыратады.

Әл-Фараби бойынша, қоғамның әр түрлі топтарға жіктелуі әр түрлі себептерден пайда болған: еңбек бөлінісінің әсерінен; құлықтылық көзқарастардан; байлықты жинақтаудан және оған ұмтылудан; білімсіздіктен т.б.



Эл-Фараби бойынша, қоғам әр түрлі қалалардан тұрады, олар «Қайырымды қала» және оған қарама-қарсылар, бұлар: «Надан қала», «Өнегесіз қала», «Құбылмалы қала» және «Адасқан қала».

«Надан қаланың» өзі бірнеше қалаларға немесе топтарға бөлінеді, «Қажеттілік қаласы», «Алмасу қаласы», «Аласалық және бақытсыз қала», «Атаққұмар қала». «Қайырымды қала» эл-Фарабиде – болашақтың жобасы.

Эл-Фараби «қала» мағынасында белгілі бір адамдардың әлеуметтік тобын немесе қабаты туралы, кейде мемлекет пен қоғам туралы айтатындығын атап өту керек. Бұл сол кездердегі терминдік сөздік қордың жетілмегендігімен байланысты.

Белгілі бір әлеуметтік индивидуумдарға, топтарға тән қасиеттер мен сипаттардың, қабілеттердің, адамгершілік сапалардың әр түрлі болуына қарамастан, феодалдық қоғамдағы әр түрлі қабаттар мен қоғамдық топтар арасында қарама-қарсы болуына қарамастан, адамдар, эл-Фараби пікірі бойынша еріктері мен тілектеріне тәуелсіз қажеттілік күшімен бірге өмір сүреді және қоғамды құрайды.

Қоғамның қалыптасу үрдісі алғашқы қауым адамдары арасындағы өндірістік қатынастардың қалыптасуы үрдісімен сәйкес келеді, ал өндірістік қатынастар алғашқы қауым адамдары өмірді сақтау мен тағам табу мақсатында бір-біріне көмектің мұқтажынан инстинктивті түрде немесе саналы түрде болсын өткір сезілді. Тарихи құбылыс болып есептелетін қоғам тарихи дамудың әр түрлі сатыларынан өте келе, өзінің дамуы барысында: рулық байланыс кейінінен тайпалыққа, одан халықтыққа, одан ұлттыққа дейінгі өзгерістерді бастан өткереді. Осындай қалыппен, мемлекетке қарғанда қоғамның көнелеу тарихы бар. Бұны да Эл-Фараби аңдаған болатын.

Қоғамның әрбір мүшесі оның саны мен алып жатқан аумағына қарамастан, олардың адамгершілік қырларын анықтайтын өздерінің әрекеттеріне сәйкес құрылатын әр түрлі индивидтерден құралады, сол қоғамның өзі әр түрлі әлеміш индивидтер мен топтардың қажеттіліктерімен құрылатындығына, оларға өзара қарым қатынас пен өзара байланысты реттеп отыратын белгілі бір тәртіп пен жүйе талап етілетіндігіне қарамастан қоғам құрылады.

Бір сөзбен айтқанда, оларға әр түрлі мінез-құлық тән екендігіне, олардың әртүрлі әсерлер бойынша толқитындығына байланысты адамдардың бір-бірінен айырмашылықтары болады. Бірақ, кей жағдайда кездесетіндей, адамдар тәуелсіз және бірін-бірі жек көретін жағдайларда олар бірдей өмір сүре алмайды, өйткені, жоғарыда айтқандай, адамдар ұжымдасқан, бірлескен қызметтер арқылы өмір сүреді. Бұдан адамдар өмір сүруге кесел келтіретін әсерлерге тап болғанмен, ақылды басшылыққа алып, сол сәтте өзара көмекке мұқтаж болады, олардың арасындағы келісім болуы қажеттілігі туындайды.

Бұндай келісімдердің нәтижесінде заңмен бекітілген белгілі бір тәртіптер, мінез-құлық нормалары пайда болады, эл-Фарабидің ойы бойынша, сөйтіп, қала басшысы мен оның ізбасарлары тағайындалады.

Адамның, қоғамның, топтардың немесе «қалалардың» пайда болуын қарастыра келе, «қалаларды» жіктеп көрсетіп, «қалалық бірлестіктің» (біздің терминология бойынша мемлекет) пайда болуы туралы мәселенің мазмұнын ашуға қарай ауысады. Эл-Фараби бойынша, мемлекет қалаларды біріктіру жолындағы тіршілік үшін күрес барысындағы адамдардың бірлестігі нәтижесінде туды. Мемлекет – бұл қоғамды басқару үшін құрылған арнайы құрылғы (белгілі бір қоғам шеңберінде). Мемлекет онда күрес құралы, қорғау, игілікке жету ретінде көрініс табады.

Мемлекет басшысы өзара көмекті ұйымдастыру жолымен бірлестіктің барлық мүшелерінің жеке бақытқа жетуіне және барлық халықтардың тұтастай жетуіне ұмтылады.

Осыдан, эл-Фарабидің пікірлерінен мынадай қортындылар туындап шығады: адамдар «қалалық бірлестіктер» (мемлекет) құрады, себебі, біріншіден, барлық қоғамдарда жинақы өмір сүреді; екіншіден, арнайы қоғамдық-шаруашылық мақсаттарын қажеттілік бойынша орындай отырып, әр түрлі мінез-құлық пен қабілеттерін иеленгендіктен, белгілі бір қатаң тәртіптің орнығуына мұқтаждықтан. Сондықтан, белгілі бір аймақтағы халықтың үстіндегі ағза ретінде «қалалық бірлестіктер» адамдар арасындағы қоғамдық және шаруашылық байланыстарды реттейді, сол қаланың азаматтарының мінез-құлық тәртібін тағындайды және басшымен бірлесе отырып белгіленген бақытқа жету мақсатында азаматтардың өзара көмегі мен өзара байланыстарын ұйымдастыруға ұмтылады. Адамдар «қалалық бірлестіктердің мүшелері болып табылады,-деп жазады эл-Фараби: «олардың табиғатынан берілгендері бойынша ғана емес, өздерінің ерік көздері болып табылатын пайда болатын қасиеттер арқылы, өнер және басқалар сияқты. Қабілеттері бойынша адамдағы дененің табиғи түрде құрылған органы – өзіндік ерікті иемденетін қалалық бірлестіктердің жағдайлары мен қабілеттерінің мүшесі»[19].

Әл-Фарабиде мемлекет адамдарға тән табиғи және ерік қасиеттерінің салдары ретінде, сондай-ақ, адамдардың басқа тіршілік иелерінен айырмашылығы үкімет пен билікті орнықтыру қажеттілігін сезінетіндігінде.

Бұл мәселеде әл-Фарабидің ұстанымы көне грек философы Платонның «Мемлекет» еңбегінде мазмұндалған саяси тұжырымдамасына жуықтайды, ғалым айтқандай, мемлекет адамның өзіне өзінің жеткіліксіздігінен туындайды, сондықтан, әрбір бөлінбейтін бөлшек өзгелердің көмегіне мұқтаж. Бәрінен бұрын, алдымен, өмір сүруі үшін адамға не қажет екендігін білу керек. Өмір сүру үшін, біріншіден, адамға, тіршілік етуді сақтап қалуы мүмкін емес болып табылатын нәрсе – қорек керек; содан соң, аптап ыстық пен сыртқы қатерлерден қорғану үшін мекен-жай мен киім қажет; бұдан басқа тәндік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін басқа да көптеген нәрселер керек. Сондықтан, мемлекет, оған не нәрсе қажет екендігі тұрғысынан қарастырсақ, азаматтар өмірін көтермелеуге тиіс өнер, жер өңдеушілер, ағаш шеберлері, тігіншілер тағы басқа шеберлерден құралуы тиіс. Дегенмен, шеберлердің әрбіреуі өздерінің істері арқылы бір-біріне көмектесу үшін қажет екендігінен; осы істерден-ақ әділеттілік пен әділетсіздіктің бастауларын байқауға болады.

Бірақ әл-Фарабидің саяси ұстанымы Платонның айтқандарымен толықтай сәйкес емес. Олардың ілімдерінің айырмашылығы мынаған келіп саяды, Платонның «мемлекет» ұғымы «қоғам» түсінігіне келіп құйылады, ал әл-Фараби бұл ұғымға әр тарапты сипаттама береді.

Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» және «Азаматтық саясат» еңбектерінде қоғамның мемлекеттен бұрын пайда болғандығы, мемлекеттің қоғамнан бұрын болуы мүмкін еместігі айтылады. Сонымен қатар, ол қоғам мен мемлекеттің құдайлық сипатта пайда болуын жоққа шығарады. Әл-Фарабидің пайымдауларынан мынадай қортындылар шығарылады: қоғам мемлекетсіз өмір сүре алады, ал мемлекеттің өмір сүруі қоғамның өмір сүруінсіз мүмкін емес, ол өзінің дамуының белгілі бір сатысында мемлекетті тудырады.

Біз білетіндей, қоғам барлық кезде де мемлекетті ұйымдастырмады. Таптардың пайда болуына дейін адамдар ру мен тайпаларға келіп бірікті. Қоғамдық ілгерілеу әлеуметтік-таптық шеңберде жетілетін халық пен ұлттың пайда болуына алып келеді.

Әл-Фараби бойынша «Қалалық бірлестіктердің» қалыптасу үдерісінде басым роль жинақы өмір сүретін, осындай бірлесуге аса мұқтаж болатын, сондықтан, қала басшысына бағыну идеясын құлшына қолдайтын қоғам мүшелерінің ерік мотивтеріне тән.

Қала басшысы туралы айтқанда, әл-Фараби кімде-кім мүлікті иеленбесе немесе жоғары тектен шықпаса, «қала бірлестігінің» басшысы бола алмайтындығын да жазды. Бұл шектеулер, әрине, феодалдық дәуірге байланысты айтылған.

Әл-Фарабидің пікірі бойынша, мемлекет «қайырымды» және «қайырымсыз» болады [20]. «Қайырымды мемлекет» ол үшін болашақ, жоба. «Қайырымсыз мемлекет» - бұл аббастар халифаты. Бұл айтылған мемлекеттің екі түрін біз төменде көрсететін боламыз.

Қоғам мен тарих дамуында Әл-Фараби халықтың, ғылымның, мемлекет басшысының, табиғи байлықтың ролін мойындайды.

Тарихта «халық,-деп жазды ол,-барлық қалалар бақытқа жету үшін бір-біріне көмектеседі, қайырымды халық бар» [21].

Әл-Фараби ғылым мен ағартуды, оның қоғам дамуы барысындағы ролін жоғары бағалады. Оның тұнып тұрған ағартушылық ойлары философиялық білімдер мен ғылым дамуына бағындырылған, ол өзі айтқандай, сол арқылы қоғам қайырымды бола түседі.

Әл-Фараби қоғамның ілгерілеуі үкімет басшысына байланысты екендігіне сенді. Ол егер басшы қабілетті, күшті, қарапайым, ақылды, ғылымды сүйетін және гуманды болатын болса, онда адамдарды «қайырымды» қоғамға қарай жетелейді.

Әл-Фараби сондай-ақ, қоғам дамуы барысында табиғи байлықтардың ролін ашып көрсетуге ерекше көңіл аударды. Шындығында да, қоғам белгілі бір географиялық-аймақтық жерде орналасқан болса, оның дамуы, әсіресе, қалыптасуының алғашқы кезеңі белгілі бір деңгейде географиялық ортаға байланысты. Әл-Фараби «біздің планетамызда өзінің байлықтарын аямай ұсынатын тіршілік аумақтары бар» екендігін атап өтеді [22].

«Азаматтық саясат» және «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактаттарында әл-Фараби орта ғасырлық Таяу және Орта Шығыста алғашқы рет әлеуметтік қайшылықтарымен түршіктіретін феодалдық қоғамның саяси және моральдік келбетін тереңірек пайымдауға ұмтылды. Өзінің саяси теориясында дәуірінің өткір сауалдарын қоя білді және оны белгілі бір деңгейде шешіп берді. Ол адамдар арасындағы теңсіздікті көріп қана қойған жоқ, бұл ахуалды сынады.

Әл-Фарабидің феодалдық қоғамды сынауы, нақтырақ айтқанда, оның жеке қырларын сынауы ерекше жалпы әлеуметтанулық-саясаттанулық формада, әртүрлі қалаларды сипаттау кейпінде берілді. Әр түрлі қалаларды сипаттай келе, оның негізгі елеулі кемшін тұстарын көрсете келе, ғалым сол кездегі қоғамның елеулі кемшіліктеріне деген өзінің терістеушілік көзқарастарын білдірген болатын.

«Надан қалада» оның азаматтары философия мен ғылыми білімдерді түсінбегендіктен, адамдар арасындағы өзара көмектің негіздерін бұзып тастайды. Ал бұл әл-Фарабидің түсінігі бойынша, қайырымды идеяға зиян келтіре отырып, халық арасында қайырымды емес сезімдерді таратуға келіп ыңғайласады. Бұндай құбылыс өз кезегінде барлық алауыздық пен бұзылғандықтың шығу тегінің дем беруші ортасы болып табылады, ол «қайырымды қалаға» қарама-қарсы қалалардың бөлініп шығуының шарты.

«Надан қаланың» тағы бір ерекшелігі оның халқы бақыттан алшақ, олар бақыттың не екендігін де білмейді. «Надан қала», түптеп келгенде, тұрғындарының мінез-құлқы арқылы, басқаша өмір салты бойынша ерекшеленеді.

Неғұрлым өткір сынауға ұшыраған қалалардың бірі «Аласа немесе бақытсыз қала». Әл-Фараби ол туралы былай дейді: бұл қала тұрғындары жыныстық қатынастар, тамақтану, ішу рахатына ұмтылады, қысқаша айтқанда, олар сезім мен қиялға әсер ететін рахатқа ұмтылады, көңілді қоздыру және ермектердің барлық түрлерімен жұбаныш жасауға ұмтылады.

Оның түсінігі бойынша «Аласа және бақытсыз» қала тұрғындары қоғамдық пайдалы істермен шұғылданбайды, тірі ағзаны өлтіруге және азап шегуге мәжбүрлей отырып, өздеріне өмірлік жағдай жасау үшін дені сау ағзаның шырынын соратын паразиттер болып табылады.

Ол «Қайырымсыз қала» тұрғындарын қарастырған жағдайда, кейбір мәселелерде оларды жыртқыш хайуандармен салыстырады. «Біз, басқа бір көпшілік жануарларға бас салып және өзіне ешқандай пайда алып келмесе де, оларға зиян тигізіп немесе құртып жібергісі келіп, әлемде өзінен басқа тіршілік иесі болмасын дегендей немесе басқа барлық хайуандар өзіне шығын алып келетіндей көріп, тіпті оның өмір сүріп жатқанының өзі зиянды болып көрінетіндей әрекеттегі көптеген хайуандарды көріп жүрміз»[23].

Әл-Фараби «қайырымсыз қала» тұрғындарының өмірін сынай келе, алғаш рет орта ғасырда Аббас халифатындағы саяси-әлеуметтік қайшылықтарды көрді және көрсетіп берді.

«Егер сенімдері кей жағдайда ескі бұзылған көзқарастарға негізделген сәтте, - деп жазған болатын ойшыл,- қала надан немесе адасқан болады»[24]. Ол «айырбас қаласын» қарастыра келе, оны да сынайды. «Айырбас қаласы,-деп жазды ол,- тұрғындары бір-біріне жақсылық жасауға ұмтылғанмен, оны басқа бір мақсатқа жетудің құралы ретінде емес, бүкіл өмірінің мақсаты ретінде ауқатты байлыққа жету үшін пайдаланады»[25].

Ол «Азаматтық саясатта» адамдардың бұл тобы байлыққа қандай жолмен келетіндігін көрсетіп беруге ұмтылады. Ол былай дейді: «адамдардың бұл тобы байлыққа сауда жасау арқылы қол жеткізеді, мүлкін жалға беру т.б.»[26] сондай-ақ ұрлау арқылы да.

Бұл қаланың тұрғындары әсіресе саудамен шұғылданады. Әл-Фараби өздері өндіріспен тікелей айналыспай өндіріспен айналысатындардың еңбек өнімдерін алып-сату есебінен күн көретін көпестердің, алып сатарлардың, өсім алушылардың тұрмыс салтын бейнелеп беруге ұмтылады. Бірақ олардың қоғамда өзіндік салмағы да болғаны рас.

Әл-Фараби адамдарды топтарға немесе қалаларға бөліп көрсете келе, өзге елдерді жаулап алатын әскери аристократияны да сынайды. «Олар әрбір адам өзі олардың барлық иеленген игіліктерін пайдалануы тиіс және өздеріне пайдалы болатындардың бәрін алу үшін күресу керек, өзіне жау санағандарды жеңсе, нағыз бақытты адам сол деп есептеді»[27]. Ол сондай-ақ, «қайырымсыз» қала тұрғындарының құл қылу мен мәжбүрлеу арқылы қалаларды біріктіруін ақтайтын көзқарастарын да сынайды. Әл-Фараби бұл қаланың көзқарасын былайшы сипаттап береді: белгілі бір топтың адамдарын өздеріне бағындырып, құл қылу кейіннен осындай тәсіл арқылы тағы басқа адамдар тобын құл қылып бағындыру үшін.

Ол «қайырымды қалаға» қарсы тұратын басқа да адамдардың тобын сипаттайды. «Билік сүйгіш қала,-деп атап көрсеткен болатын ол,- бұл қала тұрғындары өздері ешкімге бағынбай, өзгелерді өзіне бағындыруға ұмтылады; олардың күш-қуаты тек қана өздеріне жеңіс алып келетін қуанышқа жетуге бағытталады»[28]. Бұдан көріп отырғанымыздай ойшыл мәжбүрлеу мен күштеуге түбегейлі қарсы.

Әл-Фараби «данққұмар қала» мен «сладолюбивый қаланы» да сынайды, бұндай қалаларды ол былайша сипаттаған еді: «Данққұмар қала тұрғындары бір-біріне өздерін басқалар мақтау, дәріптеу,

өздері туралы басқалар айтып жүру, бұлар туралы басқа да халықтар білу, өздерін сөзбен, іспен даңқа бөлеу және ұлығылау үшін, өзгелердің көзіне, бір-біріне жарқырап және даңғазаланып көріну үшін бір-біріне көмектесуге ұмтылады, - бұлар осы ұмтылыстардың өлшемдері болады. Сладолубивый қала – бұл, тұрғындары өздерінің құмарлықтарын ешнәрсемен де шектемей, әрбіреуі не қаласа, соны еркін жасай алуға ұмтылатын қала»[29].

Бұл қаланың басшылары да сол қаланың өзі сияқты болып келеді. Олардың әрбіреуі басқаратын қаласында өздерінің құмарлықтары мен ұмтылыстарына жету үшін жұмыс жүргізеді. Бұл қаланың тұрғындарының істері жоғарыда атап көрсеткендердің барлығын өмірдің мақсаты ретінде қоятындығымен келіп шарттасады.

Әл-Фараби бойынша, сондай-ақ, «өнегесіз», «құбылмалы» және «адасқан» қалалар да «қайырымды» қалаға қарама-қарсы. «Өнегесіз», «құбылмалы» және «адасқан» қалалар ұғымында әл-Фараби, әсіресе, игілікке жету болып саналатын өздерінің мүдделері мен белгілі бір мақсаттарына ұмтылған әр түрлі адамдардан құралған әр түрлі қабаттардағы дін иелері жатқызылды. Адасқан қала, – деп атап өткен ол, бұл бақыт осы өмірден кейін деп түсінгендер. Әл-Фараби бұл қаланың басшысына өзін жоғарыдан шырайланған деп есептейтін, бірақ шындығында олай емес, сол үшін жалғандықты, астамшылықты, алдауды пайдаланатындарды жатқызады.

Әл-Фараби «Қажеттілік қаласына» үлкен аяушылық сезіммен қарады. «Қажеттілік қаласы» ұғымында, алдымен, еңбекші халық, феодалдардың қатаң эксплуатациясында болатын қаладағы кедейлер мен шаруалар легі түсінілді. «Қажеттілік қаласы, бұл тұрғындары тек қажетті заттармен ғана шектелуге, яғни, тіршілік ету үшін тәнге қажеттілер – азық-түлік, киім мен мекен-жай, жыныстық қатынастар және осыларға жету үшін бір-біріне көмектесуге ұмтылатындар қаласы», - деп атап көрсеткен әл-Фараби[30].

«Қажеттілік қаласында» ұрлық та көрініс табады. Бұл «қажеттілік қаласына» жататын адамдардың қалыпты өмір сүру жағдайлары болмайтындығынан, аштан өліп қалмас үшін ұрлықпен айналысуға мәжбүр екендіктерінен деп тұжырымдайды. Сонымен, әл-Фараби, іссіздік пен рахатқа, ішкілікке салынып, паразиттік өмір кешетін феодалдық қоғам өкілдерінің кемшіліктерін аша келе, «қажеттілік қаласының» тұрғындарындағы еңбек адамдарының кейдейшілік жағдайына өнегесіздік, даңққұмарлық, билікқұмарлық арқылы халықты осындай күйге түсірген билік еткен мемлекеттік таптар кінәлі деп көрсетеді.

«Қайырымсыз қаланы» сынға ала отырып, ол ғылыми білімді және философияны бағаламай, надандық, тойымсыздық пен күштеу үстемдік етіп, мемлекет дамудың ең төменгі деңгейіне дейін жететіндігін атап өтті. Әл-Фараби өздерінің сараңдығы мен өктемдігі арқылы қоғамның рухани күштерін қиратып, адамдардың жыртқыштық пен тойымсыздығын негізге алатын қоғам құратын феодалдық билеушілердің деспотизміне қарсы шықты. Бұндай қоғам, оның түсінігі бойынша, тек қана байлықты, билік пен рахатты бағалап, халықты білімсіздікпен, надандықпен, қайырымсыздықпен күштеу арқылы басқарады. Бұндай адамдар діни-теологиялық ұстанымдарға сүйеніп, ойдан шығарылған идеялары арқылы халыққа өздерінің үстемдігін орнатуға ұмтылады. Ол әділетсіздік пен зұлымдық түптің түбінде жоғалатындығына, жер бетінде тек қана ізгілікті істер басталатындығына сенді.

Оның саяси-әлеуметтік идеялары озық және гуманды болды, онымен Еуропа мен Шығыстың көптеген ілгерішіл ойшылдары тәрбиеленді. Әл-Фараби өзінің озық ойлары үшін дін иелері мен керітартпа жетекшілері тарапынан қуғындауға ұшырады. Мысалы, дін оқуының иесі Ғазали әл-Фарабидің әлеуметтік-философиялық жүйесін исламның догмалық қағидалары үшін қауіпті деп атайды, сондай-ақ оның шығармаларында барлық діндер үшін бүлдіруші және рационалистік ойлар жазылған деп есептейді[31].

Әл-Фарабидің феодалдық қоғамға сыни көзқарасы, кемшіліктерін атап көрсетуі оның әлеуметтанулық-саяси көзқарастарында қоғамдық мұраттар мәселесіне ерекше көңіл аударылғандығын айғақтайды.

Әл-Фараби адамдар бірлігі мәжбүрлеусіз және күштеусіз ерікті түрде құрылатын, өзара көмек пен сыйластық қатынастар негізінде жататын қоғамның болуы ықтимал екендігіне сенді.

«Надан», «өнегесіз», «айырбас», «адасқан» қалалардан басқа Әл-Фарабидің мемлекет туралы теориясының негізгі нысаны – өзі «қайырымды қала» деп атаған болашақта болуы тиіс мемлекеттің жобасын дайындауы. Жоғарыда айтылған сындардан байқағанымыздай, әл-Фараби бойынша «қайырымды қала» дін догмаларына деген соқыр сенімдерге, надандыққа, байлыққа ұмтылу мен аңсаудан азат болуы тиіс.

Адамзаттық игіліктердің таралуы әл-Фараби бойынша қайырымды мемлекеттің болуымен тікелей байланысты.

Әл-Фараби «қайырымды қалада» болуы тиіс болашақ қоғам сапаларын ұсынды: біріншіден, басында білімді билеуші отыруы тиіс; екіншіден, әділеттіліктің, теңдіктің, үстемдік етуі, өзге елдерді құл қылмау; үшіншіден, ағартушылық, философия мен ғылыми білімді бағалаушылық; төртіншіден, соғыстың, ұрлықтың, күштеудің болмауы; бесіншіден, аристократиялық өмір салты теріске шығарылады (іссіздік, маскүнемдік, бейбастық), бұл қоғамның барлық мүшелері еңбек етулері тиіс.

«Қайырымды қала» адамдар өздерін шынайы бақытқа әзірлейтін «дайындық бекеті» болуы тиіс. Мұнда қарама-қарсы қалаға тән болатын жағымсыз әрекеттер болмайды.

«Қайырымды қала» тұрғындары бақытқа жету үшін бір-біріне көмектеседі және бұл өзара көмек қайырымдылыққа сәйкес келетін көзқарасты ұстанушыларға ортақ осындай қалаларға, халықтарға, жер тұрғындарының барлығына тән болады.

Әл-Фараби «қайырымды қоғамда» өмір сүруге дайын болу үшін болашақ қоғамның адамгершілік тәрбиесіне, өнерге, адамдар мен балаларды оқытуға ерекше көңіл аударады. Оның пікірінше, бұл қоғамда саясат пен этика саласындағы алға өрлеудің шарты болып табылатын белсенді ақылмен басқарылатын адамдардың шығармашылық қызметтері дамуы тиіс.

Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Саясат», «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету», «Бақыт жолын сілтеу» шығармаларындағы басты этикалық мақсаты – Платон өзінің «Республика» атты еңбегінде түсінгеніндей, бақытқа жету жолын түсіндіру. «Бақыт жолын сілтеу» трактатында ол былай деп жазады: бақыт – адам тілектерінің түпкі мақсаты. Адам ұмтылатындарының барлығы, бұл – ізгілік пен түпкі жетілгендік. Бақыт жоғары игілік, адам қаншалықты бұл игілікке жеткісі келсе, оның бақыты да соншалықты толыққанды болады[32]. Әл-Фараби бойынша бақыт – құмарлықтарын ақылға бағындыру мен адам еркін жетілдірудің нәтижесі. Ақылдың өрістеуі кезінде адам қиялы бақытқа қарама-қайшы келетін қандай-да болмасын әрекеттерді іске асыратын құмарлықтарды қоздыруға қабілетсіз. Ол түпкі мақсат – қайырымды істердің көмегімен адамдардың бақытқа жетуі деп есептеді.

Әл-Фарабидің көрсетуі бойынша, қоғам адамдарды ақыл-ойға тәрбиелеуге ұмтылуы тиіс, адам ақыл-ойы дамыған жағдайда ғана кемелденуге жете алады. Зерде адамның атрибуты бола отырып, сол сәтте, моральдік және рухани тәрбиенің негізі, сонымен қатар, өз кезегінде, ол ғылым арқылы жаңғырады. Ғылым арқылы зерде жақсы мен жаманды, ізгілік пен зұлымдықты айыруға бәрінен де қабілетті. Аристотель ізімен әл-Фараби этикалық ілімдердегі діни түсініктерге қарсы шықты.

Тәрбиенің басты мақсаты – адам табиғатындағы жағымсыз жақтарды жеңіп, жағымды сәттердің өсуіне ықпалдасуға келіп тіреледі. Бұл үшін, әл-Фараби бойынша, этикалық тәрбиені ерте жастан, мектептен бастау керек, еске сала кететін жайт, тәрбиені тәжірибелік бағытта беру қажет, ол үшін алдымен, тәрбиелеушінің өзін тәрбиелеу қажет. Егер мұғалім оқушыдан шыншылдықты, сыпайылықты, әділеттілікті талап ететін болса, онда, алдымен, өзі осы сапаларды иеленуі тиіс. Оқушыларды абыройлы түрде тәрбиелеу үшін олардың дұрыс моральдік тұрғыдан өсуіне ыңғай келтіретін жағдайларды құру керек.

Әл-Фараби мадақтау өнегелері мен лайықты сөгіс тәжірибеден алынады деп үйретеді. Адамда мадақтайтын мінездер болуы да, болмауы да ықтимал, бірақ ол тек дағдының көмегімен оны алуға қабілетсіз.

Оқыту мен тәрбие егер де мұғалім мен тәрбиеші қала басшылығында немесе басшылық бұл мақсатта кімді сайласа, сонда ғана тәрбиеші мен мұғалім арқылы тәрбие аяғына дейін жеткізілетін болады.

«Қайырымды қала» басқа да адамдарды тарту үшін тартымдылық күшті көрсетуі қажет. Ол барлық қарама-қарсы қалаларды қайырымды қалаға, қарама-қарсы халықтарды қайырымды халыққа айналдыруда үлгі қызметінде болуы тиіс. «Қайырымды қала» әл-Фараби бойынша, тұрғындары барлық ғылым салаларымен, біліммен, мәдениетпен таныс болатындай ағартушы қала болуы тиіс. «Қайырымды қала» қаншалықты білікті болса, оның халқы соншалық деңгейде «надан қалаларда» кездесетін адам табиғатына қайшы келетін әрекеттерді жасамайды.

Әл-Фарабидің айтуынша, қаладағы адамдардың жоғары шенділерге қатынасы тұтас қоғамның игілігімен және әрбір жеке адамның игілігімен қамтамасыз етілуі тиіс.

Ол үшін қайырымды қаланың абыройлы тұрғыны қатарына ену үшін әрбір жеке адам адамдарға жасаған барлық әрекеттерін талдап отыруы тиіс және сорақыларынан қашып, ішіндегі ең жақсысын таңдауы керек, ал ең үздік әрекет – істегі бірінғайлық.

Жалпы айтқанда, ол қайырымды қала тұрғынына «қайырымсыз қоғамға» қатысты көзқарастары болмас үшін, бұл қоғам мүшелері «жоғарырақ» бақытқа жету мақсатында бір-біріне көмектесу үшін, тым жоғары талаптар ұсынды.

Әл-Фараби барлық ізгіліктер шындығында еркін таңдау мен тілектері бойынша қол жеткізілетіндігін атап өтті. Адамдар өздерінің мүдделері мен тілектерін біріктіре отырып, «қайырымды қоғамды» құрады, сондықтан барлық қала бақытқа жетуге қызмет етеді. «Қала,-деп атап көрсетті ол,- адамдардың бірлігі іс-әрекеттерінде өзара көмекті мақсат ететін, ол арқылы шынайы бақыт алынатын болса, қайырымды болып саналады, сонымен қатар, қоғамда, бақытқа жетуді мақсат ете отырып, адамдар бір-біріне көмектесетін болса, бұл қайырымды қоғам»[33].

«Қайырымды қала» ондағы адамдардың мұқтаждықтарын қамтамасыз ету үшін олардың қамын ойлауы тиіс. Мемлекет бұл жағдайда қайырымды, дейді ол, егер ол жасампаздық бастауға сүйенсе. Бұндай мемлекетте, адам әрекеті исламдық ережелер мен доғмалар шеңберімен шектелмейді, шығармашалық белсенділік болуы тиіс және ғылыми танымды гүлдендіру керек, бұдан, кез-келген уақытта болашақ оқиғалар, заттардың өмір сүретін жағдайын көрсетуге мүмкіндік беретін аңғарымпаздықты иеленеді.

Әл-Фараби «Қайырымды қоғам» туралы айта келіп, қоғамды – қызметті жүзеге асыру барысында бір орталықтан басқарылатын, әрбір мүшеге өзіндік арнайы қызметтері бөлінген адам ағзасымен салыстырады. Қайырымды қала,-деп атап көрсетеді ол,- жанды тіршілік иесінің өмірін сақтап, оны толыққанды қылып шығару үшін барлық мүшелері бір-біріне көмектесетін толыққанды, сау денеге ұқсас[34].

«Қажеттілік қаласына» талдау жасаған сәтте әл-Фарабиден қарапайым адамдардың өмірлік шарттарының күшейтілуі туралы ойлайтындығы анық байқалады. Ол кедейшілік өмірді бақылай келе, әділетсіз байлар тобы қаланың есебінен күн көріп, шаттық пен сәндікте өмір сүретіндігін, сол кезде қарапайым халық тек қана ең қажетті деген заттармен қамтамасыз етілуге мәжбүр болатындығының, сөйтіп, кемтарлық пен азап шегуге төзетіндігінің куәсі болды. Сондықтан, әл-Фараби оны жойғысы келді.

Оның түсінігі бойынша «Қайырымды қала» басшысы «тумысынан болған он екі табиғи сапаны» иеленген адам ғана болуы тиіс. Ол «күші орындауы тиіс әрекеттерді жүзеге асыруға жақсы бейімделген абсолютті кемелденген мүшелерді иеленуі тиіс, егер ол адам қандай-да болмасын бір мүшенің көмегі арқылы қандай-да болмасын бір әрекетті жүзеге асырғысы келсе, онда ол оны оңай орындай алады; оған айтылғандардың барлығын жақсы түсініп, ойланып көруді табиғатынан игеру керек, істің өзін қалай қою керек екендігін, айтып тұрған адам не ойлап тұрғандығына айтылғанның сәйкестігін ұғынуы тиіс; ол не түсінгендігін, көргендігін, естігендері мен қабылдағандарын, бәрінен ешнәрсені де ұмытпай бәрін есте жақсы сақтауы тиіс; өткір және қырағы ақылды иеленуі қажет, қандай-да болмасын нәрсенің болмашы белгісін байқаса, оның қандай нәрсені көрсетіп тұрғандығын сол сәтте ұғынып, ұстап алуы керек; өзі ойлап тұрған нәрсесінің барлығын толық айқындықпен жеткізіп бере білуі және мәнерлі буынды иеленуі қажет; оқу мен танымға деген құштарлығы болуы тиіс, оған жеңіл қол жеткізіп, білім алудан ешқандай да шаршауды сезінбей, бұл еңбектің түйінінен азап шекпейтіндей болуы қажет; тамұқтан, ішімдікті қолданудан және оған қосылудан қалыс қалуы тиіс, табиғатынан одан қашып, одан пайда болатын ләззаттардан теріс айналуы тиіс; шындықты сүйіп, жалғандық пен оған жүгінушілерді жек көруі керек; өрмінезді жанды және арды ардақтайтын: оның жаны барлық төменгі әректтерден жоғары тұруы тиіс және табиғаты жөнінен асқақ істерге ұмтылуы керек; дирхемді, динарды және басқа да күйбең тірлік атрибуттарын жек көруі қажет; табиғаты жөнінен әділдікті сүйіп, әділетсіздік пен өктемдікті, оны туғызатындарды жек көретін болуы қажет; өзінің адамдары мен өзгелерге қатынасы әділетті болуы, ізгілікті және әсемдікті қолдайтындардың барлығына әділеттілікті ниеттейтін болуы тиіс; әділетті, бірақ қырсық болмау, өзіндік құлықтылықты көрсетпей, әділеттіліктің алдында қасарысып тұрып алмауы керек; бірақ барлық әділетсіздік алдында толық табанды болуы қажет; қажетті деген нәрселерді жүзеге асыруда шешім қабылдағыш болуы, бұл жағдайда мықты, өр, қорку мен жасықтықты білмейтін болуы керек»[35].

Мүмкін бұндай «он екі туа біткен сапаны» иеленген адамның табылмауы да ықтимал,-деген әл-Фараби,-олай болса ол өзіне келісілген билікті және «қайырымды мемлекеттегі» ұжымдық басқаруды жіберіп алған (біреуі дана, ал қалғандары басқа шарттармен қанағаттанатын), бірақ онда «мемлекеттегі» билік басында мүліктік жағынан кім басым түссе және халыққа материалдық және рухани ләззат бере алатын адам болса сол тұруы тиіс.

Бұл жерде мемлекетті басқару жөніндегі мәселелер бойынша ол Платоннан басым түседі, Платон демократиялық басқаруға қарсы шықса, ал әл-Фараби егер бірінші мен екінші басқару түрлері табылмаса, мемлекетті демократиялық тұрғыдан басқару жағында болды.

Әл-Фараби феодалдық мемлекетте екі қызметті мойындайды: ол – ішкі мен сыртқы, ал «қайырымды мемлекетте» тек қана біреуін, бұл – ішкі қызметті ұсынады. Бұл жағдай шындыққа қарама-қарсы келеді – «қайырымды мемлекет» - бұл идеалданған мемлекет. Әлеуметтік-таптық құрылымда бұл мемлекетте басшы ағартушы және талантты болуы тиіс екендігінен басқа ешқандай өзгерістер күтілмейді. Сондықтан, мемлекеттің мәні сол қалпында қалады.

Әл-Фараби, жоғарыда айтылғандай, «қайырымсыз мемлекеттегі» әлеуметтік зұлымдықтың сақталуы көре алмады, бірақ жойғысы келгенмен, бұл зұлымдықтың шындығында да жойылу жолын көре алмады.

Кемшіліктерге, анық еместікке және қате тұжырымдарға қарамастан, өзінен бұрынғы, сол кездегі және кейінгі ғалымдардан, жоғарыда атап өткендей, әл-Фараби іліміндегі айырмашылық – мемлекет туралы пікірлерінің оңды жақтардың бар екендігі.

Әл-Фарабидің мемлекет, феодалдық экономикалық қатынастар үстемдігі кезіндегі мемлекеттік басқару формалары туралы шығармашылық идеялары кешірек ғалымның ізбасары ибн Бадждың ірі қоғамдық-саяси және философиялық «Бірдейлердің тұрмыс салты» еңбегінде және «Арабтардың, парсылардың, берберлердің басқа да халықтардың кең көлемдегі тарихы» еңбегінің авторы әйгілі араб ойшылы, тарихшысы ибн Халдунда әрі қарай дамытылды. Феодалдық қудалау, әділетсіздік пен соғыс дәуірінде әл-Фараби күштеусіз және құлдықсыз қоғам мұратын, барлық адамдар арасындағы, жер бетіндегі халықтардың достық қатынастары мен бейбітсүйгіштік мұратын батыл қозғады. Бірақ феодалдық дәуірде тарихи және жалпыадамзаттық мәнге ие болған бұндай мұраттарға шақыру батылдық пен озық ойлылық болды.

Сонымен, қорыта келе, мынадай тұжырымдар жасауға болады; әл-Фарабидің жаратылыстық-ғылыми, философиялық, әлеуметтанулық-саяси көзқарастары тарихтағы белгісіздігіне және феодалдық шектелген сипаттарға қарамастан, тұғыры жөнінен озық. Оның әлеуметтанулық-саяси көзқарастарынан саяси-әлеуметтік өмірдегі феодалдық қабаттар мен халықтық төмендікті жоюға деген ұмтылыстың стихиялы түрдегі бейнесін байқауға болады.

Осындай көзқарастары арқылы әл-Фараби өзінің халқына бағалы болды, атап айтқанда, өзінің шәкірттері: ибн Сина, Омар Хайям, ибн Рушд, Әлішер Новои, Низами, Бируни, Ұлықбек т.б. қатар көрнекті шет елдік ғалымдар: Леонардо да Винчи, Коперник, Кеплер, Лейбниц, Роджер Бэкон, Сигер Барабантский, Спиноза т.б. Дәл осы жағдай бүгін де біздің көңілімізді аудартпай қоймайды. Мысалы, әл-Фараби есімі мен оның трактаттарының легі XII-XIII ғасырларда-ақ көптеген Еуропа мемлекеттеріне белгілі болды. Ресейге XVI-XVII ғасырлар мен Шығыстың мәдениеті мен ғылымына арналған төңкеріске дейінгі орыс әдебиетінде орта ғасырдағы ірі ойшыл ретінде белгілі болды.

Әл-Фараби есімін озық ойлы адамзат құрметпен пайдаланған және пайдаланып келеді, оның тамаша мұралары әлемдік мәдениетке, ғылым мен философияға, саяси-әлеуметтік ойларға қосылған ірі қазына болып табылады.

Қазіргі кезеңде Әл-Фарабидің рухани мұралары тек бұрынғы Кеңестер Одағы мәдениетінде ғана емес, озық ойлы адамзат үшін де қазына.

Ол туралы жазылған әдебиеттер мен өзінің трактаттары латын, көне еуропалық, парсы, түрік, орыс, өзбек, қазақ, тәжік, ағылшын, француз, неміс, испан, итальян, поляк, украин тілдерінде кездеседі.

Әл-Фарабидің қоғам тарихы мен қоғамдық-саяси мұраттар бойынша ұсынылған саяси-әлеуметтік көзқарастарының бастапқы жалпы қағидаларын қарастыра келе, мынадай түйін жасауға болады: ол адам баласының, қоғам мен мемлекеттің пайда болуының тарихилық негіздерін мойындады, қоғам мен мемлекет адамдардың, халықтардың белгілі бір тарихи даму сатысында олардың шынайы сұраныстарымен байланысты түрде пайда болғандығын ұсынды. Бұл орта ғасырдағы ислам және феодал ортодоксиясынан, жалған ғылымның қамқорлығынан азат ету жолындағы батыл қадам болып саналады. Ғалым феодалдық қоғамдағы қайшылықты көре білді және орта ғасыр дәуіріндегі әлеуметтік-саяси зұлымдыққа қарсы тұрды. Феодалдық қоғамды сынап отырып, барлық басты ландарға кінәлі феодалдар, ортодоксиялық дін иелері екендігін атап өтті. Ол шынайы көңілімен феодалдық қоғамдағы зұлымдықты жоюды көздеді, бірақ одан құтылудың жолын көре алмады. Феодалдық қоғамды сынап отырып, ол жаңа «Қайырымды қоғам» туралы армандады және оны сипаттап берді. Әл-Фарабидің қоғамдық-саяси мұраттары, оның «қайырымды мемлекеті» орта ғасырдағы саяси-әлеуметтік утопиялардың бірі болып саналады. Оның көзқарастарының тарихи

шектеулілігіне қарамастан, Әл-Фараби Орталық Азия мен Қазақстандағы ең бірінші озық ойлы әлеуметтік-саяси ойшыл болды. Оның озық ойлары халықтар мен адамдарды алға, жарқын болашаққа шақырды.

- 1 Аль Фараби . О происхождении наук // С.Н. Григорян . Из истории философии Средней Азии и Ирана VII-XII вв. - М., 1960. - С. 149.
- 2 Қараңыз: Аль-Фараби. Математические трактаты. - Алма-Ата, 1972. - С.230.
- 3 Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX-XIX ғасырлар). - Алматы, 1964. - 74 б.
- 4 Қараңыз: Аль-Фараби. Естественно – научные трактаты. - Алма-Ата, 1987.
- 5 Қараңыз: Аль Фараби. Философские трактаты. – Алма-Ата, 1972; Его же. Историко – философско трактаты. Алма-Ата, 1985.
- 6 Қараңыз: Григорян С.Н. Средневековая философия народов Ближнего и Среднего Востока. - М., 1966.- С.162.
- 7 Фараби. Избранные разделы из оглавления «Книги о началах воззрения жителей идеального города» //Материалы по истории прогрессивной общественно-философской мысли в Узбекистане. - Ташкент,1957. - С.77.
- 8 Аль Фараби. О происхождении наук // Избранные произведения мыслителей стран Ближнего и Среднего Востока. - М., 1961. - С.155.
- 9 Аль Фараби. Философские трактаты. – Алма-Ата, 1972. - С.150.
- 10 Бұл да сонда. - С.235.
- 11 Бұл да сонда. - С.236.
- 12 Бұл да сонда. - С.240.
- 13 Аль Фараби. Комментарии к «Категориям» Аристотеля//Избран. произв. мыслителей стран Ближнего и Среднего Востока. - М., 1961. - С.178
- 14 Аль Фараби. О взглядах жителей добродетельного города// Григорян С.Н. Из истории философии Средней Азии и Ирана VII-XII вв. - М., 1960. - С.162-163.
- 15 Бұл да сонда. - С.156.
- 16 Бұл да сонда. - С.157.
- 17 Аль Фараби. Социально-этические трактаты. - Алма-Ата, 1973. - С.270.
- 18 Бұл да сонда. - С.272.
- 19 Аль Фараби. О взглядах жителей добродетельного города //Григорян С.Н. Из истории философии Средней Азии и Ирана VII-XII вв. - М., 1960. - С.158.
- 20 Аль Фараби. Социально-этические трактаты. - Алма-Ата, 1973. - С.281.
- 21 Бұл да сонда.
- 22 Бұл да сонда. - С.48.
- 23 Аль Фараби. О взглядах жителей добродетельного города //Григорян С.Н. Из истории философии Средней Азии и Ирана VII-XII вв. - М., 1960. - С.179.
- 24 Бұл да сонда. - С.179.
- 25 Бұл да сонда. - С.167.
- 26 Аль Фараби. Социально-этические трактаты. - Алма-Ата, 1973. - С.49.
- 27 Аль Фараби. О взглядах жителей добродетельного города //Григорян С.Н. Из истории философии Средней Азии и Ирана VII-XII вв. - М., 1960. - С.180.
- 28 Бұл да сонда. - С.167.
- 29 Бұл да сонда.
- 30 Бұл да сонда. - С.166-167.
- 31 Қараңыз: Григорян С.Н. Из истории философии Средней Азии и Ирана VII-XII вв. - М., 1960. - С.109.
- 32 Қараңыз: Григорян С.Н. Средневековая философия народов Ближнего и Среднего Востока. - М., 1966. - С.172.
- 33 Аль Фараби. Социально-этические трактаты. - Алма-Ата, 1973. - С.276.
- 34 Бұл да сонда. - С.290.
- 35 Аль Фараби. О взглядах жителей добродетельного города //С.Н.Григорян. Из истории философии Средней Азии и Ирана VII-XII вв. - М., 1960. - С.164.



## АБАЙДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ИДЕЯЛАРЫ МЕН ӨМІР ТІРШІЛІГІ

*Әбсаттаров Р.Б. - ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымының докторы, профессор;  
Қалдыбаева Т.Ж.-әлеуметтану ғылымдары докторы, профессор*

Мақалада Абайдың қоғамдық ғылымда әлі де жете зерттелмеген әлеуметтік-саяси көзқарастары мәселесі қарастырылады. Абайдың әлеуметтік-саяси идеялары мен идеалдары және феодалдық идеология мен діни догмаларды сынауы жан-жақты зерделенген. Сонымен қатар, мақалада алдыңғы қатарлы идеялардың оның ізбасарларына жасаған әсеріне де көңіл бөлінген. Мақалада Абайдың тұрғылықты халықты тәрбиелеу туралы идеясы қарастырылады.

**Тірек сөздер:** идея, идеал, даму, қоғам, поэзия, қайшылық, саясат, құқық, заң, ғылым, білім беру, тәрбиелеу.

В статье рассматриваются вопросы социально-политических взглядов Абая, которые еще недостаточно изучены в общественной науке. Более подробно изучены социально-политические идеи и идеалы Абая и его критика феодальной идеологии, религиозных догм. Вместе с тем в статье уделено внимание влиянию прогрессивных идей Абая на его последователей. В статье рассматриваются идеи Абая о воспитании населения.

**Ключевые слова:** идея, идеал, развитие, общество, поэзия, противоречие, политика, право, закон, образование, воспитание.

In article questions of socio-political views of Abay which are still insufficiently studied in social science are considered. Socio-political ideas and ideals of Abay and its critic of feudal ideology, religious dogmas are in more detail studied. At the same time in article the attention to influence of progressive ideas of Abay to his followers is paid. In article ideas of Abay about education of the population are considered.

**Keywords:** idea, ideal, development, society, poetry, contradiction, policy, right, formation, education.

Қазақстанның қазіргі қоғамдық-саяси ойларының идеялық қайнар көздері өздерінің бастауын өткен ойшылдардың әлеуметтік-саяси көзқарастарынан және тұжырымдамаларынан алады. Олардың көпшілігі адамзат қоғамын жаңаша, әділетті негізде қайта құру туралы армандаған еді. Осы орайда адамзат өркениетінің қазынасына құнды үлес болып қосылған Абайдың әлеуметтік-саяси ойларының үлкен де даңқты тарихының бар екедігін атап өтуіміз қажет. Абай прогресс үшін, тарихи алдыңғы қоғамдық-саяси құрылыс орнату үшін күресті. Нақтылай сөз етсек, ол ХІХ ғасырдағы басқа елдердің ойшылдарының дамыған қоғамдық-саяси ойларынан ешбір кем түспеді, кейбір мәселеде тіптен басым болғанын айтуымыз қажет.

Әрине Абайдың әлеуметтік-саяси көзқарастарын бір мақалада қарастыру мүмкін емес. Сондықтан бұл мақалада Абайдың кейбір әлеуметтік-саяси идеяларын қысқаша қарастырамыз.

Абай – ұлы ақын, қазақтың жазба әдебиетінің және әдеби тілінің негіздеушісі, философ, саясаткер, әлеуметтік танушы, адамгершілікті адам тұлғасын идеялық және теориялық жобалаушы, қазақ даласындағы әлеуметтік-саяси ойдың негіздеушісі және күрескер, халықтық ұстаз, ескі заман мен жаңа заман арасын білімі, ғылымы, идеялары, іс-әрекеті арқылы жалғастарушы.

Абайдың өмірбаянынан. Сөзсіз, осындай ерекше әлеуметтік, саяси, мәдени тұлғаны тудырған қандай уақыт пен факторлар деген сұрақ туады. Бұл сұраққа талай-талай қазіргі заман ғалымдары жауап іздеп келеді. Солардың алғашқы қатарында «Абай жолы» еңбегі арқылы күрескер және ақын Абайды әртүрлі қырынан терең талдап көрсетуді өзінің басты ғылыми-шығармашылық тағдыры еткен жазушылық өнердің алыбы, Қазақ ұлттық академиясының академигі, ССРО мемлекеттік сыйлығының иегері Мұхтар Әуезов тұр. Жазушы Абайдың өмірбаянын ашып көрсету жолында үнемі ізденісте болып, қажетті ақпарат алудың барлық әдіс-тәсілдерін іске қоса отырып, мүмкін болғанынша мәліметтер, деректер жинастырды. Жинақталған өмірбаян толықтырылып жарияланып отырды.

Ғалымдар, абайтанушылар жинақтаған материалдардың Абайдың әлеуметтік-саяси тұлғасын танып білудегі орны да ерекше. ХІХ ғасырдағы қазақ даласындағы бай және билеуші әулеттің баласының гуманист, ғалым, саясаткер, ағартушы және ұлы ақын, әлеуметтік әділдік үшін күрескер болып қалыптасуының себептерін қарастырғымыз келеді.

Абай Шығыс Қазақстан жерінде, Шыңғыс тауының баурайын мекендеген Тобықты руы қауымдастығы ортасында 1845 жылы туған. Өз әкесі Құнанбай, оның әкесі Өскенбай, үшінші атасы Ырғызбай, барлығы да ру ішінде үлкен билік иелері, елді аузына қаратқан ықпалды адамдар. Өз

заманының әлеуетті феодалы, ру басы биі, ел ішінде ата тегімен әмір иесі болып келген нағыз жоғары тап өкілдері. Туған анасы Ұлжан оны еркелетіп, Ибрагим атын Абай (абайлағыш, ойланғыш деген мағнада) деп атап кеткен. Анасының, әсіресе әжесі Зеренің ықпалымен ерте бастан халық ертегілері және аңыз әңгімелерімен, тарихи өлеңдермен танысқан, ісденіске, танымдық еңбекке қызығушылығы туған .

Алғашқы білімді үйде алған Абай сегіз жасында Семей қаласындағы Ахмет-Риза медресесіне діни оқуға берілді. Ойы терең, ақылды, ізденімпаз баланы схолостикалық білім қанағаттандырмады, ол өз бетімен білім алуға құлшына кірісіп кетті. Шығыстың классикалық әдебиетімен танысты және соларға еліктей отырып алғашқы шығармаларын жазды. Әкесінің мінезінің қаталдығын ескере отырып, оған айтпай, медресенің қатал жарғысына да қарамастан, Абай қаладағы орыс мектебіне оқуға түсті, орыс тілін үйренді. Әрі оны өткен ғасырлардағы және халық арасындағы сөз өнері, халықтық әндер, аңыз-әңгімелер, фольклор, айтыс өнері, жыршылық өнер қатты қызықтырды. Суфистік рухтағы лирикалық шығармалар ықпалымен махаббат тақырыбында өлеңдер жазды. Орта Азия ғұламалары – Новаи, Низами, Бабур, Физули еңбектерімен танысты.

Семей қаласындағы білім нәрінен сусындау рахаты, оқу ісі ұзаққа бармады. Баласын әкімшілік қызметке даярлау мақсатында, руды басқарудағы ізбасары етіп тәрбиелеу үшін әкесі Құнанбай оны 13 жасында ауылға қайтарды. Өзімен бірге ала жүріп билік ісімен таныстырды. Рулар, руластар арасындағы бірқатар тартысты, айтысты жағдайларға қатынасты, оның қыр-сырын бағдарлап, себеп-салдарларына ой жүгіртті. Қарастырылған істерді талқылап шешу барысындағы әкесінің қаталдығы мен әділсіздігімен келісе алмайтындығын байқады. Бай мен кедей болып жіктеліп отырған әлеуметтік ортадағы шынайы қоғамдық қатынастармен таныса келе кедей адамдардың жағдайын қорғағысы, жақсартқысы келді. Іс және сөз билігі өзіне берілген жағдайда ол мүмкіндігінше әділ үкімдер шығаруға тырысты [1].

Қауымдастық арасында билік тұтқасын қолында ұстаған әкесінің жанында жүріп, елдегі адами қарым-қатынастарды, оның әрқырлы себеп-салдарлары мен, халықтың жағдайын, халық кедейшілігінің түпкі негіздерін өз көзімен көріп, көкірегімен сезінді. Бір жағынан, ауқаты төмен халық жағдайының ауырлығына, екінші жағынан, билік адамдарының бір жақты өктемдігіне көз жеткізді. Сөйте жүріп Абай әкесімен біражола келіспеушілік жағына шықты. Әкесі қалаған іспен шұғылдана алмайтынын сезінген Абай, онымен қызметтік қатынасын үзіп, 1878 жылы поэзияға оралды.

Сөзсіз, ол бұрынғы Абай емес еді. Сол уақыттағы қоғамдық қатынастардың бірқатар қыр-сырын танып біліп, оны мен солына ой жүгіртіп, әлеуметтік көзқарасы өзгерген Абай, халықтың, қазақ даласының хал-жайы санасы мен жүрегіне қозғау салған, ойландырған, толғандырған Абай болатын. Қоғамдық ортадағы өзінің шама-шарқын бағдарлай отырып, мәдениет, өнер, білім, таным жолына біражола бет бұрды ол. Әлеуметтік мәдениеті шектелген ортада басқа әрекеттің бәрі құр бекершілік екенін де түсіне бастағандай.

Тағыда Семей қаласы, қалалық кітапхана, білім, ғылым жолындағы ізденістер. Осы қалада ол өзінің жаңа достарымен әрі өзі «ұстаздарым» деп санаған орыс революционерлері Е.П. Михаэлис, Н.Д.Долгополовпен танысты, Пушкинді, Лермонтовты, Крыловты, Салтыков-Щедринді, Лев Толстойды оқыды. Олардың бірқатар шығармаларын қазақ тіліне аударды, қазақ жұртшылығына қолжетімді етті. Кейбірін әнге де салды.

Абай балалық жастан шыға өлең шығара бастаған. Бірақ әкесінің оны саяси-қоғамдық істерге ерте тартуымен, өзі өмір сүріп отырған ортадағы айтыс пен тартысқа толы басқару ісімен айналысуға тура келгендіктен, өзінің ақындығын ұзақ уақыт көпшіліктен жасырып келді, әндері мен өлеңдерін достарының атынан таратқан. Тек өзінің қырыққа толған жасында, 1886 жылы ғана авторлығын ашты, өлеңдері жастар арасына тарап, оның төңірегіне алдыңғы қатарлы талантты жастар жинала бастады, оның қолдауымен орыс тілін үйреніп, әдебиетпен танысып, өз білімдерін көтерді. «Жайлаудағы жаз», тағы басқа өлеңдері өз атынан жарияланды. Өмірінің соңына дейінгі жылда нағыз шеберлік, шығармашылық өрлеу жылдары, әрі феодалдық-рулық қоғамның моральдық, мәдени, әлеуметтік, саяси артта қалушылығымен, патшалық қанаушылық салдарларымен күрес жылдары. Өзі өмір сүрген, кертартпалыққа малынып отырған қоғамдық ортадан көңілі қалып, шынайы тіршілігі жағынан осы ортада қала бергенімен, ой-өріс, ой-санасы, ақыл-ойы, сезім-түйсігі жағынан бұл қоғамнан алысқа ұзап шығып, ешқашан өшпейтұғын, қазіргі ғылыми тілде әлеуметтік болжау және жобалау деп аталатын ілімдерін жаздырған жылдар.

Біздің келтірген қысқаша шолу алдағы баяндалатын нақты деректерге сүйенетін ақпараттарда нақтылана, тереңдетіле түседі. Абайдың әлеуметтік және саяси өміртіршілігі туралы оның жанында

жақын жүрген, ақын өміртіршілігіне қызығушылық танытқан тұлғалар ой-пікірлері мен талдаулары аса құнды. Оны біз Тұрағұлдың естелігінен бастайық.

Абайдың сүйікті жары Әйгерімнен 1875 жылы туған ұлы, аудармашы, қазақ халқының елеулі ұлдары Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, С.Торайғыровпен тікелей қарым-қатынаста болған, олар бастаған азаттық күресі идеясын қолдаушылардың бірі болған, Семей қаласында жер ісі жөніндегі басқарма қызметкері болған **Тұрағұлдың «Әкем Абай туралы» атты** естелігін жазып қалдырған. Ол Мұхтар Әуезовпен тікелей байланыста болған. Тұрағұлдың естелігінде ұлы ақын, қазақ даласы тудырған әлеуметтік тұлғаның мінез-қылықтары мен өмірлік дағдылары туралы басқалар аузында айтыла да, жазылада бермейтін деректі мәліметтер береді. «Әкем жүзі ашық, ажарлы, көзі өткір, ашуы да, қуануы да жылдам, ширақ жан еді. Мәжілісі қызықты, сауықшыл, дастарханы да мол... байсың, кедейсің, қызметшісің деп кісі талғамайтын, бір тәуір мінезі бар адамдарды тауып, жақсы көріп, әңгімелесіп, қалжыңдап отырар еді.... Ұйқысы шағын, басқалардан кеш жатып, ерте тұру - әдеті. Ара-тұра таңертеңгі шайдан соң тоғыз құмалақ ойыны басталатын, бұл ойында әкемді жеңген адамды көргенім жоқ.... Шаруа жағына көзінің қырын сирек салады. Күндіз-түні босатпайтын елдің жұмысынан қолы тимейді.... Қалаға барғанда үйіне керек-жарағын өзі алып, апарған малын өзі саудалап сатқан емес, оны шаруасына ие етіп қойған жолдасы орындайтын.

Жалпы ғадетінде ақылынан гөрі махаббатын ардақтап, ақылдың суық сынынын қашып, көңіліне билетіңкіреп отырушы еді. Бірақ құдайдың өзіне мол берген өткір сезімінің арқасында, айтпасақта, не ойлап жүргенімізді айнытпай сезіп қоюшы еді....

Көбінесе таңертеңнен кешке дейін кітап оқиды да ара-тұра жастықты бауырына басып, алдына ақ қағазы, қолында қаламы, күңіреніп отырып өлең жазып тастайды. Өлең жазарда түрі өзгеріп, бір құсаға мінген кісідей өңі қашыңқырап, азырақ ентіккен кісідей танауы жебіренкіреп, көзі жасаурайды, естілер-естілместей күңіреніп, күбірленкіреп, жазып кеткенде көп тоқталып ойлана бермейді, қайта жазып түзетпейді де, өлеңнің тығыны ашылып кеткенге ұқсайды»[2].

«Қалаға барғанда әкем орта дәулетті достарының үйіне тоқтайтын еді, байдың үйіне ақы берсе жатпайтын. «Ой, тәңірі-ай, расходымды көтереді екен деп, байдың қабағына қарап, аңдап басып, абайлап сөйлеп, күшік күйеу сықылданып жатармын ба», - деуші еді деп еске алады Тұрағұл [3]. Ол Абайдың бірқатар өлеңдерінің жазылу себептері туралы да баяндаған. Айталық, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы» өлеңдерін Габдылрахим деген баласы Тюмен қаласындағы «Реальное училищеде», Мағауия мен Кұлбадан деген қыз баласын Семейдегі қалалық мектепте оқытуы кезінде, «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды» өлеңі 1884 жылы қыс қатты болып, ел жұтаған жылы жазылған. Абайдың 1881-1882 жылдары жазылған 30 өлеңнің аттары да аталып көрсетілген. Онегин мен Татьянаға тиісті аударма өлеңдері 1889-1892 жылдар аралығында жазылыпты.

Абайдың билікке, шешім шығаруы қатысты істері мен мінезі туралы да Тұрағұл өз естелігінде бірқатар шынайы деректер келтіреді. «Мен әкемнің топта билікке тартысып немесе айтысып, сөзін сарқа сөйлеп, суырылып отырғанын көргенім жоқ. Байлаулы жерінен қысқаша түйрем сөзді ақырын айтса, тыңдаушылар тоқтаса қалушы еді.... Әділ шара іздеп келгендерден оның да күтетіні шын сөзі болатын. Ұрылардың өзі «Абайдың алдына өтірікпен бара алмаймыз, жанымыз қалса, шын сөзіміздің арқасында қалады» дейді екен [4].

Інісі Оспан болыс болған жылдары Оразбаймен араздығы шиеленісе түскен. Оларды татуластырмақ іс-әрекеті нәтиже бермеді. Жауласқан орта Абайға, оның төңірегіне зорлық көрсете бастады. Өздері сайлап алған старшындарға мөр бастырып Абайды жер аудартпақшы болады. «Сол орайда Семейге Генерал-губернатор келіп, әкемді жер аударуға резолюция шығармақ болған шақта бұрын уездной болып істеп кеткен Лосоковский генералға әкемді жолықтырады. Екі арада болған әңгімеден кейін генерал әкемді «Сен заманыңнан басы асқан адам екенсің деп» шығарып салған. Сол екіарада әкемнің дұшпандары «Абай айдалатын болды!» деп елге лақап таратып, бірқатар ірткі жұмыстарын іске асырып үлгерген. Тіпті «Дала олайаты» газетіне Кереку жағының біреуі «Абай әкесіне ас бермеді» деген қауәсегін де жариялап үлгеріпті. Әкем сондайлардың мінезіне, жабылып мазасын алғанда мынаны айтқан:

Күшікті ит бөрі ала ма жабылса да,  
Тәңірі сақтар табандап тап ұрса да.  
Арсыз адам арсандап арсылдайды,  
Әр жерге керегеге таңылса да.

Кенже інісі Оспан қайтыс болан соң «Қалған елді өзін жиып қайырып алмасаң болмайды», - деп, халық ақсақалдары Абайды болыстыққа сайлаған. Бар бейнет басына мезгілсіз түсіп, ықласы қайтып, қажыған кезінде 1892-1893 жылдары ақынның біртоп өлеңдері жазылды. Олардың қатарында «Нені іздейсің, көңілім, нені іздейсің», «Жүрегім нені сезесің», «Жақсылық ұзақ тұрмайды», «Жасөспірім замандас қапы қалды» сияқты жазылған өлеңдерінен көңіл-күй сарындары сезіліп тұрған еді. Ал «Күнді уақыт қызартып көк жиектен асырса, көленке басын ұзартып, алысты көзден жасырса» деген өлеңі өзі сенген достарынан соққы жеп, жер соғып алданған шағында туған өлеңнің бірі. «Сұм дүние тонап жатыр ісің бар ма», «Есінде ме жас күнің?» өлеңдерінде өзінің қартайып бара жатқандығын сөз өзегіне алған. «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма» өлеңі өзінің биографиясы ретінде жазылып, алған тәлімі, қаладағы өмірі, қандай халық ортасында өмір сүргені, ой кіріп есейген соң істеген істері туралы есебі ретінде баяндалған[5].

Тұрағұлдың естелігі Мұқыр сайлауына байланысты болған уақиғаның шындығын нақтылай түсті. Онда мынадай фактілер келтірілген: «Оразбай байдың дәулеті артып, билігі тобықты ішінде жүріп, Оспан мен екеуінің араздығы Оспан өлген соң әкемнің басында қалған. Араздық тобықты руы қауымдастығын екіге бөліп, үлкен съездерде бір уезге қараған қазақтарға жетіп жатты. Мұқыр болысы ішіндегі әкемнің жақтастары 1898 жылға сайлау қарсаңында: «Оразбай қалаған адамын сайлатып алып, басымызға пәле тудырады» - деп, әкемнің баруын жалынып жалбарынып сұрайды. Елдігі де, жаулығы да қас пен көздің арасында тұратын сорлы қазақ, менің әкемді көрген соң, әкем қолдайтын адам жағына қарай ауыса бастайды. Абай ықпалын әлсіретудің амалы ретінде Оразбай бір топ адамды уездной қасында әңгімелесіп отырған Абайға қол тигізіп, жанжал шығаруды тапсырады. Жанжал шығарылды..., бірақ жанжаншылардың өз арасындағы бір адам «аналардың қолы Абайға тигенше маған тисін» деп, қамшы Абайға сілтенген шақта әкемнің үстіне жығыла кетеді. Әкеме ауыр таңба түспегенімен жәбіршілер «Әйтеуір Абайды ұрдық!» деп атақтап, елге жайып, қалағандарына жетті .

Осы уақиғадан кейін ағайын, балалары, дос-жарандары жиналып, есе қайтармақ болғанда менің әкемнің айтқаны: «Барша жамандықтан жамандық туады, жақсылық тумайды...Өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ деген сөз дұрыс емес, мен бұл бітімсіздікті қостамаймын. Жөні келсе, мен бітімнің кісімін». Әкем сол араз ағайынның бар басты адамдарын шақырып алып, «қырық жыл жаулық болмайды деген, енді жаулықты ұмыталық, мен жаулық қылады екен деменіздер, деп шын жүрегін көрсетіп қойнын ашып жіберген еді. Оларда бұрынғы жаулықты соншалықты ұмытты. Содан кейін төрт жыл өтіп, бесінші жылдың басында әкем дүниеден қайтып, артында мен қалғанда, әкемнің аруағын сыйлап, шын достығын көрсеткен ел, осы араз ағайыны болды» [6].

Абай – қоғам қайраткері. Абайдың 150 жылдығы қарсаңында 1995 жылы жарық көрген «Абай және архив» атты еңбекті жинақтап жарыққа шығарған азаматтардың (Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қызметкерлері Н.Шакеев пен С.Байжанов) тұжырымдауынша соңғы жылдары ашылған архив құжаттары негізінде Абайдың саяси өміртіршілігін негізінен үш кезеңге бөліп, жүйелеуге болар еді. Бірінші кезең- Абайдың ел басқару ісіне араласқан, соған байланысты дау-шар, сот-тергеуге тартылған 1866-1884 жылдар арасы. Екінші кезең- Шар бойында Қарамола дейтін жерде өткен съезд және сонда Абайдың қатысуымен жазылып, қабылданған Заң Ережесі төңірегіндегі құжаттар мен деректерге қатысты. Үшінші кезең-1898-1903 жылдар арасын қамтитын құжаттар. Мұндағы ең басты және құнды құжаттың бірі – Абайдың өз зердесінен туған, Абайдың өз қолы қойылған, қазір ғылымда «Абайдың Сенатқа хаты» аталып жүрген көлемді құжат пен 1903 жылғы 25-ші сәуірде Абай мен оның балалары Тұрағұл мен Мағауия үйлеріне тінтуге байланысты құжаттар [7].

Расында, Абайдың өзі өмір сүрген қоғамның ғана емес, алдағы қоғамдық уақыттың елеулі саясаткері болғанына бұлтартпас дәлел болатын елеулі уақиғаның бірі- 1885 жылғы мамыр айында Семей облысының шар өзені бойында Қарамола дейтін жерде Абайдың тікелей қатынасуымен жазылып даярланған, 74 баптан тұратын Ереже-заңның қабылдануы.

«Патша үкіметі әуел бастан қазақ жерінде 141 әскери бекіністер салып, айнала қоршай бастаған. 1822 жылғы заң бойынша хандық жүйені жойып, оның орнына уақытша аға сұлтандық билік түрі туды. Отаршыл үкімет қазақстандағы саяси билік түрін Ресейлік билік жүйесімен бірдей етіп құру барысында уақытша шегініс жасап, өтпелі шара ретінде әуелі аға сұлтандық жүйені енгізуді мақұл тапты. Бұл өзгеріс Құнанбай дәуіріне сәйкес келген. Ал Абай ер жетіп, ел билеуге қатнасуы уақытында патша үкіметі (1868, «Жаңа низам» құжаты) Сібір қазақтарын билеудің жаңа реформасын күшіне енгізді. Отаршылдық мүддені көздегендіктен бұл реформа қазақ елін саяси жағынан бөлшектеуге мүмкіндік беретіндей территориялық принциптерге негізделі жүргізілді. Абай

элеуметтік-саяси ісіне қызу араласқан шағында патша үкіметі бұрынғыдай қазақ елін сырттай билеп-төстеуді қойып, енді олардың ішіне еніп, билік жүргізуді жергілікті халық өкілі үшін болыстық шеңберден асырмай, елді шын тізгіндеп ұстаған кезеңге тұстас келді» - деп атап көрсетеді абайтанушы ғалым, филолог М.Мырзахметов [8].

Патша үкіметінің қазақ даласын басқаруды реттеу мақсатына бағытталған және оны ұлықтар даярлаған келесі заң негіздері «Степное положение» болатын. Бірақ бұл құжат далалық заң дағдыларымен байланыстырылмағандықтан оның пайдаға жарауы екіталай еді.

Сол кезде қырық жастағы Абай, нағыз толысқан, азамат ебінде кемеліне келген шағы. Бұдан алдағы жылдары бірнеше жыл би-болыстық қызметтер атқарып, ел басқару ісінде мол тәжірибе жинақтаған. Тек жергілікті билік жүйесіне ғана емес, патшалық басқарушылар арасында да өзінің ақылымен, гуманистік, демократиялық көзқарасымен, басшылық қабілетімен танымал тұлға болатын. Қауым болып оны төбе билікке сайлады. Халық оның әділдігіне жүгінді. Сол себепті ресми билік өкілі генерал-губернаторларына Абайдың ақыл-кеңесі қажет болып тұратын. Осы жолы да Абай оған қазақ даласының билеудің ерекшеліктерін оған жан-жақты негіздеп түсіндіріп болған соң, генерал-губернатор: «Өзін біліп отырған екі заңның бір-біріне қарама-қайшылықтарын ашып қарап, өзара үйлестіріп, заңның жаңа жобасын жасап маған бер. Мен оны жоғары заң шығаратын орынға жіберіп бекіттіріп, бұдан былай ел басқару ісіне пайдаланатын етеміз» деп тапсырыс жасайды. Жаңа Заң-ереже Абайдың тікелей қатынасуымен және басшылығымен даярланды және оның мәтініне Абайдың өзінің билік заңы, сот заңы, дау-жанжалдарды шешу жолдары туралы ұстанған көзқарасы енгізілді. 1885 жылы Қармолада Семей, Қарқаралы, Кереку, Зайсан, Өскемен, бес өңірінің билері мен болыстары, қадірменді өкілдері бас қосқан съезінде, Өскемен оязы мен әскери генерал-губернатор бастаған бір топ ұлықтардың, әкімдердің бас қосқан жиынында мақұлданып, қолдары қойылып, бекітілді. Сөйтіп қазақ даласында дүниеге келген, талқыланған, жариялап, баспадан шыққан тұңғыш жүйелі және кең көлемді құқ құжаты тікелей Абай Құнанбаевтың өз зердесінен шыққан қағидалар негізінде жасалған еді [9].

Нақты деректердің негізінде 1993 жылы «Жұлдыз» журналының 6-шы номерінде Абай жазып, съезге қатынасқандар мақұлдаған бұл Ереже Абайдың және басқа бірнеше билердің, ел жақсыларының қойған қолымен «Дала уалаяты» газетінде және Қазан қаласында жеке кітап болып басылғандығы айтылған. Онда «Абайдың билік заңы, сот заңы дау-шар жайындағы көзқарасы қандай болғанын осы ережені оқып, анықтауға болады» деп жазылды.

Ережеде лауазым дәрежесіне орай әкімшілік билік жүргізуші әскер губернатор, ояз, пристав, болыс, старшын, би, молда – бәрінің құзыры мен құқы нақтыланып бекітілді. Әрине шынайы қоғамдық-тарихи және саяси жағдайдың ерекшеліктерімен санаса отырып. Онда Ресей империясы заңының кейбір озық жақтары мен қазақ даласының нормалық ережелері, дәстүрі үйлестірілді. Егер Ереже баптарының кейбір тұстарына тоқтала кетсек, оның қазақ даласындағы өзекті элеуметтік мәселелерге тікелей қатысты екенін байқайсыз. Соның ішінде Дала кеңістігінде кең жайылып отырған мал ұрлығы, барымта, құн дауы, қалың мал, құдалық, қалыңдық дауы, жер және жесір дауы, әменгерлік, жиендік жоралғы сияқты қауымдастықтар ішіндегі тіршілік қырларына байланысты нақты ұйғарымдар мен келісім жолдары бар. Ереженің 32-бабы ата-ананы сыйлап құрметтеуге, 35-бабы суға кетіп бара жатқандарға, өрт уақытында, боран немесе суықта, тағы басқа сол сияқты себеп жағдайында адамдардың бір-біріне көмек беруін заңдандырды, 42-бап нақты дәлелді себептерге байланысты күйеуден әйелді айыруға болатынын негіздейді, 54-ші бабы қызметтегі адамдардың үстінен жалған жала жасаушылардың жазалануын ұйғарымдаса, 73-бап жетім қыздың тұрмыс құруына қамқорлық жасау шарттарын бекітті [10].

Сонымен, Абай даярлаған заң жобасы алдын ала 40 болыстар мен билердің, басқа да ел жақсыларының қатынасуымен талқыланып, уезд бастығының қолына табысталды. Уақиғаға куә болғандарды айтуынша, арнайы съезге адамдар жиналып болған кезде халық алдына киіз үйден уезд басқармасы мен қолында жинақталған қағазы бар Абай шығады. Абай жиналғандар алдында жазылған ережелерді дауыстап оқып шықты. Жиналғандар оны мұқият тыңдай отырып, оны өздерінің бірауыздан құптайтындарын білдірді. Содан соң уезд бастығы өзінің қорытынды сөзін айтты: «Ибрагим Құнанбаев ұсынған Заң қабылданды, ендігі уақытта билер осы заңды басшылыққа алатын болады»[11].

Өмір сүрген қоғамдық ортасы, екі жақты қанауда қалып отырған элеумет мүддесі, патшалық биліктің қазақ даласын басқару мүддесі тудырған іс-әрекеттер және элеуметтік әділеттілік үшін күресу мүддесі Абайды саяси қатынастардың ірі және ықпалды субъектісі етті. Өзінің еркінен тыс,

Абай өзінің бар талантын, шығармашылығын феодалдық құрылыс, оның кері тарпа әлеуметтік-экономикалық қырларымен, халықты қанаушылармен, сол уақыттағы бюрократ билікпен, өркөкірек ру судьяларымен, отарлаушы патша шенеуліктерімен күрес жолына қойды. Осы негізде үнемі қарсылыстарының аяусыз және қатігез шараларына, жалған жаласына, ызасы мен кек алу іс-әрептеріне ұшырады. Қазақстан Республикасының Орталық архивінен табылған материалдар Абай атына айтылған арыз-шағымдардың тек өз руы ғана емес әрі қатарлас жатқан рулар мен ауылдар атқамінерлері арасындағы бәсеке, тартыс, дау-шара, болыс сайлауына қатысты қарама-қарсылықтар екенін байқатады[12].

Соның біразын атап өтейік. 1877 жылдың күзінде Семей облыстық мекемесіне Жанкөбек-сыбан, алжан елінің елубасыларынан түскен арызда Абайдың сайлау басына оязбен бірге келгенін атап көрсете отырып, «Ол біздің сайлаған адамды сайлатпай, елді бұзып, қорқытып, тоқтыкөшік Ерғазы баласын болыстың орнына сайлатты» деп шағымданған. Сол жылдары Семейден Омбы генерал-губернаторының атына суыт телеграмма түсірілген: «Біз мұрындықтардан 100 жылқы даулап жүр едік, мәселе төтенше съезбен шешуге тиісті болған. Алайда Ибраһим Құнанбаевтың бастамасымен ауылымыз шабылып, 500 жылқымыз айдап әкетілді. Арашашы болып таланған малымызды қайтарып, қамалғандарды босата көріңіз. Тергеу үшін өз ұлықтарыңызды жіберсеңіз, әйтпесе Ибраһим, өздеріңізге мәлім мықты адам,...өлтiре де алады. Жауабын күтеміз. Арызға бірнеше Мұқырлық қырғыздар (қазақтар) қол қойыпты [13]. Ал келесі құжатта Дала Генерал-губернаторының атына 1885 жылы 29 қазанда жазылған, Абайдың кісі өлтiруге қатынасы бар деген жала. Тексеріс негізінде жала теріске шығарылып, Генерал- лейтенант Цеклинский тергеу жұмысын тамамдау мақұл деп санаған [14].

Құжаттардың енді бірі 1876-1884 жылдары 9 жыл бойы Абайды әуре-сарсаңға салған жала, тергеулер туралы баяндайды. Оқиға болған кезде Абай жасы отызға жаңа толған жігіт шағы. Күшік тобықты еліне болыс болған. Дәл осы кезде өңірде старшындық қызмет атқарған қазақ неше жыл бойы үсті үстіне оны даттап арыз боратқан. Жер дауының бәріне Абайды кiналап, онымен қоймай басқа адамдарды да жала жабу ісіне тартып, Семей оязының атына 1876-1879 жылдары 9 рет арыз-шағым түсірткізген.

Тергеу әбігерінен әбден мезі болған Абай сол жылдары өз өтiнiшi бойынша болыстық қызметтен бас тартып, ел ішіндегі дау-дамайдан бойын аулақ ұстай басайды. Батыс Сiбiр генерал-губернаторы, Семей әскери губернаторы, Семей оязы, уездік сот кеңселерінде тоғыз жылдай сергелеңге салған бұл уақиғаның ақыры Абай пайдасына шашіліп, нақақтан пәле жапқан адам көрсеткен жала бекер болып шығып, 1884 жылы 21 тамызда ол «менің жазғандарым бекер екен, лақапқа сеніп қалыппын» деп мойындауға мәжбүр болған. Шындығында - іс ауыл шонжарларының азғыруымен, Абай орнына өз адамдарын болыстыққа қоюды көздегендердің қасақана істеген істер болған[15]. Тергеу басында анықталғаны: Құнанбаев болыс болған кезінде қазақтардың арасында сол күнге дейін саяқтық саналып келген жылқы ұрлау, барымта дегенге қатаң тиым саламын деп ел ішіндегі жуан тұқымдар мен ықпалды адамдар қарына іліккен. Олар өзінің жақтастырын айналасына топтастырып, Ибраһим болыстың басқан ізінен кір іздеп, қайдағы жоқты қисындыра даттап, ұлықтар, облыстық басқарма алдында, ел ішінде теріс пікір тудыру үшін арнай адамдарды ұйымдастырып, қалтасына қаражат салып берген [16].

Ауылындағы тiнту жұмыстары, өміріне қатер төндiру, тағы басқа зұлымдық әрекеттер Абайға деген халық сүйіспеншілігін кемітпеді, керісінше, арттырды. Оған дәлел болар тағы бір деректі келтіре кетелік.

1903 жылдың 25 сәуірінде Абай атына Көкшетаудан келіп түскен бірнеше хаттың мазмұнын тексеру мақсатында Семей облысының әскери губернаторының тапсырысы бойынша Шыңғыс болысының қазағы Ибрагим Құнанбаевтың ауылына Семей уезінің бастығы келіп түседі. Тапсырмаға сәйкес Құнанбаевтың қыстауы мен киіз үйлер мұқият тiнтiлдi. Ақыры келген хатта белгісіз адамның Семей облысының құрметті қазағы ретінде Абайдан өкімет орындары алдына мұсылман діні жиналысын құру туралы мәселені көтеруге жәрдем беруі сұралғаны белгілі болды. Бірақ Абай оған ешқандай назар қоймаған. Билік жүйелері арасындағы бірнеше айға созылған тексеріс жұмыстарынан соң, Семей оязынан Семей облыстық әскери губернаторына 1903 жылы 26 тамызда жазылған, №48 құпия рапорт келіп түскен. Оның ықшамдалған мазмұны төмендегідей:

«1903 жылғы 22 августағы №200 ұсынысыңыз жайында Сіздің Құзырыңызға Шыңғыс болысының қырғызы Ибрагим Құнанбаевтың жасы 60-та екенін, ... 100 жылқы мен 2000 қойы барын, оның өте білімді, ақылды адам екенін, Шыңғыс болысы болып, 2 рет үш жылдан, және 3 рет үш жылдан

істегенін, содан соң бір рет үш жыл бойына үкіметтің тағайындауы бойынша Мұқыр болысы болып істегенін хабарлаймын. Құнанбаевтың қызметінде парасаттылық пен жігерлілік, үкіметке берілгендік және ұлтшылдықтың жоқтығы көзге түсті... Құнанбаевтың өзі кітаптар, газеттер мен журналдар алдырады, орыс әдебиетіне ынта қояды. Бұрынырақта Семей уезінде және көршілес уездердегі қырғыздар арасында Құнанбаевтың беделі өте зор болды, бірнеше рет «Төбе би», яғни болыстар арасындағы дауларды шешуші болып сайланды. Бұл қырғыздар арасындағы ең жоғары қызмет болып саналады және сайланған судьяның алдында адалдығына сенім көрсетіледі. Қазір Құнанбаев қартайған, іске араласпайды, тыныш та жайлы өмір сүруде, өз болысында, сондай-ақ көрші болыстарда да ешқандай партияларды басқаруға бармайды, ал партиялар басшылары одан кеңес сұрайды. Саяси жағынан алғанда ақылды адам, фанатик емес, мұсылман билеп-төстеушілерінің қарекеттеріне араласпайтын, сенуге болатын адам деп санаймын... Жалпы алғанда Құнанбаевтың өзі саяси тұрғыда ешқандай қауіп тудырмайды»[17].

Осылайша, ұлы ақынның әлеуметтік-саяси жағдайы мен қызметі туралы, тек қалың қоғамдық орта ғана емес, патшалық биліктің ресми өкілдерінің оның тұлғасына, қызметіне, іс-әрекетіне берген жоғары бағалауы және аса құнды дерек көзіне қуа болудамыз.

Өзіне назар аудартпай қоймайтын деректі құжаттың бірі Абайдың өзіне жасалған содырлық әрекетке байланысты үкімет билігіндегі Сенатқа жолдаған шағым пікірі. Бұл тұста біз Тұрағұлдың естелігіндегі уақиғаның баяндалуы мен аталған құжаттағы уақиғаның баяндалуы арасында елеулі сәйкессіздіктің бар екенін байқаймыз. Абайдың шағымында уақиғаның қысқаша баяндалуы мынадай: 1898 жылдың июнінде Мұқыр болысы лауазымды адамдарының 1899-1902 жылға дейінгі үш жылдық мерзімге сайлауы жүргізілді. Дәл осы мерзімде Мұқыр және Шыңғыс болыстарының арасындағы шекараларды реттеп белгілеу көзделді. 17 июньде уезд бастығы Абайды шақырып алып, алдымен бұрынғы шекараларды көрсетіп беруін талап етеді. 18 – июнь, уезд бастығы тоқтаған үйден шығып, мәжілістің басталуы үшін Мұқыр болысының адамдарының келуін күтіп, тақау маңда отырған Абайға Мұқыр болысының бір топ қазағы өршелене келіп, тап береді. Біреуі белбеуін, екіншісі бәкісін, үшіншісі басындағы бөркін жұлып алып, онан соң оны жерге жығып салып, қамшымен сабай бастайды. Сол кезде бір жігіт өз денесімен Абайдың үстін жауып, соның арқасында ақын ауыр соққыдан аман қалады. Ақынның айқайлаған даусына уезд бастығы жүгіріп шығып, күзетші жасағының көмегімен жапырлаған топты қуып жібереді. Абайдың тіккен киіз үйі де тоналды. Содырлық әрекеттің қайталануынан сескенген Абай өз серіктерін ертіп қайтып кетеді.

Уақиғаға байланысты тергеу ісі Семей уезінің тергеушісіне жіберілді, бірақ бұл іс 1899 жылы 13-февральда «қылмыстың дәлелденбеуіне» байланысты жабылды. Оны өз басына және әділдік ісіне жасалған қиянат ретінде қабылдаған Абай, «Үкімет билігінің сенатына, Семей уезі, Шыңғыс болысының қазағы Ибрагим Құнанбаевтан «Шағым пікір» жолдады. Онда тек болған уақиға ғана баяндалмады, болған іс қазақ даласында қайталанып тұрған әлеуметтік-психологиялық және саяси құбылыс ретінде бағаланып талданып, оның себеп-салдарларына кең көлемді түсініктемесін берді. Мұндай қылмыстық, содырлық әрекеттерді тексеру, шешу, айыптыларды жазалау практикасы да талданды. Тонаушылық айыбы туралы істің қысқартылуы дұрыс емес дей келе, саясаткер ақын басқа айыпкерлердің де кінәлі-кінәсіздігі туралы облыс басқармасының қаулысының болмағанын, онымен бірге 1892 жылы басылған 16-томның 11 бөлімінің 335 бабында талап етілгеніне қарамастан, прокурор билігінің де қорытындысы жоқ болып шыққанын атап көрсетті. Істің қаралуындағы шалалықтарды атап жаза отырып, Абай: «Менің ісім ескі тәртіппен - бүгінде мәңгілікке жойылған тәртіппен жүргізілді, бұл ескіріп кеткен тәртіп негізінде де император 111 Александрдың Сот Уставында айқын орын алған ой, дәл сондай рух жоқ» [18].

Шағым пікір авторы тергеушілер тарапынан басқада заң ережелерінің бұзылуына жол беруіне негізделген талдау бере келе, осы шағым арыздың 1885 жылғы 10-марттағы және 1865 жылғы 19 – сентябрьде Жоғары мәртебелі бекіткен сот уставтарынадағы, бұрынғы белгіленген, сот ісінің жүргізудің тәртібі туралы ережелерге сай жазылғанын пысықтады, шағымның Семей округтік соты арқылы Сенатқа тапсырылуын талап етті [19].

Ендігі жерде Тұрағұлдың естелігіне қайта орала отырып, ондағы айтылған фактілердің де шындыққа сай келетініне көз жеткіземіз. Абай Сенатқа шағым жібере отырып, мәселенің біражола оңды шешілетінін күтпеді, тек орын алып отырған әділетсіздіктерді негіздеп көрсеткісі келді, сол арқылы заң жүйесі мен тергеу істерінің дұрыс жолға қойылуына белгілі бір дәрежеде ықпал етпек ниетінде болды. Ал шын мәнінде саясаткер ақын дау-жанжалдың екі тараптар жағынан да өзара келісім, кешірім арқылы шешілуін қалады. Солай болды да. Абайдың кешірімділігі,

бітімгершілігі, болашаққа кек қалдырмау ниеті нәтижесінде ұзақ жылдарға созылып, ушығып алған Даланың екі қауымдастықтары арасындағы қарама-қарсылық өзара ынтымаққа жол берді, келесі ұрпақ арасындағы жауластыққа апарар негіз тоқтатылды. Абай ықласына қарсыластары да келісушілік ниет білдірді. Кейінгі уақытта бұл өзінің екі тарап үшін де игілікті жемісін берді.

Абай ілімдері – Алаш қайраткерлерінің идеялық қайнар көзі. Артына өлмейтұғын сөз қалдырған Абай өзінің ақыл-ойын, парасатын, білімі мен ғылымын, күрескерлік мінезі мен іс-әрекетін тек тек ақындық өнерімен ғана өрнектеп қойған жоқ әрі өзінің әлеуметтік шығармаларында (қара сөздерінде) және нақты әлеуметтік-саяси сипаттағы іс-әрекетінде бейнелеп берген болатын. Оны сол тарихи әлеуметтік уақыттың өзінде тек қазақ даласына ғана емес, Ресей империясы білім, ғылым, саясат кеңістігінде белгілі еткен оның зердесінен шыққан озық идеялар мен оны өз заманынан ғасыр бойы алға оздырған әлеуметтік санасы мен саяси көзқарастары еді. Келесі зерделі ұрпақ, озық ойлы тұлғалар оны байқамай, назарына алмай қоя алмады. Солардың қатарында Дала халқының мәдени, саяси оянуы, қазақ халқының әлеуметтік-саяси бостандығы мен теңдігі, қазақтың дербес мемлекеттілігі үшін күрескен Алаш партиясы қайраткерлері де бар. Қазіргі уақытта ғылыми және саяси ортада Абай мен «Алаш» партиясы туының астына жиналған қазақ зиялылары арасындағы идеялық сабақтастық туралы көп айтылып және жазыла бастады. Бұл мәселе біздің де назарымыздан тыс қалмайды. Себебі идея, көзқарас, әлеуметтік сезіну сабақтастығына дәлел болар фактілер қатары өзіне мән бергізбей қоймады. Сондай тарихи және әлеуметтік сипаттағы шынайы ақпараттың бірі Алаш қозғалысының лидері Әлихан Бөкейхановтың Абайға арналып жазылған материалдары. 1903 жылы Петерборда жарық көрген «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» дейтін көп томды жинақтың қазақ өлкесіне арналған 18-ші томында Әлихан қазақ ақыны жөнінде айта келіп, Абай Құнанбаевты тұңғыш рет оқырмандарға таныстырып, оның қазақ поэзиясындағы жаңа ағымның өкілі екенін, «Евгений Онегинді», Лермонтовты жақсы аударғанын атап жазды. Ә.Бөкейханов, Абай дүниеден өткен соң, әуелі 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде, кейін орыс география қоғамының Семей бөлімшесіне 1907 жылы жарияланған кітабына енген «Абай (Ибрагим) Құнанбаев» дейтін көлемді де байыпты некролог-мақаланың авторы.

Бұл шындық бірқатар зерттеушілерге ұлы ақын Абайдың кім екенін, ақындық сара өнерін үлкен әдебиет жүзіне, қалың жұртшылыққа, Ресей секілді ірі ел қауымына, байтақ әлемге алғаш рет таныстырушы, алғашқы абайтанушы ғалым- Әлихан Бөкейханов деген тұжырым тудырды.

Әлиханнның орыс тілінде жазылған және баспасөз бетінде «Абай (Ибрагим) Құнанбаев (Некролог)» деген атпен жарық көрген бұл көлемді материалы шын мәнінде ұлы ақынның кең қоғамдық ортаға алғашқы ресми таныстырылуы болған еді. Онда автор өз талдауын Семей уезінің Шыңғыс болыстығында туған қазақ даласына әйгілі ақын Абай Құнанбаевтың 1904 жылы 23 шілдеде қайтыс болғаны, оның әулетінің, руының, отбасы жағдайының сипаттамасы, анасы Ұлжанның ата-тегі, Абайдың балалық шағы мен өскен жолы, білім алу өрісінен бастаған. Әлихан ақынның әке жағынан Тобықты руының әйгілі ел басқарушылар отбасынан шыққанын, арғы атасы Ырғызбай 18-ғасырдың 50-жылдарында Торғай облысында туғанын, Ырғыз өзенінің аты соның құрметіне қойылған және ол өз руын Туркестаннан Шыңғыс тауларына, тамаша жайылымды өлкеге бастап алып келгенін, бергі атасы Өскембай туралы оның туған өлкесінде әділ би ретінде атағы шыққанын және оған басқа да жақын жатқан ру адамдары даулы мәселелерді шешіп беруге жүгінгенін, әкесі Құнанбай тек өз руы емес, басқа қырғыз рулары арасында зор беделге ие болған адам екенін, Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып та сайланғанын, оның өмірінің соңғы жылдарында алғашқы болып Меккеге барып қайтып, сонан соң өзін күнделікті қарама-қарсылықты өмірден өзін шет ұстағанын жазған. Ал Абайдың анасы Ұлжан атақты Бошан руының Бертасты биінің ұрпағы дей келе, Ырғызбай сияқты ол да Каракесек руын Қарқаралы уезді жеріне, Ку, Едрей, Мыржак тауларының баурайына бастап алып келгені туралы жазып көрсеткен.

Ә. Бөкейхановтың келтірген ақпараты бойынша Абай жылан жылы туып, 60-қа қараған жасында, қоян жылы қайтыс болған. Семей қаласында білім алған болашақ қоғам қайраткері Далаға қайта оралып, барлығы 15 жасын ел билеуге тікелей араласты, саяси біріншілікке ұмтылысқан қырғыз тайпалары сұлтандарының тайталасы мәселелерін шешуде әкесіне зор көмек көрсетті. Тайталасқа негіз болған себептердің бірі 1822 жылы сібір қазақтарына билік монополиясын берген Жарғы болған. Жастығына қарамастан Абай сол уақыттағы қоғамдық қайраткерлер арасында ерекше беделге ие болған: би басшылығының уақыты өтіп бара жатқанына қарамастан Дала атақты би тағдырын оның қолына берді. Ол 20 жасында ел арасындағы бірінші шешен, халық өмірі мен даланың заңдылық дәстүрін бәріненде жақсы білетін және Қырғыз даласындағы әртүрлі даулы мәселелерді шеше алатын тұлға ретінде мойындалған.



Алаш лидері Абайдың қазақ даласындағы діни құбылыстарға қатынасы туралы мынадай пікірін білдірген: «Қазақ даласында мұсылман дінінің беки бастауы және жаңа уақытқа тән өзгерістер жағдайында Абай білім мен ғылымға зор мән берді, араб, парсы, түрік тіліндегі әдебиеттермен терең танысты, өзінің ізденімпаздығы нәтижесінде оларды жазылған тілде оқып түсіне алды, қасиетті кітаптардың білгірі атына ие болды. «Аңқау елге – арамза молда» болып жүргендер өздерінің рухани бейшаралығын ашып қояды деп онымен кездесіп қалудан қорқатын, қашатын. Бұл жерде Абайдың исламға қатынасын да атап айта кеткен жөн. Ол өз өлеңдерінде молдалардың екіжүздігін, пасықтығын (ханжество) аямай сынады. Өзі мұсылмандық дәстүрді ұстанған жоқ, бес уақыт намаз оқымады, ораза ұстамады. Отбасылық сенім дәстүрімен санаса отырып, осы қылығымен ол далада қалыптасқан тәулігіне бес рет міндетті намаз оқу, жылына 30 күн ораза тұту тәртібіне қарсы тұрды» [20].

Әлихан пікірінде «Өз өмірінің 30 жасында Абай қырғыз арасында атағы жер жарған, мал ұрылары ауылын айналып өтетін, әртүрлі рулар онымен дұшпандық емес, достық іздейтін ықпалды адамға айналды. Бар таланты мен білімін қырғыз партияларымен күреске жұмылдырды, бұл салада көшбасшылық орынды ұстады. Табиғатынан талантты Абайдың өз уақытытындағы елінің тағдырына байланысты партиялық істермен шұғылданудан басқа шарасы да болмады», -деп жалғастырған [21]. Одан әрі «Некролог» авторы ақынның 14 жастан бастап сыншыл өлеңдерін жазғанын, алайда ұзақ уақыт оны жарияламай келгендігі, 80- жылдары оның поэтикалық дарындылығында ән өнеріне қарай бетбұрыс жасалғанын, оған саяси айдауда жүрген Грос мырзамен кездесуінің зор ықпалы болғанын баяндай келе, мына жағдайларды атап өтті: «Осы жылдары Абай Маковский мен Михаэлистің редакциялауымен жарық көрмекші «Юридические обычаи киргиз» кітапшасына материал жинақтап жүрген Гроспен танысады. Бұл адамдар ақынға зор ағартушылық және білімдік ықпал етеді. Грос пен Михаэлис Абай үйінде қонақ болып жатып, оны орыс әдебиетімен таныстырды. Осылайша ақын Пушкинмен, Лермонтовпен, Некрасовпен, Толстоймен, Тургеневпен, Салтыковпен, Белинскиймен, Достоевскиймен, Добролюбовпен, Писаревпен танысты. Сөйтіп ол Спенсердің «Опыт», Льюистің «Позитивная философия», Дрепнердің «Умственное развитие Европы» еңбектерін оқыды, «Современник» журналындағы Чернышевскийдің мақалаларын оқып, оның тағдырымен танысты. Лермонтов өлеңдерін ол ерекше жақсы көрді, «Дума», «Кинжал», «Парус», «Молитва» еңбектерін аударып, қызғыз даласына таныстырды. Ақын қазақ тіліне аударған «Евгений Онегин», әнге салынған «Татьянаның әні» дала кеңістігінде ерекше қызығушылықпен тарап кетті.

Абай өз өмірінің соғына дейін «Дүниеге менің көзімді ашқан, үлкен себепкер болған – Михаэлис» деп толғана еске алатын» [22].

Ә.Бөкейханов ақын өміртіршілігіне талдауын, бағалауын жалғастыра отырып, оның ақындық шығармашылығына, бірқатар ерекше мәнді өлеңдерінің туу тарихына тоқталды. Автор ақынның білімге, ғылымға ұмтылысы, білім мен ғылымды халық, жастар арасына насихаттауы, қазақ әлеуметін өз балаларына білім беруге шақыруы, сонымен қатар ойы мен ақылын тыңдата алмаған, санасына жеткізе алмаған қауымына деген реніші, саяси-қоғамдық өмірден алыстауы, поэзиядан қара сөздерін (әлеуметтік шығармаларын) жазуға аяқ басу себептері туралы да толғаныспен жазған. Ақын соңғы уақытын күрестен алыста өткізуге тоқтам жасаған.

«1904 жылы 14 мамырда сүйікті ұлы, денсаулығына байланысты қаладағы училищеде оқуынан қайтарып алған Мағауя қайтыс болды. Бұл қайғы Абайға ақыл-есіне зор соққы берді, ол адамдар қоғамынан қашқалақтады, адамдармен сөйлесуден бас тартты. Баласы өлімінен 40 күннен кейін өзі де ұлының артынан кете барды.

Оның 1893 жылы өлеңмен жазған «өлгендерді көргенде жүрегің қанға толады, еңбек еттім, даналық іздендім, олардан бақытымды табамын деп ойладым, біраққа даналықты да, бақытты да таба алмадым, олардың орнын тек қайғылы ойлар толтырды. Алдамшы тағдыр тек мені ғана алдаған жоқ. Оның соққысын қабыл алдым, бағаладым. Сен әлі де бақытқа сенімді сақтақтап жүр ме едің?» деп жазған терең толғанс сезіммен жазған ойлары жанынан табылды.

... Абай, оның өлеңдері көрсетіп отырғандай, шексіз поэтикалық күш-жігердің иесі, қырғыз халқының мақтаншысы. Абай сияқты халықтың рухани шығармашылығын осыншама көкке көтерген қырғыз ақыны болмаған еді, -дей келе Әлихан «Некролог» жазу үшін керекті биографиялық ақпарат берген Абайдың немере інісі Құнанбаев Кәкітай Скақұлыекенін айтады. Ол өз көңілін: «Ұлы Тұрағұл жинақтаған Абайдың шығармалары түпнұсқалары, және аудармалары Ә.Бөкейхановтың редакциялауымен Географиялық қоғамның Семейлік бөлімшесінде бірқатар уақыт бойы басылып шығатын болады» сөздерімен аяқтады [23].

«Некролог» мәтінінінен соң Абайдың қысқаша «Өмірбаяны» берді.

Онда ең алдымен А.Құнанбаевтың туған өлкесі, қай рудан шыққаны, оның халықтың ауыз әдебиетінен сусындағаны, сөз өнерінің тірі жинағығы екендігі, орыс әдебиетіне деген сүйіспеншілігі және аудармалары, ақынның ән өнері және жан-дүниесінің қиналыстары туралы жазды. «Ол халық тағдыры туралы өз түсінігін қалыптастырды, себебі ерте бастан орыс мектебінің, 80-ші жылдары орыстың саяси жер аударылғандары ықпалын сезінді, өзінің ақыл-ойы көкжиегін кеңіткен орыс әдебиетін сүйіп оқыды. Рухы жағынан өзіне жақын болғандықтан Крыловтың сын-өлеңдерін аударды. Абай Құнанбаев бала кезінен ерекше ақылдылығымен көзге түсіп, өз ортасының, тобықтылықтардың жетекші тұлғасына айналды. Ескі дәстүрдегі сот ережелерін бәрінен де жеттік біле отырып, қырғыздар арасында шығып тұратын күрделі мәселелерді оңай шеше алатын. Ағайындары оны болыс басқармасы етіп сайлады, бірақ халықтың қараңғылығымен күресе отырып, керітартпа әрекеттерді қатаң жазалай бастаған уақытта, оған қарсы партия пайда болды. Халықтан көңілі қалған ол өз еркімен басқару қызметінен бас тартты. Алдау мен өтірікке бойын алдырған халқының қараңғы-түнек жағдайын, бақытсыз тағдырын, өзінің жалғыздығын, жан айқайын ол өлеңімен жырлады. Қауымдастарын жағымсыз мінез-қылықтардан арылту мақсатында оладың намысына тиетіндей етіп кемшіліктерін сынады, қырғыз (ол уақытта қазақтарды ресми билік қырғыздар деп атайтын еді.- авт.) халқының өмірінің теріс жақтарын ашып көрсетті. Құнанбаев өлеңдері ауыздан ауызға беріліп, оның болыстығынан басқа қырғыз арасына, Арғын, Найман руларына, Орта Ордаға кең тарады. Алайда өзінің Тобықтылық руластарының ой-санасына ақын сөзінің жете бермейтіні он қатты қамықтырды.

Соңғы жылдары Құнанбаев төңірегіне жастарды топтастырды, оларды ұлы ғалымдар ілімімен таныстырды, өмір сүру жолы, ұстанымдарына үйретті. Оның жүрек шыққан, елітіп, ертіп әкелетер ақыл-кеңестері жас ұрпаққа зор ықпалын тигізді....

Біздің назарымызды өзіне тартып отырған келесі тарихи және әлеуметтік сипаттағы ақпараттық материал Абайдың қайтыс болуына 10 жыл толуымен байланысты жазылған Әлихан Бөкейхановтың идеялық-саяси әріптесі Дулатов Міржақыптың ой-пікірлері. Оның қазақ әлеуметінің Абайды танып біле алмай отырғанына деген реніші мен Абай туралы өзінің ой пікірін толғанысын, төменде келтірілген әлеуметтік көзқарастары баяндайды.

«Егер Абай қазақтан өзге оразды жұрттарың бірінің ақыны болса, сегіздегі баласынан сексендегі шалына дейін түгел атына қанық, сөзімен таныс болар еді, туғанына елі сүйініп, өлгеніне тегіс күйінер еді. Опатына он, жиырма бес, елу, жүз жыл толған сайын бүтін жұрт ескеріп, намысы қайнап, есімін мәңгіге қалдыруға өшпес белгілер орнатып, құрметіне неше түрлі ізгі жайлар ашар еді.... Нешара? Біздің жұрт әлі күнге шейін мәдениет басқышының ең төменіне аяқ баса алмай тұр. Қазақ әдебиетінің атасы ретінде тарихта аты алтынмен жазылар Абай, Шыңғыс тауында туып, Шыңғыс тауында алпыс жылдық өмірін өткізіп, сол Шыңғыс тауында өлді. Туғанын, жасағанын, өлгенін өз елі Тобықтыдан басқа қалың қазақтың көп жері білмей де қалды. ... Абай сөзі өзі өлгеннен кейін бес жыл өткенде ғана басылды. Абай кітабы басылған соң да елге көп тарай алмады. Былтырдан бері ғана «Қазақ» газетінде Абайдың кім екені жазылған соң, қазақтың әр жерінен сұраушылар табыла бастады» еді [24].

Ойын жалғастыра отырып М.Дулатов 1904 жылы июнь жұлдызының басында Омскіге барғанында Абай өлеңдерінің жазбасын алғаш Ахмет Байтұрсыновтан қолынан көргенін, сонда Байтұрсынов аузынан Абай өз өлеңінің басылып шығуына ешкімге рұхсат бермей келгені туралы, Ахметтің күзге қарай Қарқаралы қаласына барғанда әдейі бұрылып Абайға сәлем беріп, таныспақшы екенін және өлеңдерін бастыру туралы сөйлесетіні естігенін айтады. Бірақ Ахметке Абайды көруге нәсіп болмаған, Абай өмірі күзге жетпей, сол июнның 23-інде қайтыс болған.

М.Дулатов 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетасында және одан кейін Семейдегі географиялық қоғам шығарған бір кітабында Әлихан Бөкейхановтың Абай өмірі туралы баяндай келіп, оның еңбектерін кешікпей кітап етіп бастыратынын білдіргенін, алайда өзінің саяси тіршілігінің қиындықтарына байланысты тек 1909-шы жылы Абайдың балалары, інілерінің қолдауымен, әрі Әлиханның табандылығымен Абай кітабы Петербургта Бурганский баспасында басылып шыққанын атап айтады. Қолына тиген сол кітап материалдары «Қазақ» газетінің №39, 41-43 нөмірлерінде жарияланыпты.

Дегенмен М.Дулатов Абайдың басқаларды қойып, өз халқына әлі толық мәлім болмай отырған жағдайына ренішін былайша білдірген: Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрстуге толық жарайды, себебі-қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы тарихи әдебиеті жоқтығынан. Тарихи әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі,

ұлттығын сақтап ілгері басуы қиын. Әдебиет, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып жоқ болады. Қай жұрттың болса да, жаны – әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін білменген жұртқа, бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың атының жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылуы ықтималы, қазақтың жоғалуы, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей. Соның үшін жиырмамыншы ғасырдың таңында халқымыздың ұйқыдан азырақ бас көтеруі, жас әдебиетіміздің өсуі, белгілі кісілерімізді тірлігіне әрі өлген соңында мәңгі ұмытылмастай болуы, біздің бірінші ескеретін борышымыз [25].

Алаш қайраткері өзінің ойын жалғастыра келіп, қазақ әдебиетінің негізін қалаған бірінші кірпіш - Абай сөзі, Абай аты боларға керек екендігін, Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағнасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болмағанын айтып, бәлкі, мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар шығар, бірақ ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай деп тұжырымдаған.

Бір-екі ай бұрын, Семей қаласында, білімді, жүрегінде жалыны бар бірнеше азаматтар Абай құрметіне шығармашылық кеш ұйымдастырған. Семей қаласындағы Географиялық қоғам ондағы оқыған қазақ жастарының жәрдемімен, Абай құрметіне әдебиет кешін жасағанды – Семей халқынан күткен үмітті күшейте түседі. Ол кеш бірінші қазақ ақынының құрметіне жасалған бірінші әдебиет кеші. Бұл бірінші қазақ әйелі Нәзипа ханым Құлжанова жамағатының қосқан өрнегі еді.

Бүгін ардақты ақынымыз, марқұм Абайдың рухына дұға қылып, қаранғы заманда шырақ жаққан басшымыздың есімі, құрметі, терең мағалы асыл сөзі атадан балаға, немереден шөбереге үзілмей сақталуын тілейміз. Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, сол күндерде Абай құрметі күннен күнге артылар. «Бірінші ақынымыз» деп қабірін халқы жиі-жиі зират етер, халық пенен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, біздің рухымыз сезер, қуанар.... [26].

Мәжілісінде болған кісілердің айтуынша, тілі ләзатты, араб, парсы, түрік, қалмақ тілдерінен хабардар, тарих, география пәндерінен мағлұматы кең, танымы ауқымды болған. Адамшылық ой-қиялы өте таза, ұлтжанды, елін-жерін сүйген кісі еді. Марқұмның өлеңдері көп болса да, басылғандары жоққа тән еді. Обалы шығармаларын біліп жарыққа шығаруға қайрат етпеген кісілерді басында тұр. Марқұмның сөздерінің бірі төмендегідей:

... Қайран тіл, қайран сөз!  
Наданға қадірсіз  
Тәуекел мен батыр ой  
Өткір тілді найза етіп  
Сайысып бақты ғой  
Неше түрлі айла етіп  
Оянбай, қайран жұрт,  
Ұялмай қал жым-жырт  
Ақылмен ойлап айтқан сөз  
Бойына жұқпас сырғанар  
Ынталы жүрек сезген сөз  
Бар тамырды қуалар.  
Бойына жұқпас сырғанар  
Ынталы жүрек сезген сөз  
Бар тамырды қуалар [27].

Абайдың ілімдерінің, әлеуметтік және саяси көзқарасы мен іс-әрекетінің Алаш қозғалысы көшбасшыларына ықпалы туралы қазіргі уақытта бірқатар материалдар жарық көре бастады. Басқаша айтсақ, сөз Абайдың өзінен кейінгі есті азаматтарға үлгі болар әлеуметтік мінезі, саяси ұстанымдары, әлеуметтік-саяси іс-әрекеттері туралы болып отыр. Жоғарыда келтірілген, Алаш партиясының жетекшілері аузынан айтылған бағалаулар, толғанулар, мақтаныш сезімдері ұлы ақынның ой-пікірлері мен өмірден өткенінен кейінгі қоғамдық қозғалыстардың арасында тығыз байланыстардың барын дәлелдей түседі. Келесі бір бұлтартпас дәлелдер мен деректерді қазіргі заман абайтанушысы, философия ғылымдары докторы, профессор Евгений Григорьевтің еңбектерінен де табуға болады.

Е.И.Григорьевтің 2014 жылғы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысында «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы, № 2 (46) санында жарияланған «Абай-предтеча движения Алаш» мақаласында Алаш саяси қозғалысының пайда болуының идеялық негідері ХІХ ғасырдың соңында жатыр деген тұжырым айтады. 1905 (Абай қайтыс болғаннан бір жыл ғана кейін) жылғы патша билігіне бағытталған алаштықтардың «Қарқаралы петициясы» бұл қозғалыс субъектілерінің идеялық, көзқарастық жоғары деңгейін көрсетті.

«Алаш қозғалысының алғашқы орталықтары Семей мен Қарқаралы қалалары болған. Г.Н.Потанин атап көрсеткендей, дәл осы аталған уақытта білімді қазақ интеллигенциясы қазақ даласына жер ісіне байланысты ұлттық комитеттер құру мәселесін талқылауда болатын. Мына бір тарихи факт өзіне назар аудартады. 1898 жылы Семей қаласының Полицейский көшесі, 132 үйінің иесі Анияр Молдабеков деген (қазір Бөгенбай көшесіндегі бұл үйде «Алаш-арыстары – Мұхтар Ауезов» музейі орналасқан), талантты жасқа білім алуға Абай көмектескен болатын және банкте жұмыс істей бастаған, бірақ материалдық ауыршылық жағдайдағы жас жігітке ақын осы шағын екі қабат үйді сатып әперіп, тарту еткен. Осы үйде болашақ алаш қозғалысының ұйымдастырушылары әрі лидерлері А. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Р.Марсеков, С. Торайғыров, тағы басқалары жиі болып тұратын. Семейде болғанында Абайдың өзі, ұлдары Тұрағұл мен Мағауя да осында тоқтайтын. Бұлардың бәрінің басын қосатын патриоттық рухтағы ойлар мен азаттық идеялары еді. Абай ауылындағы жандармериялық тінтулердің, ақынға күдікпен қараудың себебінің бірі де осы жағдайлармен байланысты болуы ықтимал.

Бұл қазақ халқының азат болашағы үшін күресуші ержүрек алаш зиялыларының жарқын тобының қалыптасуы уақыты. Бұл істерде ерекше роль атқарған азаматтар А.Байтұрсынов, Ә. Бүкейханов, М.Дулатов, И. Ғұмаров, А. Жүндебаев, А. Беремжанов, Е. Тұрмухамедов, Ж. және Х.Досмухамедовтер, М. Тынышпаев, М. Чокай, К. Кеменгеров, М. Жумабаев, Ж. Аймауытов, М.Әуезов, А. Кенжин, А. Байдильдин, тағы басқалары. Ұлттық саяси санадағы осындай жарқ еткен қуатты толқынның идеялық негізін жасаған Абай болатын [28].

Мақала авторы Евгений Григорьевич, 1905 жылы, ойшыл ақынның өмірден қайтқанынан бір жылдан соң алаш қозғалысының жетекшісі Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газетінде Абай туралы бірнеше мақала жариялап, оны ұлы ақын және ойшыл деп атап көрсеткенін атап айтады. 1913 жылы «Айкап», одан соң «Қазақ» газеттерінде жария еткен мақалаларында Ахмет Абайды қазақ даласында әлі кездеспеген әдебиеттің ерекше тұлғасы деп бейнелеген. Семейдегі «Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов» (Государственный историко-культурный и литературно-мемориальный заповедник Абая, Семей - 2004) музейінде бес жастағы Мұхтардың араб тілінде сауат алғаны, ал 7-8 жасында Абайдың өлеңдер жинағы бойынша даярланғаны көрсетілген. Семейдегі орыс мектебіне оқуға түсердің қарсаңында ол ақынның барлық өлеңдерін жатқа айтқан. Ал М. Әуезов болса Алаш қозғалысының негіздеушілерінің бірі және оның Шығыс қанатының жетекшісі. Абай өлеңдеріндегі азаттық идеяларынан сусындаған азамат оны өзінің қоғамдық-саяси қызметінде басшылыққа алды деуге негіз бар.

Келесі бір факт: Кадет пртиясының жетекшілерінің шешімі бойынша Выборг шақыруына (воззвание) қол қоюшылар ІІ-ші мемлекеттік Думаға өз кандидаттарын ұсынбауы керек болған (байкот жасауы) жағдайында Ә. Бөкейханов партия талабын орындай отырып, өзінің орнына б кандидатура ұсынды. Соларды қатарында Абайдың інілері Құнанбаев Кәкітай Скақұлы мен Шакәрім Құдайбердыұлы бар. Бұл да алаш қозғалысы басшылары мен Абайдың азаттық және ағартушылық идеялары арасында жанды байланыс барын куәландыра түседі. Абайдың ұлы ақын және аудармашы Тұрағұлдың да Алаш қозғалысының белсенді мүшесі болғанын атап айтуға болады. Оны да аталған қоғамдық-саяси қозғалысқа алып келген әкесінің азаттық, әділеттілік идеялары [29].

Мақалада көрнекті ғалым-тарихшы Асан Омаровтың зерттеулерінен мынадай факт келтірілген: Абайдың поэтикалық мектебінің тәрбиеленушілері Тұрағұл және немере інісі Шакәрім мен Кәкітай Әлихан Бөкейхановтың жақын әрекеттестері (сподвижники) болған. Нақты архив құжаттары дәлелдегендей, Шакәрім алаштық қозғалыстың тек қатынасшысы ғана емес, оның идеялық тірегінің бірі болған. Тарихшы зерттеулері көрсеткендей Абайдың азаттық идеялары мен шығармашылығын ерекше құрметтеушілер Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов болған[30].

XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынов «Маса» журналын шығарды және оның өзінің де «Маса» атты еңбегі де жарық көрген. Ұйқысынан ояна алмаған адамды масаның ызындап келіп оятып жіберетіні сияқты саяси, мәдени артта қалып, оянып есін жия алмай отырған қазақ даласы халқының санасын ояту басты мақсаты болған. Зерттеушілердің бағдарлауынша Ахметтің шығармашылық, сыни еңбектерінде Абайдың халықты тұтынушылық, билікке бас июшілік, тағы басқа керітартпа тіршілік пен мінез-қылықтан арылту идеясы мен оның дамытылуы байқалып тұр.

1909 жылы Ә.Бөкейханов Петербургте Абай өлеңдерінің жинағын алғаш рет басып шығарады. 1914 жылы «Восточный сборник» кітабында Абай еңбектері мен алаштықтардың Манифетіне айналған М.Дулатовтың «Оян, қазақ!» бірге, қатар басылып шықты. Бұл да кездейсоқтық емес, екеуінің азаттық идеясының бірлігі. Ал 1918 жылы бас редакторы Мыржақып Дулатов болған «Абай» журналы жарық көрді. Онда бас редактор ақынды қазақтың ұлы философы, данасы деп атап жазды.

Алаш лидерлері Қазақстанның тәуелсіздігі, халықтың ұлттық сана-сезімін дамыту, қазақтың дәстүрлі қоғамын қайта құрудың тиімді жолын іздеу туралы идеясын жалғастырды және оны басқарудың мемлекеттік және қоғамдық деңгейлерінде қазақ халқының түпкілікті мүддесін қорғады [31].

«1995 жылы Бүріккен Ұлттар Ұйымының және ЮНЕСКОның арнайы шешімі бойынша бүкіл адамзат Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойын атап өтпек. Абайды қадірлеп құрметтеген ұрпағының санасында ол қазақтың классикалық ақыл-ойының шыңы ретінде көрінуде. Оны қоршаған шәкірттері мен ісін жалғастырушылар қатарында ең алдымен Шакарім Құдайбердіұлы, Алихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов тұр. Бұл тізімді шексіз жалғастыруға болады. Себебі Абайдан кейінгі ұлт тағдырына қатысты болашақтың теориялық концепциясы туралы ойланған кез келген адам өз ойын алдымен осы ойшылдың айтып кеткенімен салыстырып, жауаптылыққа шақырып тұрған «ұлы бабасының сынына» салады.

...Абай жасап кеткен адамзаттық құндылықтардың шын мәнін түсініп болғанша бір ғасыр өтті, қазақ ұлтының даму жолы туралы оның басқа да концепциясын ойдан өткізіп, түсініп болғанша соншама уақыт қажет болар, - деп жазған еді философия ғылымдары докторы, профессор Мұқан Орынбеков[32]. Оның тұжырымы бойынша Абай көзқарастары реформаторлық бағытталған. Ол қазақтардың рухани құндылықтарына ревизия жасады және оның көпшілігінің уақыттан артта қалып, қоғам сұранысына жарамсыздығын, прогресс пен халықтың дамуына жарамсыздығын көрсетті. Ауылдың қараңғылық пен айтыс-тартысқа, көреалмаушылық бәсекеге, ұмтылыссыз жайбаракқа толы, қатып қалған, консервативтік өмірі мазасын алды [33].

Ғалым-қоғамтанушы және әлеуметтік-саяси тәрбиеші Абай. «Абай қазақ халқының зерделі ойы мен өмірінің энциклопедиясы тәрізді..., оның шығармалары сол кезеңдегі қазақ қоғамының экономикалық, саяси, құқықтық, отбасылық, мәдени-тарихи, моральдық жайының айқын бейнесі», - деп жазылды 1995 жарық көрген «Абайдың дүниетанымы мен философиясы» деп аталған іргелі еңбекте[34]. Кітап авторлары да Алаш лидерлерін Абайдың шәкірттері деп көрсеткен және еңбектің 1- тарауында Ж.Аймауытұлының Абай туралы («Абай» журналының № 1 саны, 1918ж.) «Абайға даналық көрегендік, ізгілікке құштарлық тән, ол жаңылыс басқандарды дұрыс жолға бағыттауға ұмтылды.... Талабым, таяғым, жігерім, азығым, маңдайыма ұстаған ақын Абай-қазағым.... Ақыл, білім, сезім, терең ойлылығына қарағанда Абай қазақтан шыққан философ, данышпан» деген сөздері келтірілген.

Аталған еңбек авторлары Абайдың негізгі зерттеу объектісі – адам, адамгершілігі, сезімі мен түйсігі, өмірдің мәні мен болмысы, тебіренісі, адал еңбек, қанағатсыздық, кісілік, әсемдік пен тәрбие.... Абай өз халқының жан-жүрегі, мұқтажы мен қиналысы, зары мен мұңы, жоқтаушысы, халқының тағдырына, адами қарым-қатынастарға терең үңілген, ұлттық психологияның қыр-сырын суреттеушісі. Ол қазақ сана-сезімінің негіздеушісі деген тоқтамға келген [35]. Абайдың іліміндегі адам, адамды танып-білу мәселесіне байланысты «Абай-заманның тұлғасы және оның ұлылығы Тұлғасының даралығында, өмірге деген рухани-әлеуметтік жауапкершілігінде, адам болмысына үлкен қозғалыс тудырар өнерінде. ...Абай идеологиясы не істеу керек, кім не істеу керек мәселесіне ұлттық сана-сезімді бағыттады, қордаланған әлеуметтік-психологиялық негізінде парасаттық талдау жасады. Ұлы Ақын қарым-қатынас құндылығына адамзаттық өлшеммен қарады...Оның халқына тілегені - сабырлылық, табандылық, нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек, білімге құмарлық, сезім-сана-ой, мінез-әрекет-тәжірибе, білім-өнер-кәсіптік икемдік еді» деп түйінделген [36]. Осы контексте айтылған қоғамдық-философиялық ойдың бірі: «Абай өзіне дейінгі мәдени мұраларды бойына сіңіре отырып, мәдениетке тың арна салды...Абай сияқты тұлғалар тек ұлттық ойлау кеңістігінде ғана қалып қоятын ойшыл емес, адамзатқа тән биік ой, идеяларын тот баспайтын, әр заманда жаңарып, жаңғырып отыратын, әлемдік кеңістікке шыға алатын даналық, данышпандық» [36].

Қазіргі әлемнің жаһандануы үстіміздегі мыңжылдықтың басты ерекшелігіне айналуда. Тек уақыт қана емес, ұрпақ бірін бірі ауыстыруда. Алдыңғы ұрпақтың қол жеткізген өркениеті өміртіршілік тәжірибелері, білім арқылы келесісіне жеткізіліп беріліп, игеріледі, жаңарады, жаңа сапада дамытылады. Осылайша адамзаттық өркениет сақталады. Дегенмен, «өркениетті сақтап тұру үшін қандай әлеуметтік тәжірибелер жеткізіліп берілуде, оның прогресі мен регресі қайсысы, тек оның адамгершіліктісін ғана жеткізіп беру заңдылығы сақталуда ма?» деген сұрақтың тууы да кездейсоқ емес. Әсіресе саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени өзгерістерге, арабайланыстары молайған

заманда. XX ғасырдың аяғында экономикасы жоғары дамыған Батыстың ғалымдары З.Бауман, У.Валлерстайн сияқты танымал адамзат өркениетіне адамның өзінің қатер төндіруі туралы дабыл қағуы, адамзатты кешігіп қалмай тұрғанда ақыл-ойға шақыруы жаңа заманның адами және рухани сұранысынан туындаса керек. Өмірлік тәжірибе экономиканың жоғары дамуы, жоғары экономикалық байлыққа қол жеткізу жоғары адамгершілікке, өзара сенімге, рухани-мәдени әл-аухатқа кепілдік бере алмайтынын байқатты. Басқаны қойғанда, миллиондаған ықпалды субъектілер үшін эгоистік психология өмірлік норма мен бағдарға айналып алды. Ондай көңіл күй саяси, экономикалық, ақпараттық, коммерциялық, рухани, рекреация салаларға терең енуі жағдайы да жаңа заманның өзіндік бір қырына айналуға. Адамзатты адамның өзінен арашалау қажеттілігі өсуде. Дәл осындай жағдайда Шығыс және Батыс мәдениетінің озық үлгілерінің атқаратын әлеуметтік-мәдени ролі ерекше. Екі мәдениеттің озық үлгілерінің өзара кірігуінен адамзат өзін толғандырған сұрақтарға жауап таба алады. Әлемдік мәдениеттің, өркениеттіліктің қалыптасуы барысында оның алыпбарушы субъектілерінің әлеуметтік тұлғасы, олардың әлеуметтік мәнді ақыл-ойы адамгершілікті мінез-қылық пен іс-әрекеттің қайнар көзіне айналады. Сондай әлемдік тұлғаның бірі – қазақ даласы тудырған ойшыл Абай Құнанбаев.

Абай – өз тұлғасында әлеуметтік, қоғамдық-философиялық ілімдерді, ақын мен композиторды, әлеуметтік әділдік үшін күрескен саяси-қоғамдық қайраткерлікті үйлестірген ерекше феномен. Оның адам өмірінің мәні мен құндылықтары, адамгершілік мәдениетінің базалық негіздері туралы өзекті ілімдері өлеңдерінде және өміртіршілігінің соңғы кезеңінде жазылған Әлеуметтік шығармаларында (Қара сөздерінде) баяндалған [37].

Абай – халқының ерекше патриот ұлы, тек қазақ халқының ғана емес, адами өркениет патриоты. Адамгершілік патриоты. Оның осы қасиеті халқының қараңғылығына, мәдени, саяси артта қалып жатуына байланысты жан-дүниесін ауыртты, мұңайтты, мінез-қылықтар мен іс-әрекеттердегі керітартпа кеселдерге аяусыз күрес жариялатты, осылардың бәріне шығатын жол іздетті, ар-ұят төңірегінде ой толғатты. Абай бүгінде ар-намыс пен ұяттылықтың, отансүйгіштіктің, ел, адам өркениеті үшін күрескерліктің өзіндік үлгісі болып қала беруде. «Қазақстан халқын Отанды сүю рухында тәрбиелеу қоғам талабы, оның дамуы заңдылығы. Бүгін қазақта лайықсыз қылық бар ма? Жасыратыны жоқ, бар. Дана Абайдың сөзімен айтқанда «өсек, өтірік, мақтаншак, еріншек бекер мал шашпақ. Бұл қасиеттер тек қазаққа тән деуге артық шығар. Кемшіліксіз ұлт жоқ. Бірақта Дана Абай қазақ қоғамында өмір сүріп көргенін, байқағанын ой елегінен өткізіп отыр... Сынау- жек көру емес, тек қана өз халқына жанашырлар сынаиды, сынағанда терең сүйіспеншілігін ұмытпайды. ... Арамтамақтылық, өсек, өтірік, жалқаулықты мойындау үшін де ар намыс керек қой. Абай тоғызыншы қара сөзінде былай деген: Осы мен өзім қазақпын. Қазақты жақсы көремін бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем қылықтарын қостасам керек еді. Егер жек көрсем – сөйлеспесем, тобына бармай, мәжілістес, сырлас, кеңестес болмасам керек еді, мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді.... Мен өзім тірі болсам да анық тірі емеспін, сыртым сау болса да ішім өліп қалыпты....», -деп Ұлы ақынның әлеуметтік қынжылысын өзінің бүгінгі қазақстандық қоғам жағдайындағы қынжылысындай көреді ғалым, философ, педагог Ж.Қажым [38].

Романтизм-қоғамның қайшылығы ерекше шиеленіскен, аласапыран заманның рухынан туған күрес поэзиясы дейді маман ғалымдар. Абай ақындығына көңіл-күй лирикасы, реализм, сыншыл реализм және романтизм тән болған дейді зерттеуші Ә.Қоңыратпай[39].

Қалай болғанда да ұлы ақын өлеңдері жеке басы өмірінің, шынайы табиғаттың, қоршаған әлеуметтік ортасындағы адамдық арабайланыстардың, сол әлеуметтік-тарихи уақыттағы қоғамдық саяси-экономикалық-мәдени қатынастардың шындығынан туған, жан-дүниесінің тебіренісінен, қуанышы мен мұңынан, әлеуметтік сезім-түйсігінен, уақытынан озып, алыс болашаққа сәуле шашқан әлеуметтік-философиялық ойынан туындағаны айқын. Махаббат лирикасын өз еншісіне қалдырайық. Басқа өлеңдерінің қайсысы болмасын танымдық, талдаушылық, сол негізде жасалған болжамдаушылық және әлеуметтік сезімталдық сезіліп, көрініп тұрады. «Қыс», «Жаз» сияқты табиғатты жыр еткен лирикалық өлеңдерінің өзінен сол уақыттағы халықтың әлеуметтік жағдайының, әлеумет тіршілігі мен табиғи құбылыстар арасындағы байланысты танып білесіз. Үйді паналаған әлеумет тіршілігінің суреттелуін көресіз. ... Қазақ даласына қыс келді, аяқ астында сықырлаған қар, үскірік аяз, айнала ақ қырау, бұрадай бұрк-сарқ етіп долданған боран, адамдардан маза кетті...

Алты қанат ақ орда үй шайқалды,  
Әуес көріп жүгірген жас балалар,  
беті-қолы домбығып үсік шалды  
Шидесі мен тон қабаттап киген малшы,  
бет қарауға шыдамай теріс айналды.

Қар тепкенге қажымас қайран жылқы, титығы құруына аз-ақ қалды.  
Қыс пен бірге тұмсығын салды қасқыр, малшыларым, қор қылма итке малды,  
Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды! [40].

Жаз келді. Шілде айы туып, ауыл күркіреген өзен жағасына келіп қонды. Шылқы шұрқырасып, малдың бүйірі шығып тойынған жыл уақыты. Құлын-тайлар шапқылап асыр салған, үйрек-қаз жоғары-төмен ұшысып, сымпылдасқан, ақ білегін сыбанып, бұрала басып, мінез-қылығы үлбіреген жазбен үйлесіп, әзілдесіп сыңқылдап, толықсыған қыз-келіншектер, жадыраған көңіл-күйдегі әлеумет.... Мал ішін айналып, жағдайды көріп көңілі жайланған бай да ауыл ортасында. Сабадан құйылған мол қымыз, алдыға тартылған табақ-табақ ет, жасы үлкендерді төңірегіне жинап, кеңесе отыры әңгіме-дүкен құрған ауылдың есті ересектері.... Салтанат құрған байлар алдында бұрқылдаған самаурын, төселген кілем үстіне жантая жатып, ысық шайға шөлін қандыра отырып ақылдылар мен білімділер ортаға өз ой-пікірлерін ортаға салып әңгімелейді, қалғандары бастарын шұлғысып, мақұлдаушылар... Ал кедей-кепшіктің, жалшы баласы мен мал бағушы еңбеккердің көңіл-күйі басқаша.

Жалшы жалдаған жас бала, жағалайды шешесін, ет әпер деп қыңқылдап,  
Ақсақал шығар бір шеттен: малыңды әрі қайтар деп, малшыларға қаңқылдап.  
Бай байғұсын десін деп, шақырып қымыз берсін деп,  
Жарамсақтап, жалпылдап,- деп кедей шаруа жағдайы шындығын осылайша

суреттейді.

Абайдың поэзиялық шығармашылығы мен оның әлеуметтік-саяси мәні мен мазмұнын бағалауда тағы да абайтанудың заңғарының ой-пікірімен санасуды жөн көрдік. Ол-зерттеуші, сарапшы, суреттеуші, қоғамдық тұлға, әлеуметтік-саяси ойшыл, жазушы Мұхтар Әуезов. Зерттеушінің тұжырымынша Абай поэзиясының нәтижелерін төрт топқа жинақтауға болады. Тақырыбы мен мазмұны жағынан қарағанда бірінші топта- қазақтың сол уақыттағы қоғамдық тіршілігіндегі сорақылық міндерге арналған, надандық, қанаушылық, керітартпа қайшылықтарды таңбалайтын қатты сын және өсиет өлеңдері. Бұлар негізінен сыншылдықпен, ойшылдықпен айтылған, әлеуметтік тартыстың поэзиядағы көрінісі есепті өлеңдер. Екінші топтағы өлеңдері табиғат, жаратылыс тақырыбына жазылғандары. Үшінші топта-жас буынға, білім, ғылым, тәрбиеге, адам мәселесіне арналғандары. Төртінші топтағы өлеңдері ақынның көңіл күйінің лирикасы, ақынның әлеуметтік тіршілігінен, ел надандығынан туған, мұнды шығармалары [41].

Абай әлеуметтің азаматтық, саяси санасын, идеясын өсірген, заманы мен ортасының кемшілігі мен қайшылығын, міндерін зор дауыспен әшкерелейтін ұстаз, ғалым-қоғамтанушы, тәрбиеші ақын, қазақ сахарасының шындығын ашқан реалист ақын, өзі суреттеп отырған ортадағы сан қырлы адамдардың, адами қатынастардың ішкі сырын шеберлікпен ашқан психолог ақын, өз халқының қалың көпшілігі болған орта шаруаның жоқшысы, жаршысы болған ақын, еңбекші халық үшін қамқор, қайраткер ақын. Таптық қоғам жағдайында, өзі жоғары бай таптың отбасынан шықса да «елім», «жұртым», «халқым» дегенде ойындағысы еңбек елі, бар ауырпалықты өз мойнымен көтерген еңбек адамы болды. Сол уақыттың шындығы тұрғысынан келе отырып, еңбекші елді қанайтын топты –бай, болыс, би, молда, толып жатқан қу, пысық, старшын, елубасы, ақсақал, қарасақал жиынын атқамінерлер деп атай отырып, ел денесіндегі паразиттер деп түсініктейді. Үстем тап пен көпшілік елдің үнемі бітімсіз қайшылықта екенін анықтап көрсетті. Оның ұлғайған арманы, күрделене түскен ойы өзі біражола табысқан халқымен бірге болды. Ақын қоғамдағы үлкен тартысқа барынша белсене кірісті, ызалы ашумен, қайсар қайратпен, өнімді қажырмен араласты. Ақынның шығармашылық шабытынан ашулы жалын, үлкен сана, кемеліне келген күрескерлік сезіліп тұр [42].

Енді Абайдың өлеңдерінің өзіне үңілейік. 1886 жылы жазылған «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі –әлеуметтік тақырыпқа жазылған үлкен толғау екені рас: Жаксы менен жаманды айырмадың, бірі май, бірі қан боп екі ұртың, ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді, аузымен орақ орған өңшең қыртың, бас-басына би болған өңшең қиқым, мінеки бұзған жоқпа елдің сиқын? Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ, сапырылды байлығың, баққан жылқың, баста ми, қолда малға талас қылған, күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын; тыянақсыз, байлаусыз байғұс қалпың, не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың [43].

«Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман»:  
Терін сатпай, көзін сатқан жастардан шошимын.  
Бай алады кезінде көп берем деп, жетпей тұрған жерінді тек берем деп,  
Би мен болыс алады күшін сатып, мен қазақтан кегінді әперем деп,

Дос алады бермесен бұлт берем деп, ...не қылып оңайлықпен ырық берем деп,  
Сұм-сұркия сұмдықпен еп берем деп, сүйер жансып, сүйкімді бет берем деп,  
Жүз қараға екі жүз аларман бар, бас қатар бас-аяғын тексерем деп  
Ел жиып мал сойыңыз ет берем деп, мал берсем сен мендік бол деп берем деп.

Жан түршігерлік дала шындығы, қазақ әлеуметінің күнделікті бекіп, орнығып алған, үйреншікті дәстүрге айналып алған далалық феодалдың қоғамның өмір салтындағы, қараңғылықтың, білімсіздіктің, экономикалық укладтың керітарпа жағдайымен тұтасып жатқан адам аралық қатынастар, түзеуге тырысушылық тұрмақ айтылған ақыл түйсігіне жетпей жатқан қауымдастық ортасы, осы ортаға қазіргісі мен болашағы байланып қалған қазақ ауылдарының жастары[44].

Қазақ қауымдастықтары өміртіршілігіндегі орын алып, орнығып алған экономикалық-саяси қатынастармен байланысты әлеуметтік-психологиялық сипаттағы мінез-қылықтар мен іс-әрекеттердің бірқатар қырларының ақынның «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» атты өлеңіндегі әлеуметтік суреттелуі төмендегідей:

Алдамаған кім қалды тірі жанда,...жалғыз-жарым болмаса анда-санда,  
Пайда үшін біреу дос бүгін таңда, ол тұрмас бастан жыға қисайғанда...  
Ендігі жұрттың сөзі ұрлық-қарлық, саналы жан көрмедім сөз ұғарлық,  
Осы күнде осы елде дәнеме жоқ, мейір қанып, мәз болып қуанарлық.  
Байлар да мал қызығын біле алмай жүр...  
Сабылтып, күнде ұрлатып, із жоғалтып, ызамен ыржиып күле алмай жүр.  
Саудагер тыныш сауда қыла алмай жүр, қолдан беріп, қор болып ала алмай жүр.

Кедей халық осылайша қарызға тауар алғанымен, құнын дер кезінде қайтара алмай, әртүрлі айламен саудагерден қашқалақтап, арсыздық жасауға мәжбүр болады. Ал есті деген адамдардың да қуана қоярлық ісі жоқ. Сөйте тұра «Ел азды» деп мұңаймай жүр. Аш басқаша күпілдеген жандардың жайы бір басқа, олардың ешкімнен ұялатын түрі жоқ [45].

«Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» өзінің ақылы мен ойындағы жақсы өмірге жете алмай, көре алмай, зымырап өтіп бара жатқан тіршілігіне өкінішін білдіреді. Күлдік, мақтандық, тіпті өзімізді ойшылдың бірі шығармыз деп те ойлап, мақтан да күттік, үлгіге басқаны үйретуге тырыстық. Дос іздеп, достастым дегенің жалғандықтан жасалған көңіл жүгі; тура айтқан адамды орыс дейміз, жиреніп жылмыңдақты демес бұрыс, адамдықты жоғалтар ақыр бұл іс дей келе ақын қалай тырысқаныммен көп надан арасы өзіне бейімдеп тарта берді деп қынжылады [46].

1887 жылы жазылған «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңі тағы да көшпелі экономикаға негізделген, өнеркәсібі мен өнері жоқ, тек малға сүйеніп тіршілік етіп келе жатқан, тек малды ғана басты дәулет санаған, соған байланысты әлеуметтік арабайланыстың қыр-сырының малға қатынастылығы жағдайындағы күй-жай мен іс-әрекеттердің төңірегіндегі ой толғауы.

Сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсе қызар жалмауыз,  
Сорлы қазақ сол үшін, алты бақан ала ауыз.  
Өзін-өзі күндейді, жақынын жалған міндейді,  
Ол-арсыздық белгісі, ұятсынбай, ойланбай,  
Қой дегенде тілді алмай, іс қылмай ма ол кісі!  
Ұрлықпен мал табам деп,егессе ауыл шабам деп,  
Сөйтіп құдай атады. (Ұрлықтың арты қорлық емес пе...)  
Құтылам деп ісінен, бәрін көріп кісіден,  
Шығынға әбден батады.

Осындай іс-әрекеттердің ақыры басқа жаққа қоныс аударуға да алып келетіні, қызмет таппай немесе ғылым оқып мал таппай, ел қыдырып ас ішіп, құр үйінде жатады. Міне бұл да Абай заманындағы ақынды мазалап жанын жеген қоғамдық шындықтың бір беті. Өткен заманнан келіп, біздің алдымызға өзінің сол кездегі бет-бейнесінде жайылған шынайылық [47].

Жастарды, халқын білімге, ғылымға, адамгершілікке, адал еңбекке шақырған, білім мен ғылыммен тек жастардың ғана емес, өз халқының жарқын болашағын байланыстырған, оптимистік рухтағы, көңіл-күйіне өрлеу тудырған, күш-қуат, үміт берген өлеңдерінің бірнешеуіне тоқтап өтелік. «Интернатта оқып жүр»:

Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы,  
Жаңа өспірім, көкөрім, бейне қолдың саласы...  
Орыс тілі, жазуы-білсем деген таласы.  
...Нан таппаймыз демейді,



Бүлінсе елдің арасы,-деп білімі бар адамның жұмыссыз қалмайтынын, еңбекпен келген білімінің тек жеке басқа емес, еліне де игілік әкелетінін айтады. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін өскелең жастарға айтқан дана сөзі, парасатты ақыл-кеңесі, адамгершілікті және еңбек сүйгіш тұлға болып қалыптасудың нақты ережелік, нормалық негізі десе де болар. Өмірден өз орнында таппай баптанба, орынсыз ойнап күліп шаттанба. Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол, адам болам десеңіз:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ- бес дұшпаның білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рахым, ойлап қой –бес асыл іс көнсеңіз  
...Болмасанда ұксап бақ,  
Бір ғалымды көрсеңіз.  
Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз.  
Сізге ғылым кім берер, жанбай жатып сөнсеңіз? -  
Ғылымға көңіл бөлсеңіз білгендердің сөзіне ықыласпен ермек керек.  
Мұны жазған кісінің атын білме, сөзін біл! [48].

Абай бары-жоғы 59 жасында дүниеден қайтты, жан-дүниесі жабырқап, өзі өмір сүрген қоғамнан, толассыз өзара жауласқан әлеуметті ортасынан, жақын туыс, дос-жараннан әбден көңілі қалып, әлеуметтік-психологиялық мұңға батты. Басты «кінәсі» оның әлеуметтік бейнесінен өз уақытынан оза туғандығында, ақыл ойы мен қоғамдық санасының аяғы басып жүрген ортадан әлде қайда алыс, кем деген бір ғасыр бойы алға, әлі көзі көрмеген, бірақ ішкі түйсігі бойлап кеткен болашаққа аттап кеткендігінде еді. Оны қоршаған пасықтық, алдау-арбау, сатқындық, санадағы қара-түнек қараңғылық әбден мезі етті, жалықтырды. Осы ортада тамактанып, ұйқы ұйқтап жүргенімен оның жан дүниесі бұл ортадан біра-жола қол үзді. Оны «Мен бұл ортада қалай өмір сүрмекпін!?» деген ойға келтіріп, тірі кезінде одан сырт шығып кетуге алып келді. Абай бүкіл көңіліне тоқығанын, санасына сыйғызғанын, ақыл-ойының жеткенін негізге ала отырып, өзінен кейінгі ұрпаққа, халқына айтқысы келген түйінді ойларын қағазға түсіруге отырды. Жазды да. Ол оның 45 «сөзінен» құралған әлеуметтік шығармалары еді. Поэзиядан проза тіліне көшуінен болар, философ-ақынның, асқан әлеуметтік және саяси ойшылдың бұл шығармалары «Қара сөздері» деген атпен таралды. Оның шығармалары, әлеуметтік-саяси ойлары мен халқы үшін жасаған сарқа қызметі өмірінің мәнін өрнектейді.

Осылайша ғасырлық артта қалушылық пен бұқараны аяусыз қанауға қарсы күрестің азабынан туындаған Абайдың прогресшіл саясаты осы бұқараның әлем өркениеті элементтерін қабылдауына идеялық-саяси жол салды [49]. Абай болашақ ұрпаққа өзінің шығармашылық мұраларын қалдырып қана қойған жоқ, сонымен қатар өзінің көрнекті шәкірттері мен ізбасарларын қалдырды. Абайдың әлеуметтік-саяси дүниетанымы және шығармашылығы, олардың қарама-қайшылықтығы мен табансыздығына қарамастан, қазақ халқының әлеуметтік-саяси ойы мен мәдениетінің дамуында үлкен рөл атқарды.

Сонымен біз, Абайдың ойшылдығы мен әлеуметтік-саяси өміртіршілігін ашып көрсетуде мақала авторлары ақынның әлеуметтік бейнесін танумен шұғылданып келген зерттеушілердің жинақтаған нәтижелерін, ақынның ойы мен қолынан шыққан шығармаларын (өлеңдері мен әлеуметтік шығармаларын), нақты деректер мен ақпараттарды негізге ала отырып ойтолғауды дұрыс көрдік. Сонымен бірге Абай ілімінің телегей теңіздігіне, бір мақалада немесе бір кітапта толық ашып көрсету мүмкін еместігіне де көз жеткіздік. Ізденіс жалғаспақ. Дегенмен ойымызды қорытындылай келіп айтқымыз келгені мынау: Абай кеше Шығыс мәдениетінің негіздеушілерінің бірі болса, қазіргі жаһанданушы дүниеде әлемдік мәдениеттің ірге тасын қалағандардың бірі.

«Әлем» дегеніміз, ең алдымен адам, адамдар қауымдастығы, адамдар арабайланысы, сана негізіндегі өзарабайланыстар. Сана дұрыс болса әлем, әлемдік қатынастар дұрыс. Сана дұрыс болмаса әлем қарама-қайшылыққа толы, ақын өмір сүрген әлеуметтік ортадан алыстап кете қоймаған, адам үшін азапты орта. Дұрыс әлемнің ең басты құндылығы – адамгершілікті адам. Ол-саясаткер, іскер, жұмысшы, отбасы мүшесі, білім мен ғылымды жасаушы, қызмет көрсетуші, т.б. Қазіргі техника мен жетілген технологияны қолында ұстап отырған адамзаттың да шалдығып отырған кеселдердің, керітартпашылығының, бір-біріне тигізіп отырған қауіп-қатерлерінің, барлық адами сана науқастарының, ауытқуларының түпкі себебі біреу ғана. Ол –адамгершіліктің таяздауы. Олай болса қазақ даласында туып, болашақтың адами негіздерін идеясында, әлеуметтік-саяси, философиялық ойында қалап, негіздеп кеткен Абай ең өзекті тұлға, ойымен, ақылымен біздің замандасымыз, қазіргі және болашақ ұрпақтың замандасы, сыншысы, ақылшысы.

- 1 Әуезов М.О. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. - Алматы: Ғылым, 1988. - 14-28 бб.
- 2 Құнанбаев Т. Әкем туралы. - Алматы: «Ана тілі», 19937 - 8-14 бб.
- 3 Бұл да сонда. - 23 б.
- 4 Бұл да сонда. - 24 б.
- 5 Бұл да сонда. - 42-43, 47-48, 51, 53 бб.
- 6 Бұл да сонда. - 53, 154-155 бб.
- 7 Абай және архив. - Алматы: Ғылым, 1995. - 216 б. ISBN -5-28-01718-3. Б.7.
- 8 Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. - Алматы: Ғылым, 1982. - 36-37 бб.
- 9 Абай және архив. - Алматы: Ғылым, 1995. - 216 б.
- 10 Бұл да сонда. - 51-61 бб.
- 11 Бұл да сонда. - 63 б.
- 12 Бұл да сонда. - 15 б.
- 13 ҚР ОМА. 64-қор, 1-тізбе. 90-бума.
- 14 ҚР ОМА, 64-қор, 1-тізбе, 1430 -іс, -54 б.
- 15 Абай және архив.-Алматы: Ғылым, 1995.- 18 б.
- 16 Қазақстан ОМА, 15 қор, 2047 іс, -5-6, 25-26 бб.; ЦГА РК, ф.64 оп.1, д. 1430, св.90, - С.43-53, 54.
- 17 Қазақ ССР ОМА, 369 –қор, 1-тізім, 871-іс, 192-бума, 85-96 парақтар.
- 18 КСРО орталық мемлекеттік тарихи архиві. 1352 қор, 20-тізбе, 379 іс.
- 19 Бұл да сонда.
- 20 Записки Семипалатинского подотдела западно-сибирского отдела и Русского географического общества. Вып 111. - Семипалатинск, 1907. - С. 130.
- 21 ЦГА РК Фонд 369. Опись №1. Дело № 938. Связка № 145,-С. 138-140.
- 22 Бұл да сонда. - С.140-141.
- 23 Бұл да сонда. - С.142-144.
- 24 Дулатов М. Шығармалары: Өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз. Қаз. ССР Ғылым акад., Әуезов атын. Әдебиет және өнер ин-ты; Құраст. М.Әбсеметов., Г.Дулатова. Алғы сөзін жазған Ж.Ысмағұлов. - Алматы: «Жазушы», 1991. - 384 б. ISBN 5-605-00871-4. - 249 б.
- 25 Бұл да сонда. - 250 б.
- 26 Бұл да сонда. - 251 б.
- 27 Бұл да сонда. - 213 б.
- 28 Григорьев Е.И. Абай-предтеча движения Алаш // ВЕСТНИК КазНПУ. Серия социологические и политические науки. - 2014, № 2 (46). - С.103.
- 29 Бұл да сонда. - С.104.
- 30 Россия. Полное географическое описание нашего отечества. - СПб, 1903. - Т.18.-С.203.
31. Григорьев Е.И. Абай-предтеча движения Алаш // ВЕСТНИК КазНПУ. Серия социологические и политические науки. -2014, № 2 (46), - С.105.
- 32 Орынбеков М.С. Мирозрение основы философии Абая// Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы /Абай и современность:сборник исследований. - Алматы: Ғылым, 1994. - С. 183-184
- 33 Бұл да сонда. - С.199.
- 34 Абайдың дүниетанымы мен философиясы. - Алматы: Ғылым, 1995. - 7 б.
- 35 Бұл да сонда. - 34-47, 67 бб.
- 36 Есім Ғарифолла. Абай туралы философиялық трактат. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 3, 15 бб.
- 37 Kaldybaeva T. Abai and das 21. Jahrhundert-Die sittlichkeitslehre/ Politische,soziologische und rechtliche Probleme der Gesellschaftsentwicklung Kasachstan. Wissenschaftliche Beitrage/Herausgeber: Prof.Dr. Rauschanbek B. Absattarow, Prof. Dr. Johannes Rau/Kasachische Nationale Padagogische Abay Universitat, Almaty.-Verlag. Dr.Koster.-Berlin, 2013. - S.30, 32.
- 38 Қажым Ж. Патриотизм-қоғамды біріктіруші факторлардың бірі // Социология нравственности: Сборник научных статей Международной научно-практической конференции «Париотизм как закономерное составляющее социальной культуры информационно развивающегося современного казахстанского общества» / Под общ. ред. Т.Ж.Калдыбаевой. Усть-Каменогорск, 27-28 июня 2007. - Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2007. - С. 41-42.
- 39 Қоңыратбай Ә. Абайдың романтизмі. - Алматы, 1994. - 31, 55 бб.
- 40 Абай Құнанбаев. Сенде бір кірпіш диниеге... (Абай туындыларының мектепке арналған хрестоматиясы. Құрастырғандар: Б.Байғалиев, Ж.Қайранбаев). - Алматы: Рауан, 1994. - 5 б.
- 41 Бұл да сонда. – 6 б.
- 42 Бұл да сонда. – 7 б.
- 43 Бұл да сонда. - 44-45 бб.
- 44 Бұл да сонда. – 41 б.
- 45 Бұл да сонда. – 47 б.
- 46 Бұл да сонда. – 71 б.
- 47 Бұл да сонда. – 73 б.
- 48 Бұл да сонда. – 63 б.
- 49 Әбсаттаров Р.Б. Қазақстан саяси ілімі тарихының кейбір мәселелері// Хабаршы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. - 2007, №3 (19) - 112 б.

## МЕРЕЙТОЙ ЮБИЛЕЙ

УДК 112.

### ПАРАСАТТЫ ТҰЛҒА

*Әбсаттаров Р.Б. – философия ғылымдарының докторы, профессор*  
*Шалтықов Ә.И. – саяси ғылымдарының докторы, профессор*



Ірі ғалым, ғылымның белгілі ұйымдаструшысы және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Академиясының академигі Қошанов Аманжол Қошанұлы 2014 жылдың 11 қазанында 80 жасқа толады.

Ірі тұлғалар туралы жазу оңай шаруа емес, өйткені олардың бір-екі қырын білгенімен басқа да толып жатқан қыр-сырларын біле бермейсің. Олардың ұлылығы да осында болса керек. Міне, осындай ірі тұлғалардың бірі Аманжол Қошанов ағамыз. Тегінен тараған адами қасиеттерімен бірге оның өз қолымен өзі сомдаған кісілік қабілеті, азаматтық болмысы, жарқын тұлғасы ерекше екенін бүкіл елі мойындауда. Себебі, әр тұлғаның бейнесін, азаматтық келбетін, қоғамдағы орнын анықтайтын да, бағалайтын да халық.

Осы тұрғыда алып қарасак, жұртымыздың жүрегінде, халқымыздың ой-санасында академик Аманжол Қошанов ағамыз – өрісі кең, өресі биік, білімпаз ғалым, қамқоршы ұстаз, жетелі жетекші, халқының қамын ойлайтын, сол үшін аянбай тер төгетін абзал азамат.

Қошановтар әулетінің елдік, адамгершілік мұраттары өте ертеден қалыптасқан, қазақ тарихында азаматтық зор мүмкіндіктерін көрсете білген әулет. Бұл әулет өз бастауын сонау 17-18 ғасырларда өмір сүрген Құлеке батыр мен Шал ақыннан алады.

Аманжол ағамыздың туған жері Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Абылайдың ақ туын ұстаған батыр Құлеке мен атақты Шал ақынның дүниеге келген жері. Киелі жер. Есілдің жағасындағы Аютас деген қиясында ағамыздың бабаларының қонысы болған. Орыстың қоныстанушылары келгесін бұларды Есілдің оң жағасына, қалың орманды жерге ығыстырады, бұл тұс Атығай руының Құдайберді-Бейімбет бөлімшелерінің ежелден бергі қонысы, қыстауы болған.

Бейімбеттен Жаңабатыр – Дәулетай аталары тарайды. Жаңабатыр – техника ғылымдарының докторы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, академик Ебіней Бүкетовтың бабасы болады.

Дәулетайдан – Құлеке батыр, Шал ақын туады. Шал ақын Аманжол ағамыздың бесінші атасы.

Құлеке батыр 18 ғасырда жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте Атығай руы қосымдарының қолбасшысы болған. Кейін Абылай ханның маңында болып, Троицк қамалына елшілікке барады. Алдында Ресей әкімшілігінің қайта-қайта шақыруымен 1740 жылы Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтан бастаған Орта жүздің 128 батырларының ішінде Орынбордағы кездесуге қатынасқан. Абылайдың сенімді елшісінің бірі болған. Оның мүрдесі Түркістандағы Ахмед Яссауи кесенесінің маңында жатыр.

Шал ақын туралы алғашқы сөзді Шоқан Уәлиханов айтқан. Шоқан шығыс елдеріне тән ақындық дәстүрді айта келе, қазақ халқының шешіресін эпос етіп жариялаған ақындық өнерінің бірден-бір атақты өкілі Шал ақын еді дейді.

Міне, Аманжол Қошанов дүйім қазақта аты белгілі тұлғалардың жұрнағы, болаттай тұяғы іспеттес. Тап-таза ағын судай Құлеке мен Шал сияқты асыл тұлғалар да пәни дүниеден өтсе, бүгінде асқар таудай болып Аманжол ағамыз аталар дәстүрін салиқалы өмірде заманға сай ғылыми негізде жалғастырып жүргенін үлкен ілтипатпен айтамыз.

Аманжол ағамызды елден ерекшелеп, ірі тұлға деңгейіне көтеретін қасиеттері жетерлік. Ең әуелі ол кісінің адалдығы мен тазалығын, әділдігі мен имандылығын, кісілік пен кішіпейілділігін, парасаттылығы пен зиялылығын, одан кейін құдай берген салмақтылығын, сабырлы мінезін, айтқан сөзге тұратын тұрақтылығын айтуымыз керек. Әрине, мұның бәрін Аманжол ағамыздың адами болмысынан, күнделікті атқарған қызметінен, бітірген істерінен, көпшілікпен, ел-жұртпен араласқан қарым-қатынасының байқалатын ерекше қасиеттерінен байқағанымыз.

Аталар дәстүрін өз заманына сай жалғастырып, өмір баспалдақтарынан нық басып, аспай-саспай, төгілмей –шашылмай сөйлеп кеткенде өз ойын, ұстанған көзқарасын тыянақты да ұтымды сөздермен көмкеруі академик ағамыздың іштей де, сырттай да қайталанбас ерекшелігі деуге болады. Онымен қоса оның ұйымдаструшылық қабілеті, қызмет бабында адамдарды алалаудан тысқары біркелкілігі, ұстамды мәдениеттілігі, сондай-ақ, өзгеге де, өзіне де талап қойғыштық қасиеттері де ағамызды елден ерекшелеп, ірі тұлға деңгейіне көтереді. Аманжол ағамыз барынша қарапайым, озбырлыққа, дөрекілікке жаны қас, өктемдік, қаскөйлік, кеудем соқтыққа мүлдем жоламайтын адам, жүрегіне мейір гүлденген, жаны жомарт, бауырмал, көпшіл, адамдарға болмасын деп емес, үнемі болсын деп ойлайтын, арамдық, әділетсіздік, біреуге қиянат жасау, көре алмаушылық, іштарлық, бәлеқорлық, жалақорлық, біреуді сыртынан өсектеуден іргесін аулақ салатын сыпайы әрі сырбаз адам. Қол ұшын беру, көмектесу, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, бәрімен де тіл табысу, аралас-құралас жүру Аманжол ағамыздың өмірдегі ұстанымдары.

Міне, осындай қасиетті топырақта дүниеге келген Аманжол Қошанов орта мектепті алтын медальмен бітірген білімге, ғылымға деген құштарлық албырт жасты Мәскеудің М.Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінің экономика факультетіне алып келді. Университетте студент А.Қошанов сол заманның атақты экономист – ғалымдары академиктер К.В.Островитянов, А.И.Пашков, профессорлар Я.А.Кронрода, И.Г.Блюмина, С.К.Татуралардан сабақ алады. Оның өмірлік есінде қалатыны терең мағыналы және түсіндіру жағынан баға жетпес тарихшы-академиктер Е.М.Тарле мен Н.Г.Черепниндердің дәрістері болды. Университеттегі курстар ғылыми категорияларды, қоғамдық, экономикалық процестерді терең түсінудің негізін қалады.

Жоғары білімді жас маман жолдамамен туған еліне оралғасын қажыры мен қайратының арқасында өрлеу баспалдақтары биіктей береді. Білім мен біліктілікті жадына тұтқан Аманжол алғашында экономикадан сабақ береді де, одан кейінгі бар ғылыми өмірін еліміздің аяулы азаматы, академик Қаныш Сатбаев құрған ғылым ордасы – Ғылым академиясының қабырғасында өткізеді.

Академик А.Қ.Қошановтың сан-қырлы ғылыми және ғылыми ұйымдастырушылық қызметі осы Ғылым академиясының Экономика институтымен тікелей байланысты. Әуелі осы институттың аспирантурасын ойдағыдай тамамдаған соң бұл институттың барлық қызмет баспалдағынан өтеді: кіші және аға ғылыми қызметкер, институттың ғылыми хатшысы, сектор, бөлім меңгерушісі, институт директорының орынбасары, содан кейін - директор.

Академик А.Қ.Қошанов Экономика институтын республиканың қоғамдық-экономикалық және әлеуметтік өмірінің ең бір қиын кезеңінде басқарды. Ғылымның талантты ұйымдастырушысы ретінде ол өзінің бойындағы бар ғылыми әлуеті мен ұйымдастырушылық қабілетін осы жылдары экономика ғылымын қайта құруға, институттың, ғылыми қызметін нарыққа көшірудің көкейтесті мәселелерін шешу ісіне жұмылдырды. Оның тікелей басқаруымен нарықтық реформаларды ғылыми жағынан қамтамасыз етуге бағытталған институттың құрылымы мен негізгі бағыттарын түпкілікті өзгерту, іргелі де қолданбалы бағдарламалар мен тақырыптарды іздестіруді жаңа тұрғыдан ұштастыру

мәселелері жүзеге асырылды. Сөйтіп, республика дамуының келешекке арналған негізгі бағыттарын анықтайтын маңызды, көлемді жұмыстар күн тәртібінен орын алды.

Адам өмірінде оның жеке басының табандылығына жөн сілтеп, оны уақытында қолдап, дұрыс бағалайтын адамдар болады. Аманжол ағамыздың өмірінде сондай адам Қазақстанның экономика ғылымының негізін қалаушылардың бірі, белгілі ғалым, академик Сақтаған Бәйішев болды. Академик А.Кошановтың айтуынша, «мені ғылымға «бекіткен» Сақтаған Бәйішев болды. Менің өмірдегі өсу жолыммен және бүкіл тағдырым үшін мен оған қарызбын».

Ерекше атап өту қажет, академик А.Қ.Қошановтың ірі ғалым болу қалыптасуына осы ғылым ордасының қабырғасында ұлы Қ.И.Сатпаев, оның кеменгер ізбасарлары С.Б.Баишев, Ш.Ш.Шокин, М.О.Әуезов, Ә.Х. Марғұлан, Е.А.Бүкетов, С.З.Зиманов, С.Е.Толыбеков сияқты академиктер болды.

Академик А.К.Қошанов сонымен бірге көп жылдай Қазақстан Республикасы Ұлттық Академиясының басшы қызметтерінде болып, қазақстандық ғылымның да қарқынды дамуына үлкен қосқан ғалым: Ұлттық Ғылым Академиясының вице-президенті, ҚР Ғылым Академиясы Президиумының Бас ғылыми хатшысы, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімінің академик-хатшысы, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының Президиум мүшесі, ҚР Білім министрлігі – Ғылым Академиясының коллегия мүшесі ретінде.

Сонымен бірге академик А.К.Қошановтың Қазақстандағы ұлттық мәдениет пен рухани жаңғыртудың келелі мәселелерін іске асыруда, экономиканың әлеуметтік бағытта және азаматтық қоғамның қалыптасуына қосқан үлесі өте зор. Арнайы мемлекеттік комиссиялардың мүшесі ретінде ол халықтың бірлігі мен ұлт тарихы, ұрпақтар сабақтастығы, саяси репрессия құрбандарын еске алу, ұлттық мәдениетті қолдау жылдарын жариялау жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес кең ауқымды ғылыми шараларды ұйымдастырудағы жетекші тұлғалардың бірінен саналады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының «Отандық тарих тағылымдары және Қазақстан қоғамының қайта өркендеуі», «Әуезов - XX ғасырдың ұлы гуманист-жазушысы», «Абай –қазақ әдебитінің негізін салушы және философ-ойшыл» сияқты арнаулы және мерейтой сессиялары мен «Дүниежүзілік өркениет тарихындағы Қазақстанның орны мен рөлі», «Қазақстан аумағындағы мемлекеттік құрылыс», «Еуразияшылдықтың проблемалары мен келешегі», «Кенесары – колониализмге қарсы ұлт-азаттық қозғалысының аса көрнекті қайраткері» деген тақырыптарда өткен ірі халықаралық конференцияларды ұйымдастырып, басшылық етуде табандылық пен белсенділік танытты.

Академик А.К.Қошанов қалың жұртшылықтың разылық пікірін тудырған Н.Ә.Назарбаевтың «XXI ғасыр табалдырығында», «Ғасырлар тоғысында» атты кітаптары мен Президенттің «Қазақстан-2030» Стратегиясы» Жолдауын талқылауға арналған халықаралық конференцияларды ұйымдастырушысы да.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан – 2030» Стратегиясы» Жолдауы мен 1996 жылғы 11 наурыздағы «Ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы және 2000 жылғы «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының кейбір мәселелері туралы» өкіміне сәйкес, қоғамдық-гуманитарлық салалардың ғылыми мекемелерінің қызметі академик А.Қ.Қошановтың басшылығымен шұғыл түрде қайта құрылды. Жеке басының ынтагерлігі, асқан білімпаздығы, ғылыми-ұйымдастырушылық жұмыстарға кемелді басшылық ету тәжірибесі көп ретте бұл кезеңде Қазақстанның ұлттық мәдениеті мен рухани байлығын қайта жаңғырту, нарықтық қатынастар мен азаматтық қоғамды қалыптастыру саласында қоғамдық ғылымдардың жауапты міндеттерін күн тәртібіне қойылып, жүзеге асуына жол ашты.

Академик А.К.Қошановтың бұл жылдардағы ғылыми-ұйымдастырушылық және қоғамдық қызметі қомақты да әрқилы. Ол – Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы экономикалық реформа жөніндегі үкіметтік комиссиялар мен ұлттық саясат жөніндегі комиссияның мүшесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Төралқасы жанындағы экономикалық реформалар жөніндегі Ғылыми кеңес төрағасы, Қазақ ССР Мемлекеттік Жоспарлау комитетінің болжау жөніндегі Ғылыми кеңесі мен КСРО Ғылым академиясы аймақтық ғылыми кеңесінің және Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлықтар беру жөніндегі комитетінің мүшесі. Қазақстан Республикасы Президенті басқаратын Жоғары экономикалық Кеңес пен экономикалық Сараптау комитетінің мүшесі, ҚР Президенті мен Министрлер кабинетінің ғылыми сараптаушысы болып тағайындалған. Қазақстан, Ресей, Қырғызстандағы ғылыми журналдардың халықаралық редакция алқаларының мүшесі.

Академик А.К.Қошановтың ғалым ретіндегі ерекшелігі ғылымдық тұрғыдан жүргізілген ғылыми-

зерттеу жұмыстарымен айқындалады. Оның ғылыми мүдделері экономика ғылымының теориялық негіздерімен, экономикалық және индустриалдық даму, жәй және ұлғаймалы өндіріс, экономикалық социология, соңғы жылдары - нарықтық экономикаға көшу сияқты салаларымен белгіленеді.

Ғалым-экономист ретінде ол бұрынғы Одақта, әсіресе, Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті жан-жақты ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, ол уақыттағы «кемелденіп, кемерден аз-ақ аспай тұрмыз» деген ұшқары, саяси-лепірме тұжырымдардың методологиялық тұрақсыздығын айқындады, нақтылы теңдікке жету жолдарына терең үңілді. Бұл ғылыми жолдағы соны ізденіс еді. Ғылыми тұжырымдарды сабақтай өрбіту негізінде ол республикалар мен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағынан теңестіру проблемасын Одақ дәрежесіне көтеріп, оның осы жүйедегі елдердің даму үрдісіне бірден-бір ықпал етіп, келешегіміздің мақсат-мағынасын айқындайтынын баса көрсетті. Бұл сол «тоқырау» кезеңінде батыл қойылып, туған ел мұқтаждарын нысанаға алып, нақтылы өмір тәжірибесінде қарастырған тұңғыш еңбектер еді. Бұның өзі академик А.Қ.Қошановтың ғылымда сарадан жол тартқанын көрсетті, туған халқының, республикасының өзекті жағдайларын зерттеуден ғалым ретінде қанағат алды.

Ғалым-экономист ретінде үзбей еңбек етіп келе жатқан тағы бір үлкен арнасы – Қазақстан индустриясының қалыптасу жолдары, даму қарқыны, салалық құрылымның деңгейі, бір жақты шикізат қоймасы ретіндегі қалыптасу себептері, өнеркәсіпті жан-жақты дамытып, сапалық дәрежесін арттыру жолдарын іздестіріп, ғылыми тұрғыдан дәлелдеу болды. Онымен қатар халқымыздың тағдырына, бүгінгі мен келешегіне әсер етіп, елдік байлығымыздың бүгінгі күнгі таңда түбегейлі, негізгі иегері болып табылатын ұлттық жұмысшы табын қалыптастыру мәселесін жанашырлықпен жан-жақты зерттеді. Кеңес кезінде Қазақстанның жалпы қарқынды экономикалық үрдісіне қарамастан, индустриялық прогрестің өз халқымызды жанай өтіп бара жатқанын дәлелдеп, баса айтты. Ғалымның бұл тұжырымын уақыт растап шықты.

Жалпы айтқанда, академик А.Қ.Қошановтың зерттеулерінің негізгі бағыттарына индустриалық өсудің теориясы мен практикасы, қоғамдық өндірістің құрылымын қайта құру, одақтас республикалардағы ұдайы өндіріс пен әлеуметтік – экономикалық даму, Қазақстанның экономикалық әлеуметтануы мен экономикалық тарихи мәселелері жатады. Оның жеткшілігімен еліміздің тысқары жерлердегі ғылыми қауымдастық мойындаған республикалар мен өңірлер бойынша еңбек жағдайы мен әлеуметтік тіршілік деңгейінің негіздерін теңестірудің әлеуметтік-экономикалық қағидаларын негіздеу сияқты жаңа ғылыми бағыт қалыптасты.

А.Қ.Қошановтың монографиялық зерттеулерінің ішінен 80-жылдары кең тараған «Кемелденген социализм тұсындағы Қазақстанның индустриалық дамуы»(1979 ж.) атты монографиясын ерекше атауға болады. Монографияда теориялық-әдіснамалық мәселелерді күн тәртібіне қойып, сыни көзқарас тұрғысынан жазылған бұл монография өзінің ғылыми-практикалық құндылығымен қазір де ерекшеленеді. Оның қағидаларын Қазақстан Республикасының ұлттық экономикалық жүйесінің ажырамас бір бөлігі ретінде еліміздің индустриалық өндіргіш күштерін іске қосуды оңтайландыру тұрғысынан алғанда республикамыз бен оның ірі өңірлерінің қазіргі жағдайында да күн тәртібінде. Бұл монографиясы үшін А. Қошанов қоғамдық ғылымдар саласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауераты атағын алған болатын.

Қайта құру мен одан кейінгі нарыққа көшу жылдары академик А.Қ.Қошановтың шығармашылық және ұйымдастырушылық өмірінде өзгеше жаңа бір кезең басталды.

Академик А.Қ.Қошанов – еліміздегі нарықтық экономика теория саласындағы жетекші экономист-ғалым. Нарықтық экономиканың теориясы мен әдіснамасын тыңғылықты зерттеуші ретінде ол әлеуметтік тұрғыдан бағдарды нарықтық экономиканы біртіндеп қалыптастыру мен Қазақстанның экономикалық дербестігін нығайтудың теориялық негіздерін жүйелі зерттеу сияқты жаңа ғылыми бағыттың негізін қалады. Оның жаһандану және өңірлік бірігу жағдайында түбегейлі экономикалық реформа, меншік қарым-қатынасын қайта құру кәсіпкерлікті одан әрі дамыту, ұлттық экономикалық мен экономикалық қауіпсіздік жүйесі мәселелеріне арналған еңбектері еліміз бен шетелге кеңінен танымал.

Академик А.Қ.Қошанов осы кезде өзінің ғылымға негізделген принциптеріне сәйкес нарықтық экономиканы қалыптастыру үшін республиканың даму деңгейі мен ерекшеліктерін ескеру деген позицияны ұстады. Әсіресе, бүгінде жүріп жатқан мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру үрдісінде ауыл адамдарының үлесін қорғап, байсалды пікірлерін мемлекеттік басқару буындарына әрқашан дәлелдеп отырды. Сондықтан да болар, академик А.Қ.Қошановтың шұғыл түрде алған зерттеу жұмыстары меншіктік қатынастарды өзгерту және мемлекет иелігінен алу, жекешелендірудің

экономикалық тетіктері, Қазақстанда акционерлік қатынастар жүйесін қалыптастыру проблемалары болып отыр.

Ғалым басшының ғылыми жетекшілігімен және авторлық қатысуымен жарық көрген «Қазақстан Республикасындағы меншікті мемлекет иілігінен алу мен жекешенлендірудің экономикалық негіздері мен саясаты» (1993ж.), «Қазақстан Республикасында акционерлік қатынастар жүйесін қалыптастыру»(1995ж.), «Нарыққа көшу жағдайында жеке кәсіпкерлікті қалыптастыру»(1995ж.) атты монографияларына ғылыми жұртшылық, билік пен шаруашылық өкілдері аса қызығушылық танытты. Ғалымның бұл еңбектері, ең алдымен, мазмұнының тереңдігімен және айтар ойының ашықтығымен ерекшеленетіндігін әріптестері де, шәкірттері де құрметпен атайды.

А.Қ.Қошанов ғылыми таланты мен ғылымды ұйымдастырушы ретінде жеке басына тән өзіндік өзгеше қасиет-белгісі деп оның экономикалық теорияны жетік те терең меңгергені, түбегейлі нарықтық кезеңде күрделі экономикалық және әлеуметтік өзгерістерді жан-жақты талдап зерделеуі, сондай-ақ қоғамдық өндіріс талаптарын байыпты талдап жасайтындығы, кеңестік тоталитарлық экономикадан нарықтық экономикаға көшудің күрделі мәселелерін шешуде заң шығарушы және атқарушы органдарға практикалық көмек көрсеткенін айта кету керек.

Академик А.Қ.Қошанов – «Қазақстанның экономикалық және жаңа партиялық-технологиялық өсуінің теориялық-әдіснамалық негіздері», « Жаһандану жағдайында жалпыұлттық идея теориясы мен практикасының проблемалары», «Қазақ диаспорасы еуразиялық бірігу жағдайында: проблемалары мен келешегі» атты іргелі зерттеулер мен мемлекеттік ғылыми бағдарламалардың ғылыми жетекшісі және белсенді орындаушысы. Бұл еңбектерге жүгініп жасалған тұжырымдар мен ұсыныстар Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен Республика үкіметі қызметінде пайдаланып келеді. Ғалымның ғылыми жетекшілігімен экономика ғылымында жаңа ғылыми бағыт қалыптасты: «Қазақстан дамуының түбегейлі өзгеріс моделі ретінде аралас экономикалық қоғамды қалыптастыру стратегиясы». Соңғы кезде академик А.Қ.Қошановтың бастамасымен Еуразия экономикалық қоғамдастағы елдерінің егемендігі мен ұлттық қауіпсіздігін нығайтуда негізге алынатын « Жаһандану жағдайында ұлттық экономикалық мүдделер мен меншік қарым-қатынасының жүйесі» атты жаңа ғылыми бағыт әзірленуде.

Академик А.Қ.Қошанов ірі ғалым-экономист ретінде отандық экономика ғылымының дамуына және ғылыми әдістемелерді халық шаруашылығына енгізуде үлкен үлес қосты.

Бүгінде Қазақстан экономиксын дағдарыстан шығару және оны тұрақтандыру, даму жолына көшіру басты мәселе. Академик А.Қ.Қошанов бұған ден қойып, республикамыздың бетке ұстар ғалым-экономистерінің басын қосып, Қазақстан экономикасын дағдарыстан шығару және экономикалық реформаны әрі қарай тереңдету бағдарламасын жасап, жетілдіруге өз үлесін қосуда.

Академик А.Қ.Қошанов 600 дей ғылыми басылымдардың авторы, оның ішінде 53 монографиялық жұмыстардың авторы және бірлескен авторы. Солардың ішінен соңғы он жылда шыққан көпшілікке белгілі кейбір жұмыстарын атайық: «Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі» (2010 ж.), «Трудное восхождение. На путях к рынку» (2010 ж.), «Ұлттық экономикалық мүдделер және меншіктік қатынастар» (2010 ж.).

Бұл монографиялар Қазақстан экономикасының нарықтық қайта құрылуы проблемаларының өзекті мәселелеріне арналған, олардың ерекшелігі кезеңмен жүзеге асып жатқан реформаларға ғылыми компоненті ретінде кіреді де, қиындығы мен жетістіктерін айқындайды.

Соңғы жылдары академик А.Қ.Қошановтың ғылыми ізденіс жолында ерекше орын алатын мәселелері ол Қазақстанның инновациялық - индустриаландыруының практикасы мен теориясы болып табылады. 2012 жылы ол «Индустриалдық-инновациялық стратегия және экономикалық өсу» атты түбегейлі монография басып шығарды. Оның бұл еңбегі ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтан жоғары баға алған болатын.

Автордың бұл еңбегі дамудың шешуші кезеңінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық прогресінің тағдырын шешетін мәселелерді іске асыруға оның мүдделі екендігін аңғартады. Еңбекте үдемелі индустриализация, жаңғырту және инновациялық даму мәселелері жаңаша қойылған.

А.Қ.Қошанов халықаралық дәрежедегі ғалым, қоғам қайраткері ретінде ТМД елдерінің еуразиялық идеясы мен интеграциясы және Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттерінің тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі, ғылымның жаңа кезеңде индустриалды-инновациялық дамуындағы стратегиялық басымдылығы, республикамыздың жалпы ұлттық идеясы мен егемендігі, т.б. мәселелерге қатысты өзінің ой-пікірін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қалың жұртшылыққа кеңінен насихаттауда.

Академик А.Қ.Қошановтың ғылыми еңбектері практикалық бағыттылығымен құнды. Оның жетекшілігімен және тікелей қатысуымен Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының өзінде-ақ 200 ғылыми баяндама, республика экономикасын нарықтық қайта құрудың басты мәселелеріне қатысты ұсыныстар дайындалып, директивтік органдарға табыс етілді. Әсіресе, академик Қошановтың ғылыми жетекшілігімен және қатысуымен жүзеге асқан республика экономикасын дағдарыстан шығару және тұрақтандыру жөніндегі дағдарысқа қарсы шаралардың арнайы бағдарламаларын ерекше атауға болады.

Академик А.Қ.Қошанов жоғары білікті экономика кадрларын даярлауға бедерлі үлес қосуда. Ол 20 жылға таяу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне қарасты Экономика институтының докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі мамандырылған кеңесіне басшылық етумен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің, Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің, Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің арнаулы докторлық кеңестерінің мүшесі болды. Академиктің ғылыми жетекшілік етуімен экономика ғылымдарының 15 ғылым докторы, 60 ғылым кандидаттары даярланды. Ол – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры.

Талантты ғалым, ұстаз ретінде академик Қошановтың білікті ғылыми мектебі қалыптасты. Академиктің шәкірттері бүгінде беделді үкімет басқару, министрлік, ведомстволық басшылығында, ірі компанияларда жетекшілік етуде, бірқатары жоғары оқу орындарында, ғылыми мекемелерде, ғылым жүйесінде басшы лауазымында, профессор, доценттік дәрежеде қызмет атқаруда.

Академик А.Қ.Қошановтың ғылыми-ұйымдастырушылық және баспагерлік қызметі де сан салалы. А.Қ.Қошанов – 1994-2004 жылдары аралығында «Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы» журналының бас редакторы, Қазақ Энциклопедиясының Бас редакциясы алқасы мен 5 томдық «Көне заманнан бүгінге дейінгі Қазақстан тарихы» Бас редакция алқасының мүшесі және осы басылым авторларының бірі, «Общество и экономика» (Мәскеу), «Реформа» (Бішкек) журналдарының халықаралық кеңестерінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының «Хабаршысы», «Баяндамалары» журналдары мен тағы басқа да басылымдар редакциялар алқаларының мүшесі.

Бір кезеңде академик Қошанов Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы Ғылым қорының төрағасы, ал соңғы он жылда Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің қоғамдық ғылымдар мен гуманитарлық білім жөніндегі комиссияның мүшесі, ғылым мен техника саласында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтар беру жөніндегі комиссияның төралқа мүшесі, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар секциясының төрағасы, сондай-ақ әр жылдары өкілдікті биліктің аудандық, қалалық органдарына сайланып, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің мүшесі болды.

Академик А.Қ.Қошанов ғылым мен білімнің халықаралық дәрежеде жаһандануына байланысты Қазақстанның экономика ғылымының беделді өкілі ретінде АҚШ пен Еуропа және Азияның бірқатар елдеріндегі шетелдік ғылыми орталықтарымен тығыз байланыста, көлемді де жемісті ғылыми жұмыстар атқарып келеді. Ол экономика тарихы жөніндегі V Дүниежүзілік конгресте (1970 ж., Ленинград), Халықаралық экономикалық қауымдастықтың VII Дүниежүзілік конгресінде (1993 ж., Мәскеу) және Жапония, ГФР, Финляндия, Венгрия, Грекия, Қытай, ҚХДР (делегация жетекшісі, Израиль (үкімет делегациясының мүшесі), Англия, Франция, Малайзияда, Польшада өткен халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда баяндамалар жасап, 1974 жылы Будапешт қаласында өткен экономистердің IV Дүниежүзілік конгресі мен тағы басқа да конгрестер жұмыстарына қатысты. Англия, Жапония, Қытай, АҚШ, Швецияда ғылыми жарияланымдары жарық көрді. Шетел аспиранттарына ғылыми жетекшілік етуде.

Ғылыми және қоғамдық қызметте сіңірген айтулы еңбегі және экономика ғылымын дамытудағы үлкен үлесі үшін А.Қ.Қошанов Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Парасат» орденімен, «Еңбекте үздік шыққаны үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен, Қазақ ССР Жоғары Советі мен Қазақстан Министрлер Советінің және Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы мен Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Құрмет грамоталарымен, Білім және ғылым министрлігінің «Ғылымды дамытуға сіңірген ерекше еңбегі үшін» деген құрметті белгісімен екі мәрте марапатталды.

2004 жылы Халықаралық Кембридж өмірдерек орталығы (Англия) академик А.Қ.Қошановты ғылымды дамытудағы сіңірген еңбегі және халықаралық ғылыми топтармен тығыз байланыс жасағаны үшін «XXI ғасырдың аса көрнектізиягері» құрметті медалімен марапаттаса, Америка



өмірдерек институты мен халықаралық зерттеулер орталығы (Нью-Йорк) ғылымдағы және халықаралық ынтымақтастықтағы аса зор жетістіктері үшін «Жыл адамы 2004» құрметті атағына лайық деп тапты.

2006 жылдың тамыз айында белгілі Америкалық орталық (ABJ-USA) академик А.Қ.Қошановты халықаралық «Алтын белгісімен» марапаттады. Бұл белгі (медаль) арнайы Қазақстанның атына елінің таңдаулы азаматына халық пен мемлекет алдында айтулы еңбектері үшін белгіленген.

2009 жылы Халықаралық өмірдерек ассоциациясы (Кембридж, Англия) академик А.Қ.Қошановты «Дүниежүзілік таңдаулы 100 ғалымы» санатына енгізу туралы шешім қабылдаған.

Ал, Америка өмірдерек ассоциациясы А.Қ.Қошановты құрметті «Тәуелсіздік медалімен» және «Ар орденімен» кәсіби саладағы жетістіктері халықаралық ғылыми қауымдастықтағы үлесі үшін марапаттаған (2009 ж.).

Міне, ірі ғалым, көрнекті қоғам қайраткері, ілуде сирек кездесетін жарқын тұлға академик А.Қ.Қошановтың өмір жолы мен шығармашылығы осындай бай және мазмұнды. Ол - ғылымға жан-тәнімен берілген, бойындағы оған деген мол дарынын, қарымды қабілеті қажыр-қайратын, айтулы таланты мен тәлімді тәрбиесін, бар ықылас, ынта-жігері мен ой-ниетінезі қалаған осы бір киелі де қастерлі өмір жолында жанқиярлығымен аянбай жұмсап келе жатқан, алған бетінен таймаған, ары таза, кемеңгер жан.

А.Қ.Қошанов – өрісі кең, өресі биік ірі ғалым және көрнекті қоғам қайраткері, қамқоршы ұстаз, халқының қамын ойлайтын, сол үшін аянбай тер төгіп жүрген абзал азамат.

Академик А.Қ.Қошанов бойындағы бар зияткерлік қуат-күшін, қажыр-қайратын, жаңа ойлары мен идеяларын тәуелсіз елінің игілігіне, өркендеуіне бұдан былай да жұмсай бермек.

Елге елеулі, перзенттік парызын алға қойған азаматтық мақсатымен тынымсыз, тыңғылықты өріп, парасат биігінде тұрған академик ағамыз Аманжол Қошанов туралы айтпағымыз осы еді.

80 жасқа келген мерейтойыңыз құтты болсын, жеткен биігіңіз бен шыққан төріңіз мерекелі, берекелі болсын, Аманжол аға!